807.	корреляция разрезом скважин	ұңғыма қималарының корреляциясы
808.	котловина	қазаншұңқыр
809.	коэффициент анизотропии	анизотропия коэффициенті
810.	коэффициент битумоидный	битумтекестік коэффициенті
811.	коэффициент водонасыщенности	сумен қанығу коэффициенті
812.	коэффициент водообмена	су алмасу коэффициенті
813.	коэффициент водопроницаемости горных пород	таужыныстардың сүеткізгіштік коэффициенті
814.	коэффициент восстановления нефтепроницаемости	мұнайөткізгіштікті қалыпқа келтіру коэффициенті
815.	коэффициент выработанности запасов	қорлардың өндіріліп алыну коэффициенті
816.	коэффициент вытеснения	ығыстыру коэффициенті
817.	коэффициент вытеснения потенциальный	ығыстырудың әлеуетті коэффициенті

818.	коэффициент газонасыщенности	газға қаныққандық коэффициенті
819.	коэффициент глинистости	саздылық коэффициенті
820.	коэффициент заводнения	суайдау коэффициенті
821.	коэффициент извлечения конденсата	конденсат алу коэффициенті
822.	коэффициент карбонатности пород	таужыныстардың карбонаттылық коэффициенті
823.	коэффициент конденсатоотдачи	конденсат беру коэффициенті
824.	коэффициент конечного нефтеизвлечения	түпкілікті мұнай алу коэффициенті
825.	коэффициент конечной нефтеотдачи	түпкілікті мұнай беру коэффициенті
826.	коэффициент мономинеральности	мономинералдық коэффициенті
827.	коэффициент нефтеотдачи пласта	қабаттың мұнай беру коэффициенті
828.	коэффициент нефти пересчетный	мұнайды қайта есептеу коэффициенті
829.	коэффициент объемный	көлем коэффициенті
830.	коэффициент объемный пластового газа	қабат газының көлем коэффициенті
831.	коэффициент объемный пластовой воды	қабат суының көлем коэффициенті
832.	коэффициент объемный пластовой нефти	қабат мұнайының көлем коэффициенті
833.	коэффициент окисный	тотығу коэффициенті
834.	коэффициент открытой пустотности	ашық қуыстық коэффициенті
835.	коэффициент относительной проницаемости	салыстырмалы өтімділік коэффициенті
836.	коэффициент охвата заводнением	сумен тоғытумен қамту коэффициенті
837.	коэффициент палеогеографический	палеогеографиялық коэффициент

838.	коэффициент песчанности	құмдылық коэффициенті
839.	коэффициент продуктивности осадочных отложений	шөгінді түзілімдер өнімділігінің коэффициенті
840.	коэффициент продуктивности скважин	ұңғыма өнімділігінің коэффициенті
841.	коэффициент проницаемости породы	таужыныстың өткізгіштік коэффициенті
842.	коэффициент пьезопроводности	пьезоөткізгіштік коэффициенті
843.	коэффициент разгазирования нефти	мұнайдың газдан арылу коэффициенті
844.	коэффициент растворимости газа в нефти	газдың мұнайда еру коэффициенті
845.	коэффициент расчлененности	бөлшектену коэффициенті
846.	коэффициент сжимаемости газа	газдың сығылғыштық коэффициенті
847.	коэффициент сжимаемости жидкости	сұйықтың сығылу коэффициенті
848.	коэффициент сжимаемости нефти	мұнайдың сығылғыштық коэффициенті
849.	коэффициент сжимаемости породы	таужыныстың сығылғыштық коэффициенті
850.	коэффициент теплового расширения нефти	мұнайдың жылумен ұлғаю коэффициенті
851.	коэффициент теплового расширения пластовой воды	қабат суының жылулық ұлғаю коэффициенті
852.	коэффициент трещиноватости	жарықшақтылық коэффициенті
853.	коэффициент упругого расширения воды	судың серпімді ұлғаю коэффициенті
854.	коэффициент упругого расширения газа	газдың серпімді ұлғаю коэффициенті
855.	коэффициент упругого расширения нефти	мұнайдың серпімді ұлғаю коэффициенті

856.	коэффициент упругости пласта	қабаттың серпімсіымдылық коэффициенті
857.	коэффициент упругости воды	судың серпімділік коэффициенті
858.	коэффициент фильтрации	сүзілу коэффициенті
859.	коэффициенты гранулометрические	түйірөлшемдік коэффициенттер
860.	край соляной залежи	тұз жатынының шеті
861.	край материковой отмели	материк қайраңының шеті
862.	край шельфа	қайраң шеті
863.	кратность запасов	қорлар еселігі
864.	кратон (геол.)	кратон (геол.)
865.	кремнезём	кремнезем
866.	кремнистый доломит	кремнийлі доломит
867.	крепление скважин	ұңғыманы бекіту
868.	кривая батиметрическая	батиметриялық қисық
869.	кривая бокового каротажного зондирования	бүйірлік-каротаждық зондтау қисығы
870.	кривая восстановления забойного давления	кенжар қысымын қалпына келтіру қисығы
871.	кривая компрессионная	компрессиялық қисық
872.	крип	крип
873.	кристаллический фундамент	кристалды іргетас
874.	критерий нефтегазоносности гидрогеологические	мұнайгаздылықтың гидрогеология өлшемшарттары
875.	критерий окислительно-восстановительного режима	тотығу-тотықсыздану режимі өлшемшарттары
876.	критерий поисковые	іздеу өлшемшарттары
877.	крыло складки	қатпар қанаты
878.	купол соляной	тұзкүмбез
879.	летоисчисление геологическое	геологиялық жылсанақ
880.	лигроин	лигроин
881.	лидиты	лидиттер
882.	линеамент	линеамент

883.	линейность	сызықтық
884.	линия геологического профиля	геологиялық қима сызығы
885.	линия корреляции	корреляция сызығы
886.	линия разведочная	барлау сызығы
887.	липоиды	липоидтар
888.	литификация	литификаттану
889.	литогенез	литогенез
890.	литостатическое равновесие	литостатикалық тепе-теңдік
891.	люминоскоп	люминоскоп
892.	макронеоднородность	макроэртектілік
893.	макроскладка	макроқатпар
894.	макротвердость	макроқаттылық
895.	макротрещины	макрожарық
896.	мальта (нефть)	мальта (мұнай)
897.	масла минеральные	минерал май
898.	массив срединный	орталық массив
899.	материальный баланс нефтеобразования	мұнайтүзілудің материалдық балансы
900.	мезозона	мезоаймақ
901.	мергель	мергел
902.	месторождение нефтегазоконденсатное	мұнайгаз конденсат кенорны
903.	месторождение однопластовое	бірқабатты кенорны
904.	месторождение складчатой области	қатпарлы аймақ кенорны
905.	метагенез	метагенез
906.	метаморфизм	метаморфизм
907.	модуль объемной упругости	көлемдік серпімділік модулі
908.	нафтиды	нафтид
909.	начальные извлекаемые запасы	бастапқы алынатын қор
910.	нефтеперерабатывающая промышленность	мұнай өңдеу өнеркәсібі

911.	нефтепродукты	мұнай өнімдері
912.	нефтехимическая промышленность	мұнайхимия өнеркәсібі
913.	нефтехимические продукты	мұнайхимиялық өнімдер
914.	нефтехимия	мұнай химиясы
915.	нефтяная залежь	мұнай жатыны
916.	нефтяная эмульсия	мұнай эмульсиясы
917.	нефтяное месторождение	мұнай кенорны
918.	нефтяное сырье	мұнай шикізаты
919.	нефтяной газ	мұнай газы
920.	нефтяные попутные газы	мұнай ілеспе газдары
921.	нефтяные фракции	мұнай фракциялары
922.	нижняя зона подземных вод	жерасты суларының төменгі аймағы
923.	обменные волны	ауыспалы толқындар
924.	обогреваемая камера	қыздырылатын камера
925.	оборудование устья скважины	ұңғыма сағасы жабдықтары
926.	обработанная кислота	өңделген қышқыл
927.	обработка пенами	көбікпен өңдеу
928.	обработка проб	сынамаларды өңдеу
929.	образование радикалов	радикалдардың түзілуі
930.	обратимый процесс	қайтымды үдеріс
931.	обсадная колонка	шегендеу құбыры
932.	общая геологическая съемка	жалпы геологиялық түсірілім
933.	оптимальный режим бурения	бұрғылаудың оңтайлы режимі
934.	оптические свойства нефти	мұнайдың оптикалық қасиеті
935.	опытнопромышленные установки	тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғылар
936.	органические растворители	органикалық еріткіштер
937.	ороген	ороген
938.	основные компоненты	негізгі құрамбөліктер
939.	осушка газа	газды құрғату
940.	отделение попутного газа	ілеспе газды бөлу

941.	отложение солей	тұздар шөгіндісі
942.	отраженная волна	шағылысқан толқын
943.	параклазы	параклаздар
944.	парамагнетизм битума	битумның парамагниттілігі
945.	парамагнитные центры	парамагниттік орталықтар
946.	парафинистые отложения	парафиндік шөгінділер
947.	парафиновые соединения	парафинді қосылыстар
948.	парафиновые углеводороды	парафинді көмірсутектер
949.	парафиносмолистые отложения	парафиншайырлы шөгінділер
950.	патентные данные	патенттік мәліметтер
951.	пенеплен	пенеплен
952.	первичная переработка	біріншілік өңдеу
953.	первичные процессы	біріншілік үдеріс
954.	песчаный доломит	кұмтасты доломит
955.	плазменная обработка	плазмалық өңдеу
956.	поддержание пластового давления	қабат қысымын ұстау
957.	подземный газ	жерасты газы
958.	подземный ремонт скважины	ұңғыманы жерасты жөндеу
959.	подошва пласта	қабат табаны
960.	подошвенная вода	табандық су
961.	подсолевая вода	тұзасты суы
962.	поиск нефти	мұнай іздеу
963.	поиски месторождений	кенорындарын іздеу
964.	поисково-разведочные работы	іздеу-барлау жұмыстары
965.	полярная диаграмма трещинной проницаемости	жарықшақ өткізгіштігінің полюстік диаграммасы
966.	пористая масса	кеуекті масса
967.	пористая структура	кеуекті құрылым
968.	пористая структура пласта	қабаттың кеуекті құрылымы
969.	пористость абсолютная (общая, полная)	абсолют кеуектік

970.	пористость горной породы	тау жыныстарының кеуектігі
971.	пористость общая	жалпы кеуектік
972.	пористость открытая (коэффициент открытой пористости)	ашық кеуектік (ашық кеуектік коэффициенті)
973.	пористость полная	толық кеуектік
974.	пористость трещинная	жарықшақтық кеуектік
975.	поровая вода	кеуек суы
976.	предельные углеводороды	қаныққан көмірсутектер
977.	проба газа	газ сынамасы
978.	производные карбоновых кислот	карбон қышқылының туындылары
979.	производные сульфокислот	сульфоқышқылдар туындылары
980.	псаммит	псаммит
981.	псефит	псефит
982.	разведанные запасы	барланған қорлар
983.	расход скважины	ұңғыма шығымы
984.	расширение горной породы	таужынысын кеңейту
985.	расширение растворенного газа	ерітілген газды кеңейту
986.	сапропелит	сапропелит
987.	сейсмический луч	сейсмикалық сәуле
988.	система поисков и разведки залежей	жатындарды іздеу және барлау жүйесі
989.	система разведки	барлау жүйесі
990.	система размещения скважин	ұңғымаларды орналастыру жүйесі
991.	скорость бурения	бұрғылау жылдамдығы
992.	смолы	шайырлар
993.	смолы ископаемые	қазба шайырлар
994.	смолы нейтральные	бейтарап шайырлар
995.	смолы пиролиза	пиролиз шайырлары
996.	смолы силикагелевые	силикагелді шайырлар
997.	смолы спирто-бензоловые	спиртті-бензолды шайырлар
998.	соединения нефти азотистые	азотты мұнай қосылыстары

999.	соединения нефти кислородные	оттекті мұнай қосылыстары
1000.	соединения нефти сернистые	күкіртті мұнай қосылыстары
1001.	соединительная муфта	қосқыш муфта
1002.	сопутствующие газы	ілеспе газдар
1003.	средняя зона подземных вод	жерасты суларының ортаңғы аймағы
1004.	стандартная свободная энергия	стандартты бос энергия
1005.	твердые топлива	қатты отындар
1006.	тектогенез	тектонгенез
1007.	тектоносфера	тектонсфера
1008.	текущие запасы	ағымдағы қорлар
1009.	теория литогенеза	литогенез теориясы
1010.	тиоспирты (меркаптаны)	тиоспирттер (меркаптандар)
1011.	транзитная система перекачки	айдаудың транзиттік жүйесі
1012.	транспорт газа	газ тасымалы
1013.	транспорт нефти	мұнай тасымалы
1014.	третичные амины	үшіншілік аминдер
1015.	третичный алкил	үшіншілік алкил
1016.	трехколонная конструкция скважины	ұңғыманың үшбағанды конструкциясы
1017.	трехмерные полимеры	үшөлшемді полимерлер
1018.	трещинно-жильная вода	жарықшақ-желілік су
1019.	трещиноватые породы	жарықшақ тау жыныстары
1020.	трещины	жарықшақтар
1021.	углеводородная цепь	көмірсутек тізбегі
1022.	углеводороды ароматические	ароматты көмірсутектер
1023.	углеводороды бензольные	бензол көмірсутектері
1024.	углеводороды нефти	мұнай көмірсутектері
1025.	фотохимическое галогенирование	фотохимиялық галоидтау
1026.	химический состав	химиялық құрам
1027.	химические методы удаления	химиялық жою әдістері

«ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қарлығаш ҚАБАЙ*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Астана қаласында Ә. Қайдар мен Р. Сыздықтың 100 жылдығына орай «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Ғылыми басқосу Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешовтің кіріспе сөзімен басталды. Ол түркі тілдерінің бірізді терминқорын жасау бұдан жүз жыл бұрын Ахмет Байтұрсынұлының кезінде басталғанын алға тарта отырып, бұл мәселенің қазіргі таңда да маңызды, өзекті екендігін айтты. Техника мен технологияның, жаңа халықаралық сөздердің қолданысқа енуі бұл салада үздіксіз дамудың, толықтырудың қажет екендігін көрсетеді. Ал жаһандану дәуірінде түркі тілдерінің тұтастығын сақтап қалу үшін ғалымдардың, түрлі сала мамандарының бірігуінің маңызын тілге тиек ете отырып, Ербол Ердембекұлы конференция отырысына сәттілік тіледі.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ғылым жөніндегі вице-президенті, ҚРҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы түркі терминологиясын тіларалық біріздендіру мәселелеріне тоқталды. «Түркі тілдері арасында ортақтық пен үйлесім азайып, алшақтық ұлғайып барады. Әр ұлт өз алдына термин жасай берсе, тілдік ұқсастығымыз ажырайды. Сондықтан түркі тілдері арасында тіларалық, халықаралық біріздендіруді қолға алып, электронды база жасау керек. Ал бұл мәселе ортақ, халықаралық ұйым не жауапты мекеме құрмай шешілмейді», – деген ұсынысын жеткізді.

Ал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі, профессор Наджи Генч техникалық терминдер сөздігін әзірлеу әдістерімен бөлісті. Ол бекітілген терминді қолданысқа енгізуді мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарындағы салалық кітаптардан бастау керектігін алға тартты.

Халықаралық конференцияда ф.ғ.д., профессор Саялы Садықова (Әзербайжан), ф.ғ.д. Мұрадқасым Әбдиев (Өзбекстан), ф.ғ.д., доцент

* Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология зерттеу институты ғылыми қызметкері, Орду университеті Ғылым және әдебиет факультеті Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің докторанты

Хусейн Йылдыз бен ф.ғ.д., доцент Абдулкадир Өзтүрк (Түркия), ф.ғ.д. Гүлназ Ягафарова (Уфа), ф.ғ.к. Ольга Галимова (Татарстан), профессор Исмайыл Қадыров (Қырғызстан) пен отандық ғалымдар түркі тілдеріндегі терминжасамның дамуы мен қазіргі үдерістері жайында баяндама жасады. Ғалымдар жаһандану кезеңіндегі түркі тілдері терминологиясының жай-күйі, ұлттық терминологиялық жүйені жетілдіру мен біріздендіру мәселелерін талқылады. Саламамандары түркі терминологиясы базасын қалыптастырудың, толықтырудың өзекті мәселелеріне тоқталып, салалық терминдердің түркі тілді мемлекеттерде игерілу деңгейін жан-жақты қарастырды. Тамыры бір түркі тілдеріндегі шеттілдік терминдерді аударудағы тиімді, жаңа әдістерді зерделеу арқылы өзара тәжірибе алмасты. Конференция материалдарының ішінен қазақ тіліне аударылған бірнеше мақала төменде беріліп отыр.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ТАТАР ТІЛІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

DEVELOPMENT OF THE TATAR LANGUAGE TERMINOLOGY IN THE 21st CENTURY

Ольга ГАЛИМОВА*

Аңдатпа

Мақалада әскери, биологиялық және компьютерлік терминдер жүйесін мысалға алына отырып XXI ғасырдағы татар тілі терминологиясының дамуы қарастырылады. Терминологиялық сөздіктердегі ақпарат көлемі жыл сайын артып келе жатқаны анықталды. Бұған сөздіктердің көп тілді болуы, тіркелген терминдер санының өсуі, түсіндірмелер мен қосымша ақпараттың енгізілуі ықпал етеді. Татар тілінің терминологиялық қоры төл термин жасау және кірме терминдерді қабылдау процестері нәтижесінде белсенді түрде толығып жатқаны анықталды.

Кілт сөздер: татар тілі, терминология, терминологиялық сөздіктер, кірме және калькаланған терминдер.

Abstract

The article on the example of military, biological, computer terminological system examines the development of the Tatar language terminology in the 21st century. It has been established that the amount of information in terminological dictionaries is growing every year, which is facilitated by the multilingualism of dictionaries, an increase in the number of fixed terms, the inclusion of interpretations and other information. It was revealed that the terminological fund of the Tatar language is actively replenished due to the processes of primordial term formation and borrowing.

Key words: The Tatar language, terminology, terminology dictionaries, borrowed and traced terms.

Кіріспе

Белгілі болғандай, терминология мәселелері бүгінде тіл білімінде ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады [40; 145–146]. В.И. Сифоров пен Т.Л. Канделакидің терминология мәселелері тек ұлттық-тарихи мәселе ғана емес,

* Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, Olga_n_77@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2316-2611

сонымен қатар дүниежүзілік ғылым тарихы, адамзат өркениеті тарихы және халықтар арасындағы өзара түсіністікті іздеу жолдарына қатысты халықаралық мәселе болып табылатынын айтады [35; 47]. Еуропа кеңесі терминологияны тіпті ХХІ ғасырдың негізгі проблемасы ретінде таниды [44; 140].

Жаһандану мәселелеріне байланысты терминологияны ұлттық және жаһандық деңгейде дамыту процестеріне назар аударылады. Татар ғалымы М. Хайруллин жаһандану мен халықаралық терминологияның дамуын зерттей отырып, жаһанданудың татар тіліне кері әсерін тигізетінін, сонымен қатар халықаралық терминдердің тілге енуіне жол бермеу мүмкін еместігін атап өтеді. Екінші жағынан, терминдердің көптеген тілдер үшін ортақ болуы белгілі бір дәрежеде пайдалы әрі қажетті факт деп есептейді [47; 44, 46].

Терминологияны ұлттық деңгейде дамыту дегеніміз – ғылымның барлық салаларында ұлттық терминология қалыптастыру дегенді білдіреді [44; 140].

«Татар тіліндегі салалық терминология өз ұлттық дәстүрлері негізінде қалыптасқан» [41; 271]. Оның терминологиялық сөздіктер жасауда да бай тәжірибесі бар. Алғашқы терминологиялық сөздіктердің Қ. Насыйри есімімен байланысты екені белгілі. 1890 жылы оның *«Истиляхате жәғғрафия»* («География терминдері») атты еңбегі басылып шыққан. Сонымен қатар, 1892 жылы шыққан *«Русиа-татарша лөгат»* («Орысша-татарша сөздік») еңбегіне қосымша ретінде ғылым терминдері мен кірме сөздердің сөздігін де ұсынған.

1894 жылы жарық көрген *«Гөлзар вә чәмәнзар, яғъни үләнлек вә чәчәклек»* («Шөптер мен гүлдер бақшасы») кітабында «аталған өсімдіктердің орысша және латынша атауларының» сөздігі берілген. Ғалым терминологияны татар тілі негізінде дамыту, халықтың ана тілі сөздерін термин ретінде пайдалану қажеттігін дәлелдеп, өз еңбектерінде татар сөздерін термин ретінде қолдану мүмкіндіктерін көрсеткен.

Қ. Насыйридың осы салада бастаған жұмысы туралы көптеген еңбектерде жан-жақты жазылған [46; 101, 11:41; 271–272: 14; 179–180].

Татар терминологиясының дамуында екі өрлеу кезеңін көрсетуге болады: 1) ХХ ғасырдың 20–30-жылдары; 2) ХХ ғасырдың 90-жылдары. Әр екі жағдайда да қозғаушы күш ретінде экстралингвистикалық факторлар әрекет етеді. Мысалы, ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы даму «Татарстан Конституциясында татар тілінің мемлекеттік тіл ретінде белгіленуі, оның қоғамда қолдану аясын кеңейту, ұлттық сананың өсуі, қоғамның демократиялануы, ұлттық мектептердің дамуы, жоғары оқу орындарында пәндерді татарша оқыта бастау және жалпы ұлттық білім беру жүйесіндегі өзгерістер, сондай-ақ «Татарстан Республикасы халықтарының тілдерін сақтау, үйрену және дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама» қабылдануымен [41; 271] байланысты болған.

Бұл жылдары ғалымдардың мәліметінше, 15-тен астам сөздік жарық көрген [14; 186–187]. Бұл өрлеу ХХІ ғасырда да жалғасын тапты: 2000-жылдардың басында шыққан сөздіктер сол даму процесінің нәтижесі болып табылады.

ХХІ ғасыр – ғылымдардың жедел дамыған, интернет желісін кең көлемде пайдаланатын, ақпарат алмасудың артқан дәуірі. Бұл, өз кезегінде, терминологияға да әсер етті. Қазіргі кезеңдегі терминология дамуының айқын ерекшелігі — оның қарқынды өсуінде. Ғылымдардың ұсақ салаларға тармақталуы, бір немесе бірнеше ғылым тоғысында жаңа салалардың пайда болуы қазіргі салалық терминдердің өзіндік дара түрде қалыптасуына алып келуде.

Жаңашылдықтар жаңа терминологиялық сөздіктер құруды, жеке ғылымдардың сөздіктерін жаңартуды, пайда болған жаңа атауларды жинақтап, жүйелеуді талап етеді. Сонымен қатар, «2014–2022 жылдары Татарстан Республикасының мемлекеттік тілдері мен басқа да тілдерін сақтау, үйрену және дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстарды басып шығару терминологияны жүйелеуге және дамытуға елеулі үлес қосты.

Бүгінгі таңда татар тілінде 20-дан астам ғылым және шаруашылық саласы бойынша терминологиялық сөздіктер құрастырылған (сызбаны қараңыз).

Татар тіліндегі терминологиялық сөздіктер (ғылым салалары бойынша) төмендегідей салаларды қамтиды:



ХХІ ғасырда сөздік терминологиясы тіркелген, бірақ жылдар бойы даму мен өзгерістерге ұшыраған, байыған ғылыми салалардың атауларын да, ғылымның жаңа тармақтары атауларын да жинайды. Мысалы, математика терминдері

алғаш рет «Орысша-татарша атаулар сөздігі: физика, математика, астрономия бойынша» (1931) сөздігінде берілген, одан кейін Х. Халиков, И. Алексеева, З.Ишаевтың «Элементар математика терминдері жинағы» (1935), И. Алексеева, Х. Халиковтың «Орысша-татарша математикалық терминдер сөздігі» (1949), В.З. Закиров, З.Г. Мортазинның «Орысша-татарша математикалық терминдер сөздігі» (1970), авторлар ұжымы жасаған «Математикадан орысша-татарша анықтамалы сөздік» (1997) және «Математикалық терминдердің орысша-татарша анықтамалы сөздігі» (2013), Л.Л. Салехова, Н.К. Тұқтамышовтың «Математика: орысша-татарша-ағылшынша терминологиялық сөздігі» (2014) тіркелген. Биология терминдерін М. Қорбан редакциясында шыққан «Табиғат және биология терминдері» (1935), авторлар ұжымы жасаған «Орысша-татарша биология терминдері сөздігі» (1972, 1985), «Биологиядан орысша-татарша анықтамалы сөздік» (1998), сондай-ақ «Табиғат әліппесі» сериясында 6 кітап болып шыққан «Орысша-татарша, татарша-орысша биология терминдері сөздіктері» (1996–2001), Г. Саберованың «Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігі» (2002) және Э. Сафиананың «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» (2018), О. Галимованың «Балық атауларының татарша-орысша-латынша анықтамалы сөздігі» (2019), И. Сабитова мен Г. Саберованың «Өсімдік атауларының татарша-орысша анықтамалы сөздігін» (2020) табуға болады. Соңғы сөздіктер оқырманға биология ғылымының арнайы тармақ атауларын ұсынады.

Ғылымның жаңа салаларының терминдерін жинақтап, ХХІ ғасырда басылып шыққан сөздіктер арасында төмендегілерді айтуға болады: Ж.Сөлейманов, Ә.Ғалимжановтың «Информатика бойынша орысша-татарша сөздігі» (2001), Ж. Сөлейманов, Ә. Ғалимжанов, М. Вәлиевтің «Информатика және ақпараттық технологиялар терминдері: ағылшынша-татарша-орысша анықтамалы сөздігі» (2006), А.Ә. Тимерханов, Ф.И. Таһирова, Р.Т.Сәфәровтың «Ағылшынша-орысша-татарша компьютер терминдері сөздігі» (2015); Ф.Хәкимжанов, Р. Шакиржанов, З. Хәбилова, М. Минһажевтің «Орысша-татарша мұнай өнеркәсібі сөздігі» (2004); Т. Якуповтың «Орысша-татарша биохимиялық атаулар сөздігі» (2000), М. Ғиләжев, С. Мортазина, Ф.Ғаффарованың «Агрехимия және топырақтану терминдерінің орысша-татарша анықтамалы сөздігі» (2003); Н. Ғарифуллиннің «Менеджмент: Орысша-ағылшынша-татарша анықтамалы сөздігі» (2010), «Кәсіпкерлік, менеджмент, маркетинг және сауда ісі: Орысша-ағылшынша-татарша анықтамалы сөздігі» (2006, 2014).

ХХІ ғасыр сөздіктері туралы сөз болғанда, татар халқының көне кәсібі (егіншілік, мал шаруашылығы, тоқымашылық, тігіншілік, арашы, теміршілік,

зергерлік, құрылыс жұмыстары, оқу-оқыту, сауда-саттық, киіз етік басу, шал байлау және басқа да) салаларымен байланысты атауларды жинақтаған сөздіктерге де үлкен назар аударылып жатқанын айту қажет. «Көптеген халықтарға бұл кәсіптердің белгілі болуы, оларға қатысты кәсіби лексиканың түсініктілігі оның терминологиясын жалпы халық лексикасына жақындатқан» [41; 271]. Бүгінгі күні осы топтағы атаулардың сирек қолданылатыны байқалады, сондықтан оларды сөздіктерге тіркеп қою қажеттілігі туындайды. Р.К. Рәхимованың экспедицияларда жүріп, татар тілдері арасында жинап, зерттеп құрастырған «Татар зергерлік кәсібінің лексикасы мен сөздігі» (2002), «Татарша-орысша тоқымашылық және тігіншілік атаулары сөздігі» (2018) [21, 22] осы мақсатқа қызмет етеді.

Жалпы алғанда, ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде басылған терминологиялық сөздіктердің саны, біздің есептеуіміз бойынша, 30-дан астам болады. Олардың арасында үш тілде жасалған түсіндірмелі сөздіктер де бар. Бұл сөздіктердің пайдаланушыға көбірек және толық ақпарат беретінін көрсетеді.

Терминологияның даму бағыттарын анықтау үшін, енді қалыптасып келе жатқан терминология, әдетте, «ескі» терминологияның даму кезеңдерін қайталайды деп айтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, құрамында бабалық терминдер, яғни прототерминдер көп болатын әскери терминология мен биология терминологиясы, әсіресе оның зоология саласы, салыстырмалы түрде жаңа болған компьютер терминологиясы қарастырылды. Бұл әртүрлі уақытта пайда болған терминдік жүйелердің қазіргі даму кезеңіне тән ортақ және ерекшелік тұстарын айқындауға, сондай-ақ терминология дамуының жалпы тенденцияларын анықтауға көмектеседі.

Салыстыру үшін әртүрлі жылдары шыққан бірдей салалық атаулар сөздіктеріне назар аударылды. Мысалы, «Қысқаша орысша-татарша әскери терминдер сөздігі (толмач)» (1926) сөздігінде 1860-тан астам термин және терминологиялық сөз тіркестері, Р. Мұғиновтың «Орысша-татарша әскери терминдер сөздігі» (2000) сөздігінде 8000-нан астам бірлік, Р. Сафаровтың «Татарша-орысша әскери лексика сөздігі» (2000) сөздігінде 1000-нан астам сөз берілген. Сан жағынан алғанда үшінші сөздікте артықшылық жоқ, бірақ ол татар халқының мақал-мәтелдерінде, ескі әдебиетте, тарихи романдарда кездесетін әскери сөздерді жинақтауымен ерекшеленеді. Бұл еңбекте ғана, мысалы, «арсенал» сөзінің қайнар көздердегі қару-жарақ қоймасы баламасын, «арьергард» сөзіне сәйкес келетін татар дастандарында кездесетін «аркавыл» сөзін, «жауынгерлік айқай» мағынасына ие «әвер» сөзін табуға болады.

Орыс тіліндегі «разведка» (барлау) сөзінің баламалары ретінде авторлар орыс тілінен алынған «разведка», татар тілінің өз құралдары арқылы жасалған

«күзетшілік» сөздерін ұсынады. «Қысқаша орысша-татарша әскери терминдер сөздігі (толмач)» (1926) еңбегінде «мишень» сөзінің татар тіліндегі баламасы көрсетілмейді, ал Р. Мұғинов пен Р. Сафаровтың сөздіктерінде "мәрә"/"мәрәй" сөздері беріледі. Бұл татар тілінің өз тіл байлығы, ежелден сақталып қалған лексемалардың зерттелуі, жалпы терминологияның көптеген аспектілерін қарастыру нәтижесі болып табылады.

Әскери терминологияда шетел сөздерінің көлемі аз емес. Татар тілінің әскери лексикасын терең зерттеген Р. Сафаров орыс және еуропа кірме терминдерінің XVIII–XIX ғасырдың басында, ал араб және парсы кірме терминдерінің X ғасырдың басында енгенін, ең көне кірме терминдердің қытай мен ежелгі парсы тілдеріне жататынын айтады [31; 90-91]. Бүгінгі күні де әскери терминологияда, экстралингвистік факторларға байланысты, кірме терминдердің саны артатыны байқалады, олар да татар тілінің сөздіктеріне кірген. Мысалы, тілге енген "дрон", "коптер", "квадрокоптер" және басқа сөздер. Бұқаралық ақпарат құралдарында сондай-ақ *пилотсыз очкыч* "пилотсыз ұшақ", *пилотсыз квадрокоптер* "пилотсыз квадрокоптер", *пилотсыз очу аппаратлары* "пилотсыз ұшу аппараттары", *пилотсыз очу системасы* "пилотсыз ұшу жүйесі" сөз тіркестері қолданылады [20].

Биология терминологиясы күрделі жүйені құрайды және көптеген терминдерді біріктіреді. Татар терминологы Ф. Фасеев осы саланың объектілерінің көптігі жұмысты қиындататынын, дайын терминдерді табу мүмкін еместігін, сондықтан кірме терминдерді қабылдап, калькалар жасау қажеттігін айтады. Бұл салада терминдерді тәртіпке келтіру және биологиядағыдай нақты ғылыми унификация қажет екенін атап өтеді, оның практикалық маңызының үлкен екеніне баса назар аударады. Ғалым татар терминологиясы туралы еңбегін XX ғасырдың 60-жылдарында жазған. Мұнда ол бұрын шыққан сөздіктерді талдай отырып, орысша-татарша қарапайым аударма сөздігінің жетіспейтінін, ал орысша-латынша-татарша түсіндірмелі және суретті сөздіктердің қажеттігін айтады. Ф. Фасеевтің татар тіліндегі биологиялық терминологияны унификациялау жөніндегі берген бағыты бүгін де маңызды болып табылады және соңғы жылдары шыққан сөздіктерде жүзеге асырылуда.

Айтқанымыздай, биология терминдері сөздіктері көп. Оларда терминдердің саны төмендегідей өзгеріп отырады: «Табиғат және биология терминдері» (1935) сөздігінде 5250-ге жуық атау тіркелген, «Орысша-татарша биология терминдері сөздіктерінде» (1972, 1985) 6700 шамасында атау, «Биологиядан орысша-татарша түсіндірмелі сөздікте» (1998) 10 000-ға жуық атау бар. Бұл сөздіктерде биологияның әртүрлі бөлімдеріне қатысты терминдер мен терминологиялық сөз тіркестері тіркелген, ал «Табиғат әліппесі» сериясында

шыққан «Орысша-татарша, татарша биология терминдері сөздіктерінде» (2001) жеке бөлімдердің – ихтиология, герпетология, орнитология терминдері жинақталған. Балықтар, жер-суды мекендейтін жануарлар, жылантәрізділер кітабында 1000-нан астам атау, (оның 500-ден астамы ихтионим), құстар кітабында 1400-ден астам атау келтірілген (оның 1200-ден астамы орнитоним). 2018 және 2019 жылдары шыққан Э. Сафинаның түзген «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігіне» және О. Ғалимова түзген «Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігіне» 1700-ден астам орнитоним және 1800-ден астам ихтионим жиналған. Бұл сөздіктердің татар тіліндегі терминологиясы үшін маңызы тағы да сол: оларда классификация терминдері (отряд, тұқымдас, туыс атаулары) жүйеленіп берілген, ал бұл салада татар тілінде шатасулар байқалған еді, диалектілерде қолданылған атаулар терминдер категориясында көрсетілген (барлығы 279 диалектизм; 113 – диалектілік орнитоним, 166 – ихтионим), осылайша диалектілік атаулар жеке бөлініп көрсетілген. Жалпы, айтылған екі сөздікке 3500-ден астам зоология термині жиналған.

Өсімдік атаулары сөздіктерінде де терминдердің санының артуы байқалады: Г. Саберованың «Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігінде» (2002) 1700 сөз болса [43], И. Сабитова мен Г. Саберованың «Өсімдік атауларының татарша-орысша түсіндірмелі сөздігінде» (2020) 1900 сөз берілген [29] (кестені қараңыз).

Осылайша, 2018–2020 жылдары шыққан үш сөздікте биологияның бірнеше саласынан 5400-ге жуық атаулар жүйеленіп берілген. Сондай-ақ, бұл сөздіктер ғылымның белгілі бір салаларының атауларын тереңдетіп зерттеу нәтижесінде құрастырылғанын да айта кеткен жөн.

Бірліктер саны	Сөздік атауы
5250	«Табиғат және биология терминдері» 1935
6700 шамасы	«Орысша-татарша биология терминдері сөздігі» 1972
6700-ден астам	«Орысша-татарша биология терминдері сөздігі» 1985
10 000	«Биологиядан орысша-татарша түсіндірмелі сөздік» 1998
1400	«Табиғат әліппесі. Құстар» 2001
1700	«Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» 2018
1 000	«Табиғат әлифбасы. Балықтар. Қосмекенділер. Жорғалаушылар» 2001
1800	«Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігі» 2019

1700	«Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігі» 2002
1900	«Өсімдік атауларының татарша-орысша түсіндірмелі сөздігі» 2020

Сөздіктерде терминдердің көбеюі күтілген құбылыс, өйткені ғалымдардың айтуынша, жаңа объектілерді атау үшін тілде жаңа сөздер күн сайын пайда болады немесе таныс сөздер жаңадан қолданыла бастайды. Зерттеулер көрсеткендей, жаңа сөздердің бір бөлігі кірме терминдерден тұрады. Мысалы, балықшылық лексикасында кірме атаулар 41%-ды құрайды, сондай-ақ татар орнитологиялық лексикасында да кірме терминдер айтарлықтай көп. Шет тілдерден алынған сөздер, әдетте, жаңа құбылыстарды, заттарды немесе татар халқына әлі таныс емес жаңа жануар түрлерін атауға пайдаланылады. Мысалы, «Табиғат әліппесі» сериясынан шыққан сөздіктерде ауха, вырезуб, палия, луфарь, лялиус сияқты атаулар тіркелген болса, «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» мен «Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігі» кітаптарында кариама, зонострихия, люрик, якана, юнко, бишир, дианема, дискус, дорас, уару сияқты атаулар ұсынылған. «Tatarica онлайн-энциклопедиясында» да жануарлар туралы жазғанда көптеген шет тілдерден алынған сөздер пайдаланылады (моноплакофор, ахатина, вальват, монодакна), бірақ олар әлі сөздіктерге тіркелмеген [7; 1689].

Зоология терминдерінде де атаулардың орыс тілінен калькалануы жиі кездеседі. Мысалы, лягушкорот – *бакаавыз*, кулик-сорока – *шөлди-саескан*, бананоед – *бананашар*, остронос – *очлыборын*, синеглазка – *зәңгәркүз*, львиноголовка – *арысланбаш* сияқты атаулар тіркелген. Сонымен қатар, зоонимдердің түр компонентімен жасалуы да байқалады: *нурбалык*, *зебра балык* [6;100, 61], *атбалык* [2; 23], *ташучы кош*, *үлән шөлди* [33; 136, 141] сияқты атаулар да кездеседі. Бұл әдіс зоология терминдерін жасауда өнімді болып келеді.

Екінші жағынан, татар әдеби тілінде бұрыннан қолданылып келген сөздердің терминологиялық мағына алуы, диалектизмдердің терминологиялық жүйеге кіріп кетуі де байқалады. Мысалы, араб тілінен алынған *былбыл* сөзі әдебиетте "*сандугач*" мағынасында және сүйікті адамға арналып қолданылатын сөз ретінде пайдаланылып келген. «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» бойынша, ол «былбыл құстар отбасынан сойыршақ үлкендіктегі шағын ғана сайрағыш құс» мағынасында және орысша "бюльбюль" орнитонимінің эквиваленті ретінде беріледі. *Мелтәй* диалектизмі *менәк* сөзін алмастырады. Бұлар туған тілдің лексикалық байлығын пайдаланудың айқын көрінісі болып табылады.

Зоология терминологиясында жануарлар атауларының қабаттары бүгінгі

таңда жаңа түрлердің атаулары есебінен де кеңейіп жатыр. Олар екі не одан да көп компоненттен тұрады. Мысалы, «Табиғат әліппесі» сериясындағы орысша-татарша терминологиялық сөздіктерде *ләкләк* сөзі астында ақ ләкләк, Шығыс Азия ләкләғы, үлкен тұмсықты ләкләк, ашық ауызды ләкләк, қара ләкләк, ал *ақула* сөзі астында алып ақула, кит тәрізді ақула, тікенекті ақула, мойынды ақула, плащты ақула, поляр ақуласы, қарапайым ақула деген атаулар берілген. «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» (2018) шығарылымында *ләкляк* сөзі астында Африка ашық ауызды ләкләғы, кит бастық ләкләк, король ләкләғы, марабу ләкләғы сияқты орнитонимдер, ал «Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігі» (2019) басылымында ақула сөзі астында зебра ақуласы, қара ауызды ақула, жеті саусақты ақула, аллигатор ақуласы, кішкентай ақула, күрек ақула сияқты ихтионимдер көрсетілген [6; 15–22].

Информатика және компьютер технологиялары терминологиясы – жаңа қалыптасып келе жатқан терминологиялардан бірі. Дегенмен, компьютер дәуірі болғандықтан, жаңа болуына қарамастан, бүгін пайда болған терминдер тез арада тілге еніп, татар тілді қолданушылар тарапынан белсенді түрде қолданылуда. Мамандардың айтуынша, компьютер технологиялары мен информатика терминологиясы татар тілінде 1990-жылдары қалыптаса бастады. Осы жылдары алғашқы татар редакторлары, мәтін корректорлары, морфологиялық талдаушылар, мамандардың татарша-орысша интерфейсті автоматтандырылған жұмыс орындары пайда болды [37; 61]. Бұл арнайы атауларды жасау, жүйелендіру мәселесін көтерді.

Татар тілінде, айтқанымыздай, осы сала атауларын жинақтаған бірнеше сөздік бар. Олардың алғашқысына Ж. Сөлейманов пен Ә. Ғалимжановтың «Информатика бойынша орысша-татарша сөздік» (2001) 2000-нан астам сөз [36], ал «Ағылшынша-орысша-татарша компьютер терминдері сөздігіне» (2015) 3000-нан астам сөз енгізілген [3].

Белгілі болғандай, ұлттық тілдерде компьютер терминологиясы қазіргі таңда кірме терминдер мен калькалар арқылы кеңейіп жатыр. Жалпы, әлемнің көптеген тілдеріндегі компьютер терминологиясы ағылшын тіліндегі компьютер терминологиясына қатысты екінші реттік сипатқа ие, терминдер ағылшын тілінен алынып, калькаланады [15; 4]. Орыс тілінде де, оның орыс тілі аумағында қалыптаса бастағанына қарамастан, ағылшын тілінің әсеріндегі терминология екендігі айтылады [19]. Мысалы сканер, монитор, модем, нетбук, мультимедиа, гаджет сияқты терминдер ағылшын тілінен алынған. Татар тілінде терминдер, әдетте, орыс тілінен калькаланады. Мысал ретінде, многопотоковость – күпагымлылык, многопользовательский – күпкулланучылы, человеко-лет – кеше-ел сияқты сөздерді келтіруге болады [3; 157,

147]. Сонымен қатар, компьютер терминологиясында басқа терминологиялық жүйелерден алынған тәймә, керенте, тапқырлаучы, тәрәзә, өзеклек, йозак, юл, исемлек, челтәр сияқты атауларды да, жаңа жасалған «волосяная линия» мағынасындағы кылсызык, «анонимайзер» мағынасындағы исем яшергеч сияқты неологизмдерді де көруге болады [3; 138, 139, 114, 126, 157, 146]. Жаңа сөздер туралы сөз қозғалғанда, компьютер технологиялары саласының мамандары кірме терминдер татар тілінің талаптарына, ережелеріне сай келмейді деп [37], тілдің өз құралдары арқылы жаңа атаулар жасауға тырысатынын да айта кету керек. Мысалы, олар компьютер мағынасында жасанды санақ сөзін ұсынған [36; 42]. Бұл сөз кең қолданысқа кірмесе де, сөздіктерге тіркелген [3; 142] және терминдер саласындағы ізденістерді көрсетіп тұр.

Сөздіктерге жасалған талдау осы салада терминологиялық сөзтізбелердің көп екенін және жыл сайын көбірек тіркеліп жатқанын көрсетеді. Мысалы, «хәтер» сөзі (ол анықтаушы компонент ретінде де, анықталушы компонент ретінде де қолданыла алады) негізінде жасалған «ирекле эш хәтере», «туры эш хәтере», «оператив хәтер», «ЭВМ хәтере», «турыдан-туры эш хәтере», «хәтер чыбы», «хәтер күләме», «хәтер модуле», «хәтер сегменты», «хәтерне саклау» сияқты сөзтізбелер, 2015 жылы шыққан терминологиялық сөздіктен көрініп тұрғандай, «хәтер микросхемасы», «хәтер киңәйтү платасы», «хәтер диспетчеры», «компьютер хәтере» сияқты жаңа сөзтізбелермен байыған [3; 151]. «Тычкан» сөзінің де сөзтізбелері көп: «тычкан тәймәсе», «тычкан белән чиртү», «тычкан курсоры», «тычканаслыгы», «тычкан порты», «чыбыксыз тычкан» [3; 156, 65]. Сөзтізбелер негізінен екі-үш компонентті: «китапча урнаштыру», «калыкма тәрәзә», «өстенлекле көйләүләр», «тычканның төп тәймәсе», «кулланучының көйләү параметрлары» [3; 181, 183, 184, 186] және басқалар. Сөзтізбелердің, мысалы, бұрын биология саласында байқалғандай, қысқаруға ұмтылысын да көруге болады: «программалаштыру системасы – ПС», «ясалма интеллект – ЯИ», «даими хәтер жайланмасы – ДХЖ», «Глобаль мобиль элемент системасы – ГМЭС», «гамәли программалар пакеты – ГПП» [3; 111, 25, 188, 192, 23]. Сөзтізбелердің тағы бір түрін қысқартылған сөзтізбелер құрайды. Қысқартылған сөзтізбелер әлі де қысқа. Алайда, бұл құбылыс біздіңше, қысқартулардың да, мағынаны нақтылау себепті, кеңеюге ұмтылысын көрсетеді. Қысқартулар кірме термин болуы да, татар тіліндегі терминнің қысқарып жасалуы да мүмкін: «GPS алгыч», «ANSI символары жыелмасы», «CD яздыру тизлеге», «CASE технологиясе», «ЦМД хәтере», «МБ вакыйгасы», «МБИС кушымтасы» [3; 116, 21, 44, 55, 40, 74] және басқалар.

Сонымен, белгілі бір сала терминдерін жинақтаған сөздіктердің саны

да, оларға жиналған бірліктердің саны да жыл өткен сайын артып келеді. Сөздіктердегі атаулардың саны көбейіп, ғылым саласына, қойылған мақсатқа және басқа факторларға байланысты болса да, қазіргі уақытта сала терминологиясының көлемі бойынша өскенін де көрсетеді.

Көрсетілген салалардың терминдері бүгінгі таңда әрі кірме, әрі тілдің өз құралдары арқылы жасалған атаулар есебінен байып келеді. Терминдер жасауда дәстүрлі модельдер әлі де белсенді, сондай-ақ әдеби тіл сөздерін терминдеу, диалектілерден сөздер алу үрдісі байқалады. Терминологияны айтарлықтай байытатын бірліктердің рөлін екі немесе одан да көп компоненттен тұратын сөзтізбелер, түрлі атаулар атқарады. Айрықша салаларда қысқартылған сөзтізбелер де жасалады. Бұл құбылыс мағынаны нақтылаудың әлі толық емес екенін, қысқартулардың кеңеюге бағыт алғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Азбука природы. Птицы. Русско-татарский, татарско-русский словарь биологических терминов [= Табигать элифбасы. Кошлар. Русча-татарча, татарча-русча биология терминнарысүзлеге] / сост.: А.Б. Халидов, В.И. Гаранин. – Казань: Магариф, 2001. – 95 стр.

2. Азбука природы. Рыбы. Земноводные. Пресмыкающиеся Русско-татарский, татарско-русский словарь биологических терминов [= Табигать элифбасы. Балықлар. Жир-су хайваннары. Сөйрәлүчеләр. Русча-татарча, татарча-русча биология терминнарысүзлеге] / сост.: А.Б. Халидов. – Казань: Магариф, 2001. – 79 стр.

3. Англо-русско-татарский словарь компьютерных терминов / сост. А.А. Тимерханов, Ф.И. Тагирова, Р.Т. Сафаров; науч. ред. Д.Ш. Сулейманов, А.А. Тимерханов. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2015. – 239 с.

4. Биологический русско-татарский толковый словарь: ок. 10 000 слов [= Биологиядәнрусча-татарчааңлатмалысүзлек: якынча 10 000 сүз] / авт.: Ф.Г. Ситдинов, Р.К. Закиев, А.Б. Халидов, И.Ш. Макалеев, Р.Х. Файзрахманова, И.И. Рахимов, Ф.Г. Иштирякова; под ред. Ф.Г. Ситдинова, Р.К. Закиева. – Казань: Магариф, 1998. – 656 стр.

5. Бятиева О.Н. Лексика рыболовства в татарском литературном языке. – Казань: ИЯЛИ АН РТ, 2005. – 151 стр.

6. Галимова О.Н. Балык атамаларының татарча-русча-латинча аңлатмалы сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2019. – 204 б.

7. Галимова О.Н. Малаконимы в татарском языке: формирование и развитие // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов, 2024. – Т. 17. Вып. 5. – Стр. 1683–1691.

8. Гарифуллин Н.К. Менеджмент буенча татарча-инглизчә-русча сүзлек [= Татарско-англо-русский словарь по менеджменту]. – Казан: Казан дәүләт фин.-экон. ин-ты нәшр., 2006. – 62 б.

9. Гарифуллин Н.К. Предпринимательство, менеджмент, маркетинг и торговое дело: Русско-англо-татарский толковый словарь: 1222 термина и 777 слов. статей [= Business, Management, Marketing and Trading: Russian-English-Tatar Explanatory Dictionary: 1222 terms and 777 dictionary entries = Эшмәкәрлек, менеджмент, маркетинг һәм сәүдә эше: Русча-инглизчә-татарча аңлатмалы сүзлек: 1222 термин һәм 777 аңлатма мәкалә] / под общ. ред. Ш.М. Валитова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2014. – 287 с.

10. Гринёв-Гриневиц С.В., Сорокина Э.А., Молчанова М.А. Терминоведение. Изд. 3-е, испр. и доп. – М.: ЛЕНАНД, 2023. – 500 стр.

11. Закиров В.З., Муртазин З.Г. Русча-татарча математик терминнар сүзлеге [= Русско-татарский словарь математических терминов]. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1970. – 204 б.

12. Информатика һәм мәгълүмат технологияләре терминнары: инглизчә-таатрча-русча аңлатмалы сүзлек / Авт.-төз.: Ж.Ш. Сөләйманов, Ә.Ф. Галимжанов, М.Х. Вәлиев. – Казан: Мәгариф, 2006. – 383 б.

13. Краткий русско-татарский словарь военных терминов: (толмач) / Штаб РККА. Управление по исследованию и использованию опыта войн. – М.: типо-хромолитогр. «Искра революции», 1926. – 176 с.

14. Лексикология татарского языка: в 3-х т. – Казань: ИЯЛИ, 2022. – Т 2. – 392 с.

15. Лобанова М.А. Структурно-семантические особенности современной компьютерной терминологии (на материале испанского языка): автореф. дисс. к. филол. н. – Екатеринбург, 2009. – 19 с.

16. Математикаданрусча-татарчабелешмә-сүзлек [= Русско-татарский словарь-справочник математических терминов] / төз. И.Г. Галәветдинов, Г.Г. Гафуров, В.З. Закиров, М.З. Хөснетдинов; И.Г. Галәветдинов ред. – Казань: Мәгариф, 1997. – 208 б.

17. Математика: русско-татарско-английский терминологический словарь / сост. Л.Л. Салехова, Н.К. Туктамышов. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2014. – 122 с.

18. Математический русско-татарский толковый словарь: ок. 2000 терминов [= Математикаданрусча-татарчааңлатмалысүзлек: як. 2000 термин] / авт. -сост.: Л.И. Галиева, И.Г. Галяутдинов, М.З. Хуснетдинов, И.Б. Гарипов, Ф.Г. Мухлисов; под общ. ред. Л.И. Галиевой, И.Г. Галяутдинова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2013. – 376 стр.

19. Мокрогуз Е.Д. Компьютерная терминология // Universum: Филология

и искусствоведение: электрон. научн. журн., 2015. – № 8 (21). URL: <http://7universum.com/ru/philology/archive/item/2568>(мөрәжәгать вакыты: 15.10.2024).

20. Письменный корпус татарского языка. URL: <https://search.corpus.tatar/index.php?of=search/search.php> (мөрәжәгать вакыты: 20.10.2024).

21. Рәхимова Р.К. Татар ювелирлык эше лексикасы һәм сүзлеге. – Казан, Фикер, 2002. – 192 б.

22. Рәхимова Р.К. Татарча-русча тукучылык һәм тегүчелек атамалары сүзлеге = Татарско-русский словарь лексики ткачества и швейного дела [= Татарско-русский словарь лексики ткачества и швейного дела] / фәнни ред. О.Н Галимова. – Казан: ТӘҺСИ, 2018. – 208 стр.

23. Русско-татарский нефтепромысловый словарь: более 27 000 слов [= Русча-татарча нефть сәнәгатесүзлеге: 27 000 нәнартыксүз /сост. Ф.С. Хакимянов, Р.А. Закирзянов, З.Г. Хабипова, М.Н. Мингазов; под общ. ред. Ф.С. Хакимянова, Р.А Шакирзянова]. – Казан: Мәгариф, 2004. – 416 стр.

24. Русско-татарский словарь военных терминов / автор-сост. Р.А. Мугинов.– Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 151 стр.

25. Русско-татарский толковый терминологический словарь по агрохимии и почвоведению: ок. 3000 слов [= Агрохимия һәм туфрак белеме терминнарының русча-татарча аңлатмалы сүзлеге: якынча 3000 сүз] / сост.: М.Ю. Гилязов, С.Г. Муртазина, Ф.Ф. Гаффарова; науч. ред. И.А. Гайсин. – Казань: Магариф, 2003. – 136 с.

26. Русча-татарча биология терминнары сүзлеге: урта мәктәп өчен [= Русско-татарский словарь биологических терминов: для средней шк.] / төз.: Р.Г. Минибаев, Р.Ш. Гильдеев, Р.Х. Фәйзрахманова, Ә.Х. Гарифуллина, И.Ш. Макалеев, Н.А. Бакеева, Ә.А. Мостафин, О.Ж. Курмаев, М.А. Габбасова; О.Ж. Курмаев жит. – Казан: Татар.кит. нәшр., 1972. – 168 б.

27. Русча-татарча биология терминнары сүзлеге [= Русско-татарский словарь биологических терминов] / төз.: Ф.Г. Ситдинов, Н.А. Бакеева, Ә.Х.Гарифуллина, И.Ш. Макалеев, Р.Х. Фәйзрахманова. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1985. – 200 б.

28. Русча-татарча математик терминнарсүзлеге [= Русско-татарский словарь математических терминов] / Төз. И. Алексеев, Х. Халиков. – Казань: Татгосиздат, 1949. – 98 б.

29. Сабитова И.И, Саберова Г.Г. Татарско-русский толковый словарь фитонимов [= Үсемлек атамаларының татарча-русча аңлатмалы сүзлеге]. – Казан: ИЯЛИ им. Г. Ибрагимова, 2020. – 216с.

30. Садыкова З.Р. Зоонимическая лексика татарского языка. – Казань, 1994. – 130 стр.

31. Сафаров Р.Т. Военная лексика татарского языка. – Казан, 2015. – 196 стр.
32. Сафина Э.И. Названия птиц в татарском языке и их лексикографирование. Казань: Дом печати, 2006. – 160 стр.
33. Сафина Э.И. Татарча-русча-латинча кош атамалары сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2018. – 184 б.
34. Сәфәров Р.Т. Татарча-русча хәрби лексика сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2017. – 112 б.
35. Сифоров В.И., Канделаки Т.Л. Методологические аспекты терминологической работы (из опыта КНТТ) // Международный симпозиум «Теоретические и методологические вопросы терминологии». – М., 1979. – Стр. 110–115.
36. Сөләйманов Ж.Ш. Галимжанов Ә.Ф. Информатика буенча русча-татарча сүзнамә. – Казан: Республика яшьләренең сәләт фонды, 2001. – 95 б.
37. Сулейманов Д.Ш., Галимьянов А.Ф. Система татарских терминов в компьютерных технологиях и информатике. URL: https://kpfu.ru/staff_files/F2123973830/%C3%E0%EB%E8%EC%FF%ED%EE%E2.pdf (мөрәжәгать вакыты: 15.10.2024).
38. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Вопросы теории / Отв. ред. Т.Л. Канделаки. – М.: ЛЕНАНД, 2023. – 248 стр.
39. Табигатьһәм биология терминнары сүзлеге / ред. М. Корбан. – Казан, 1935. – 123 б.
40. Таранова Е.Н. Проблематика современного теоретического терминоведения, достижения и недостатки терминологических исследований // Научные ведомости. Серия: Гуманитарные наук, 2011. – № 24 (119). Вып. 12. – Стр. 142–149.
“ұстара, қырынғыш” мағынасында қолданылған терминдер

Көне түркі мәтіндері	<i>yüligü</i>		
Кодекс куманикус	<i>yülgüç ~ yülüngüç</i>		
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>yülgüç, yölgüç</i>	<i>brıtva</i>	<i>arıtva</i>
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>yülgüç, yülküvüç, yülüvüç</i>		
Татарша	<i>kırınğıç</i>	<i>brıtva</i>	
Башқұртша	-	<i>oštora</i>	<i>beke</i>
Қырғызша	-	<i>ustara</i>	
Ноғайша	-		<i>şaşbeki</i>
Қарақалпақша	-		<i>peki</i>
Қарашай-малқарша	<i>cülgüç</i>		
Құмықша	<i>kırınğıs</i>		
Қырым татарша	-	<i>ustra</i>	<i>peki</i>
Қарайша	<i>ülgüç ~ ülügüç ~ yulguç ~ yiligic</i>	<i>ustra ~ ustura</i>	<i>peki</i>

ҚАРАЙША	-	<i>ustara</i>	
ҰСЫНЫС	<i>jühligiş</i> [jüligiş]		

“ілемек, темір ілемек” мағынасында қолданылған терминдер

Көне түркі мәтіндері	<i>ırğaq</i>	<i>qarmaq</i>			
Кодекс куманикус	<i>yirgak</i>				
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	-		<i>čüngäl</i>		
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>ırğaq ~ ırğıq</i>				
Татарша	<i>ırğaq</i>				
Башқұртша	<i>ırğaq</i>				
Қырғызша	<i>ilmek</i>				
Ноғайша	<i>ırğaq</i>				
Қарақалпақша	<i>ırğaq</i>				
Қарашай-малқарша	<i>ırğaq</i>				
Құмықша	<i>ırğaq</i>				
Қырым татарша	<i>ırğaq</i>				
Қарайша	-	<i>karmaq ~ karmak</i>	<i>cengil ~ çangal ~ çen ~ çengel</i>	<i>kanca</i>	<i>hes</i>
ҚАЗАҚША	-		<i>şengel</i>		
ҰСЫНЫС	<i>jyrğaq ~ jyrğyş</i> [jirgak ~ jirgış]				

“орындық, кресло” мағынасында қолданылған терминдер

Көне түркі мәтіндері	<i>olturğuç</i>				
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>olturyuč</i> [olturğuç]	<i>stol ~ stolec</i>			
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>olturqaç, otrak, otraş, otruq, oturak, oturğu</i>				
Татарша	<i>tayangıç</i>	<i>urındık</i>	<i>kreslo</i>		
Башқұртша	<i>ulturğis</i>		<i>kreslo</i>		

Қырғызша	<i>olturğuş</i>				
Ноғайша	<i>olturğış</i>	<i>stul</i>			
Қарақалпақша	<i>otırğış</i>	<i>stul</i>			
Қарашай-малқарша	-	<i>şindik</i>	<i>sırtlı şindik</i>	<i>tayançak şindik</i>	
Құмықша	<i>qoltuq</i>				
Қырым татарша	<i>oturğıç</i>	<i>stul</i>		<i>skemle</i>	
Қарайша	<i>olturuş</i>		<i>kresla</i>	<i>eskemle</i>	
~ iskemle					
~ skemle	<i>sandalye</i>				
ҚАЗАҚША	<i>orındık</i>	<i>stol</i>	<i>kreslo</i>		
ҰСЫНЫС	<i>otyrgyş</i> [otirgış]				

“балкон” мағынасында қолданылған терминдер

Кодекс куманикус	<i>tuluk</i>			
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері			<i>zor [hor]</i>	<i>ganok</i>
Татарша		<i>balkon</i>		
Башқұртша		<i>balkon</i>	<i>sarlaq ~ sarzaq</i>	
Қырғызша		<i>balkon</i>		
Ноғайша		<i>balkon</i>		
Қарақалпақша		<i>balkon</i>	<i>şardüre</i>	
Қарашай-малқарша		<i>balkon</i>		
Құмықша		<i>balkon</i>		
Қырым татарша		<i>balkon</i>		
Қарайша			<i>sofa</i>	
ҚАЗАҚША		<i>balkon</i>		
ҰСЫНЫС	<i>tuluq</i> [tuluk]			

Қысқартулар:

- башқ. : башқұртша
 қарай. : қарайша
 қырғ. : қырғызша
 ққалп. : қарақалпақша
 қар. малқ. : қарашай-малқарша

қыр. тат.	: кырым татарша
құм.	: құмықша
ноғ.	: ноғайша
тат.	: татарша

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kasapoğlu Çengel H. “Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi”. *Dil Araştırmaları*. C.10, S.10, 2012. s. 17-81.
2. Arıkan İ. “Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi”. *Modern Türklük Araştırmaları Dergisi*. C.3, S.4, 2006. s. 130-141.
3. Dilsiz M. S. “Türkçede “Merdiven” Anlamına Gelen Sözcükler Üzerine Genel Bir Bakış”. *BUGU Dil ve Eğitim Dergisi*. 4(3), s. 281-297.
4. Grønbech K. *Komanisches Wörterbuch, Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus*. Kopenhagen: Einar Munksgaard. 1942.
5. Garkavets A. N. *Kıpçakskiy Slovar'*. Almatı: Baur. 2018.
6. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. *Kıpçak Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2007.
7. Baskakova N. A. *Nogaysko-Russkiy Slovar'*. Moskva: Gosudarstvennoe Izdatelstvo Inostrannih i Natsinal'nih Slovarey. 1963.
8. Öztürk A. *Karay Türkçesinde İsim*. Erzurum: Fenomen Yayıncılık. 2019.
9. Useinov S. M. *Russko-Krımskotatarskiy Slovar'*. Simferopol: Izdatel'skiy Dom “Tezis”. 2007.
10. *Kazak Türkçesi Sözlüğü*. (Çev. Hasan Oraltay, Nuri Yüce, Saadet Pınar). İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı Yayınları. 1984.
11. Ganiyev F., Ahmetyanov R. ve Açıkgöz H. *Tatarca-Türkçe Sözlük*, Kazan-Moskova: İnsan Yayınevi, 1997
12. Özşahin M. *Başkurt Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2017.
13. Yudahin K. *Kırgız Sözlüğü Cilt I-II*. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi. 1998.
14. Baskakova N.A. *Karakalpaksko-Russkiy Slovar'*. Moskva: Gosudarstvennoe Izdatelstvo Inostrannih i Natsinal'nih Slovarey. 1958.
15. Nemeth G. *Kumuk ve Balkar Lehçeleri Sözlüğü*. (Çev. Kemal Aytaç). Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları.
16. Tavkul U. *Karaçay-Malkar Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2000.
17. Pekacar Ç. *Kumuk Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2011.

18. *Qazaq Edebi Tili Sözdigi*. (Ed. K. Kuderinova, O. Jubayeva, M. Jolşayeva vd. Almatı. 8. Cilt. 2011.
19. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. *Divanu Lugati t-Türk*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2014.
20. *Qazaq destürlü madeniyetining ansiklopedik sözlüğü*. Almatı: Sözdik-Slovar. 1997.
21. Caferoğlu A. *Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü*. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi. 1968.
22. Arat R.R. *Kutadgu Bilig*. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 1979.
23. Cumakunova G. *Türkçe-Kırgızca Sözlük*. Bişkek: Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi Yayınları. 2005.
24. *Oxford Qazaq Dictionary: қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша сөздік*. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» корпоративтік қоры, 2023. – 1368 бет.

Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ТЕРМИН ЖАСАУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Орынай ЖҰБАЙ*
Мәрзия ЖЫЛЫСБАЕВА*

Аңдатпа

Мақалада Қ. Сәтбаевтың 1919 жылдан бастап кірісіп, 1924 жылы қолжазбасын Қазақстан Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесіне тапсырса да, баспада алгебра таңбаларын белгілейтін шрифтер мен матрицалар болмағандықтан, шықпай қалған, 1929 жылы латын әліпбиіне көшуге байланысты латын әріптерімен жазылып, баспаға өткізілсе де, оқу бағдарламаларының өзгертілуіне байланысты басылмай қалған «Алгебра» оқулығы туралы сөз болады. Бүгінде ҚР Мемлекеттік орталық архивінде сақталған ғалымның араб әліпбиімен жазған қолжазбасы (592 бет) мен латын графикасымен жазылған қолжазбаның (1400 беттен астам) негізінде еңбектегі пән сөздері (терминдер) талданады. Терминдер өз ішінен бүгінгі таңда қолданылып жүрген атаулар, қазіргі кезде баламасы табылмай жүрген шет тілдік атаулар, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес бейімделген атаулар түрінде жіктеліп, сол арқылы ғалымның терминжасамдағы ұстанымдары талданады. Сонымен қатар мақалада ғалымның өмірі мен шығармашылығына да қысқаша шолу жасалған.

Түйін сөздер: алгебра, оқулық, термин, шет сөздер, ұстаным, норма.

Abstract

The article examines K. Satbayev's algebra textbook, which he began working on in 1919 and submitted to the Scientific and Methodological Council of the People's Commissariat for Education of Kazakhstan in 1924. However, due to the lack of fonts and matrices needed to represent algebraic symbols in printing, the textbook was not published. In 1929, the manuscript was rewritten in Latin letters due to the transition to the Latin alphabet and was submitted for publication again, but it was not released due to changes in educational curricula. The article analyzes the terms in Satbayev's works based on his manuscript written in the Arabic script (592 pages) and the Latin-script manuscript (over 1400 pages), both preserved in the State Central Archive of the Republic of Kazakhstan. The terms are classified into

* Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы

* ҚР Орталық мемлекеттік архиві директорының орынбасары

those currently in use, foreign terms without equivalents, and terms adapted to the phonetic characteristics of the Kazakh language. Based on this classification, the scholar's principles of term creation are analyzed. Additionally, the article provides a brief overview of K. Satbayev's life and work.

Keywords: algebra, textbook, terminology, foreign words, principles, norm.

Абай Құнанбайұлы өзінің 38-қара сөзінде тұлғаның қалыптасуына негіз болатын алғышарттар туралы былай дейді: *«Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады»* [1].

1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы 4-ауылда дүниеге келген Ғабдұл-Ғани (Қаныш Сәтбаев) тұлға ретінде қалыптасуына осы факторлар ерекше ықпал еткен. Оның әкесі Имантай Сәтбайұлы өте білімді әрі ауқатты кісі болған. Ол Омбыдағы медреседе оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренген, сонымен қатар орыс тілін де меңгерген. Қаныштың немере ағасы Әбікей Сәтбаев та Омбыдағы семинарияны бітірген, білімді әрі дарынды азамат еді. Бұдан бөлек, ағалары Кәрім мен Ғазиз (Бөкеш) де семинарияда оқып, өнерлі әрі білімді жандар болған.

Қаныш Сәтбаевтың ғылым мен білімге құштар болып өсуіне осындай зиялы орта айрықша әсер еткені сөзсіз. Ғалымның өзі де бір анкетасында: *«Алған білімдерім үшін үлкен ағайыным, зиялы қауым өкілі – Әбікей Зейінович Сәтбаевқа өмір бойы қарыздармын деп білемін»*, – деп жазған [2].

Әбікей Сәтбаев Алаш зиялыларымен тығыз байланыста болған. Алты жасынан бастап Ақкелін болысының орталығындағы ауыл мектебінде оқып, түркі (шағатай) әдебиетінің үлгілерімен танысып, араб және парсы тілдерін меңгерген Қанышты 1911 жылы Әбікей Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түсіреді. Алғыр әрі зерек Қаныш 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

Бұл оқу орнында Қаныш Сәтбаев Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты белгілі тұлғалармен бірге білім алып, «Алаш» қозғалысының ең жас әрі белсенді мүшелері мен насихатшыларының бірі болды. Осы кезеңде ол Әлихан Бөкейхан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нәзипа Құлжанова сияқты Алаш зиялыларымен кездесіп, олардың идеяларынан нәр алған.

1918 жылы мұғалімдер семинариясын бітірген Қаныш Сәтбаев Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінен сабақ береді. 1919-1920 жылдары Семей губерниясындағы Павлодар уезіне қарасты Ақкелін болысындағы №4 ауылда мұғалім болып қызмет атқарады [2].

Қазақ мектептерінде жаңа жүйеге сәйкес оқулықтардың жоқтығын түсінген Қаныш Сәтбаев оқулық жазуды мақсат етеді. Бұл тұрғыда оның Ахмет Байтұрсынұлына ұқсастығын байқауға болады. Ахмет Байтұрсынұлы 1895 жылдан бастап мектепте сабақ беріп, «Оқу құралы», «Тіл–құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері), «Әдебиет танытқыш» сияқты еңбектер жазғаны белгілі.

А. Байтұрсынұлы 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары (министрі) болып сайланғаннан кейін [3, 144], қазақ тілінде оқулық шығару мен аудару мәселесін қолға алғаны белгілі. Мұрағат деректеріне сүйенсек, сол кезеңде Ә. Бөкейхан «География», «Астрономия», Е. Омаров «Алгебра», «Геометрия», «Физика», М. Жұмабаев «Педагогика», Ж. Аймауытов «Дидактика», Ф. Ғалымжанов «Физика», Б. Сәрсенов «Геометрия», И. Тұрғанбаев «Арифметика», Қ. Кемеңгерұлы «Химия», «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған [4, 11-12].

Қ. Сәтбаев Том қаласындағы институтта оқып жүрген кезінде А. Киселевтің «Алгебра» оқулығын негізге ала отырып, қазақша оқулық құрастырып шығады. Ол бұл еңбекті жазуға 1919 жылы кірісіп, 1924 жылы қолжазбасын Қазақстан Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесіне тапсырады. Еңбек жоғары бағаланып, баспаға жіберіледі. Алайда баспада алгебра таңбаларын белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты кітап басылып шықпай қалады. 1927 жылы бұл қолжазба Мәскеудегі «Центриздатқа» жіберіледі. Алайда, «Центриздат» пен «Казиздат» арасындағы түсініспеушілік салдарынан кітап тағы да басылмай қалады [5].

1929 жылы латын әліпбиіне көшуге байланысты қолжазба латын әріптерімен қайта жазылып, баспаға өткізіледі. Алайда оқу бағдарламаларының өзгеруіне байланысты Қ. Сәтбаевтың оқулығы мүлде басылмай қалады. Бүгінде ғалымның араб әліпбиімен жазылған қолжазбасы (592 бет) мен латын графикасымен жазылған қолжазбасы (1400 беттен астам) ҚР Мемлекеттік орталық архивінде сақталған.

Оқулықтың қолжазбасын зерттеу барысында Қ. Сәтбаевтың Әлихан Бөкейханның ұстанымын басшылыққа алғанын байқауға болады. Әлихан Бөкейхан: «Орыстың кітабын қазақшалағанда білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, «Қараңғы қазаққа апарып берем», – деп, кітапшаның

басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады» [6], – деп жазған.

Еңбектің алғы сөзінде Қ. Сәтбаев былай дейді: «Оқылған, тиянақталған ережелерді қолданып дағдылану үшін тиісті жерлерінде шәкірттердің өзіндік шешуіне 114 есеп беріліп отыр. Бұл есептердің көбі ел ішіндегі, жұрт ауызындағы есептер (мысалы, «Торғай мен қамыстар» есебі, «100 сомға 100 тері сату» есебі және басқа да сол сияқты). Кей жерлерде орыс негізінен алынды, бірақ олардың сұрау жөндері мен есеп шарттары қолдан келгенше қазақ тұрмысына жанастыруға қам істедік. Бұл жол арқылы есеп жүйелері түсінікті түрге еніп, қазақ шәкірттерінің ұғынуына, пайдалануына, білуіне қолайлырақ болар деген сенім бар» [5].

Бұл ұстаным кітаптың өн бойында сақталған. Мысалы: «Екеуінің қайсысы сыйымдырақ екендігін айыру керек болсын. Онда біз не істейміз? Әрине, бір ыдыс-аяқты аламыз да, сол ыдыс-аяқпен санап отырып торсықтар толғанша суды құямыз. Мысалы, бір торсыққа 18 ыдыс-аяқ, екінші торсыққа 6 ыдыс-аяқ су сыйса, онда бірінші торсық екіншісінен 3 есе сыйымдырақ болғандығы, өйткені 18-дің ішінде 3 рет 6 болатындығы анық».

«Айрық пен Жыландының арасы 20 шақырым делік. Екеуінің аралығында Айрықтан 7 шақырым жерде өзен ағатын болса, егер де мен өзеннен 2 шақырым жерде бара жатқан бір жолаушымен: «Айрықтың арасы неше шақырым болады?» – десем, бұл сұрақта да көмескілік болмақшы. Өйткені бұл сөзден жолаушы өзенінің Айрық жағында 2 шақырымда ма, жоқ Жыланды жағында 2 шақырымда бара жатыр ма? Белгісіз. Егер жолаушы өзеннің Айрық жағында болса, онда Айрықпен екі арасы $7-2=5$ шақырым болмақ. Егер де жолаушы Жыланды жақ бетінде бара жатса, онда ізделген ара $7+2=9$ шақырым болмақшы. Бұл көмескілікті жою үшін маған қойған сұрауымда жолаушының өзеннің қай жағында бара жатқандығын анық айтуым керек. Байқасақ бұл 4 мысалдың ішіндегі сөйленген шамалар бәрінде айқын болуы үшін өлшемдерімен қатар олардың бағытын, бағытына анықтау керек болады. Мұндай шамаларды «бағытты шамалар» дейді (векторные величины)» [5].

Келтірілген мысалдардан ғалымның қазақ танымына жақын тұрмыста қолданылатын бұйымдарды (ыдыс-аяқ, торсық), жер-су атауларын (Айрық, Жыланды), өлшем атауын (шақырым) және басқа да ұғымдарды қолданғанын байқаймыз. Бұл қазақ оқырманының түсінігіне сай әрі тиімді тәсіл болған. Оқулықты қазақ тіліне аударған кезде ғалым адресант пен адресат факторын, олардың аялық білімін ескеріп, қазақтың дүниетанымы мен дүниежүзілік түсінігіне лайықтаған.

Осы ұстаным терминдерді қолдануынан да байқалады. Әрине, ХХ ғасырдың басында пән атауларына қазақша балама табу оңайға соқпады. 1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылған, оны А. Байтұрсынұлы басқарған. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргенде қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [7].

Қ. Сәтбаев комиссияның ұстанымдарын басшылыққа алған. Ол туралы кітаптың кіріспесінде де ескертеді: *«Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығымен қатар керекті терминдер табу ауыр жұмыс болды. Қай пәнде болсын, әсіресе есеп пәндерінде әрі бір ұғымның атын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру – аса керекті және ауыр нәрсе. Мұның үстіне қазіргі Қазақстан баспа сөзінің “пән тілін көпшілік тілінен алыстатпасақ” деген ережесін еске алсақ, пән ұғымдарына дәл үйлесетін және көпшілік тілінің ішінен орын алатын керекті пән сөздерін табудың қиыншылығы артық қабат ұсталмақшы. Кітап ішіне кірген пән сөздерінің барлығы Орынбордағы білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп шығып отыр. Сөйтсе де, мұндағы алынған терминдердің бәрі тиісті ықшамдарға дәл үйлес келеді деп кесіп айтуға әрине болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іші мен тысы «суф дегеннен мүлтіксіз», мінсіз және нысанды болып отырмайтындығы мәлім. Қашанда тұңғыш нәрсенің ең ауыр міндеті кейінгі буынның сың пікірінің назарын тек өзінің барлығымен ғана көрсетіп өту болмақшы. Мұнан кейін кемін толықтырып, артығын алып, пішінін лайықты үлгіде салып түзету көптің талқысынан туатын қатаң сынның ғана қолынан келетін нәрсе»* [5].

Ғалым алгебраға қатысты терминдерді мейлінше қазақыландырып алғанын байқаймыз:

дробь	бөлшек
слагаемое	қоспа
величина	шама
значение	мәні
теорема	түйін
сложение	қосу
вычитание	алу

умножение	өсіру
деление	бөлу
единица	бірлік
числитель	жарнақ
знаменатель	бөлгіш
частное	еселік
степень	дәреже
корень	түбір
равенство	теңдік
неравенство	теңсіздік
скобки	қоршау
восходящая степень	үдеме дәреже
нисходящая степень	азба дәреже
равносильные уравнения	мәндес теңдеулер
неопределенное уравнение	көмескі теңдеу
приближенный корень	жуықтас түбір
приближенный корень с недостатком	олқы түбір
приближенный корень с избытком	қалқы түбір
подобные радикалы	шоғырлы сандар
отношение	ара
уравнение	теңдеу
больше	артық
меньше	кем
система уравнений	теңдеулер жүйесі
неизвестное	белгісіз
задача	есеп
бесконечность	шексіздік
правило	ереже
окружность	шеңбер
ряд	қатар
основание	негіз
выражение	әлпет

1-кесте

Келтірілген пән атауларының басым бөлігі бүгінгі таңда да қолданылып келеді (*түбір, теңдік, теңсіздік, теңдеу, шама, мән, қосу, алу, бөлу, шеңбер, бірлік, бөлгіш, т.с.с.*).

Ғалым пән атауларын жасауда сөзжасам тәсілдерін, сөзжасам үлгілерін, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбектерді шебер пайдалана білген. Сол арқылы сөздің сөзжасамдық қабылетін арттырып, уәжін күшейте түскен:

множитель	өсіргіш
множимое	өсірілетін сан
произведение	өсірінді
делимое	бөлінбе
делитель	бөлме
относительная величина	мазмұндық шама
высший член	жоғары мүше
низкий член	төменгі мүше
предыдущие члены	ілгері мүшелер
последующие члены	кейінгі мүшелер
переменная величина	өзгермелі шама
постоянная величина	өзгерімсіз шама
независимая переменная	ерікті өзгерме
зависимая переменная	еріксіз өзгерме
кривая	майыспа
ветки кривой	майыспаның бұтақтары
вершина кривой	майыспаның басы
точки кривой	майыспаның ноқаттары
срочные взносы	кесімді салымдар
срочные уплаты	кесімді өтемдер
простые скобки	жақша қоршау
квадратные скобки	тік қоршау
извлечение корня	түбір табу
показатель степени	дәреже көрсеткіш
положительная величина	дұрыс шама
отрицательная величина	теріс шама
измерение	өлшеу

единица измерения	өлшеуіш
одночлен	бірмүшелік
многочлен	көпмүшелік
направленные величины	бағытас шамалар
точный квадрат	дәл шаршылық
квадратное уравнение	шаршылық теңдеу
нормальный вид квадратного уравнения	шаршылық теңдеудің кәдімгі түрі

2-кесте

Бүгінгі таңда шет тілдегі нұсқасы қолданылып жүрген атаулардың қазақ тіліндегі баламасы берілген:

коэффициент	сан өсіргіш (каписент)
арифметика	есеп жүйесі
формула	өрнек
сумма	қосынды
температура	жылылық
теорема	түйін
функция	берне (еріксіз өзгеріс)
непрерывная функция	үздіксіз өзгеру
прерывная функция	үздікті өзгеру
прямая функция	түзу өзгеру
обратная функция	кері өзгеру
сложные проценты	еселі өсімдер
симметрия	үйлесім
ось симметрии	үйлесім белдігі
обратная теорема	кері түйін
диаметр	өре (диаметр)
радиус	өріс (радийус)
элемент	тек (элемент)
абсолютная величина	негізгі шама
арифметическое среднее	есеп орталығы
геометрическое среднее	еселік орталығы
прогрессия	дәуірлеу


арифметическая прогрессия	есеп дәуірлеуі
восходящая прогрессия	өспе дәуірлеу
нисходящая прогрессия	азба дәуірлеу
разность прогрессии	дәуірлеу айырымы
геометрическая прогрессия	еселі дәуірлеу
показатель прогрессии	дәуірлеу еселігі

3-кесте

Қазақ тілінен баламасы табылмаған жағдайда ғалым шет сөздерді қазақ тілінің дыбыс заңдылығына сәйкес бейімдеп алған:

значащие цифры	мәнді сыйпырлар
диаметр	өре (дыйаметр)
радиус	өріс (радыйус)
диаграмма	дыйаграм
график	грапик (сызба)
графическое изображение функций	пунксыйаны пішін түрінде суреттеу
функция	берне (еріксіз өзгеріс)
значения функции	пунксыйаның мәндері

4-кесте




1-сурет

Алайда әрдайым тілдің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріле бермеген. Мұндай қолданыс латын графикасымен жазылған қолжазбада жиі кездеседі:

оси абцисс	атсциссалар белдігі
оси ординат	ординаталардың белдігі
парабола	парабола
мантисса	мантисса
логарифмическое уравнение	логарифм теңдеуі
радикал	радикал
алгебра	алгебра (алжебір)
график	грапик (сызба)
логарифм	логарипм
система логарифмов	логарипмдердің жүйесі
натуральные логарифмы	нағыз логарипмдер
десятичные логарифмы	ондық логарипмдер
логарифмирование	логарипмдеу
логарифмическое уравнение	логарипм теңдеуі
коэффициент	сан өсіргіш (капитсент)

5-кесте



2-сурет

Мұндай ала-құлалық сол кездегі қоғамдық-саяси ахуал мен заман талабынан туындағаны байқалады. 1929 жылдары терминдерді барынша қазақыландырып, тіл заңдылығына бейімдеген алаш зиялылары қудаланып, еңбектерінен ұлтшылдық, ескішілдік сарын іздеген еді. Сондықтан енді орыс тіліндегі нұсқаға мейлінше жақындату, қазақ тілінде баламасы болса да, орыс тіліндегі нұсқаны қолдану, халықаралық терминдерді аудармау, т.с.с. үдерістер етек алды. Осыған байланысты еңбектің алғы сөзінде Қ. Сәтбаев: *«Есеп пәндерінің ішіндегі амал және әлпет белгілері мәдениетті жұрттарда қашан да ортақ түрде болып келе жатыр. Бұл ортақшылықтың ғылымда беретін пайдасы санап бітіргісіз, өйткені есеп пәндері тілінің өз белгілері бар екені мәлім. Есеп тілінің жалпылануы – біріншіден, пәннің кеңеюіне, екіншіден, оны үйреніп білудің және әдістеу жолдарының жетілденуіне көп себеп болатыны айқын. Есеп әлпеттерінің тілі Еуропа елдерінде латын (рум) әріптері болып келді. Сондықтан қай тілде болсын жазылған есеп кітаптарының тек ішіндегі сөздер бөлек болғанмен әлпеттері, өрнектері, пішіндері бәрінде бір түрде болып отырады. Өрнек пішіндерінің ортақ түрде болғандығы өз елінің ана тіліндегі мектептеріне қанағаттанарлықтай негізде білім алған шет жерлерге барып оқитын, әсіресе кезбе шәкірттерге ыңғайлы болар еді»,* – дейді [5].

Бүгінгі таңда ХХ ғасырдың басында жарық көрген еңбектерді қазіргі қолданыстағы жазуға қотарушылар сөздерді, терминдерді қазіргі нормаға сәйкес таңбалайды. Бұл – сол кездегі ғалымдардың ұстанымдарына жасалған қиянат. Себебі ол кезде шет тілдік сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бейімдеуде нақты ұстаным мен заңдылық болды. Ол туралы А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанов сынды зиялылардың еңбектерінде жан-жақты сөз болды. Ал еңбектерді қазіргі нормаға сәйкес жазу – біріншіден, ғалымдардың терминдерді таңбалаудағы ұстанымдарын бұрмалау, екінші жағынан, оқырманға жалған ақпарат беру болып табылады. Ал сол кездегі норманы сақтау – ХХ ғасырдың басындағы терминжасам ұстанымдары, ғалымдардың көзқарастары, қоғамдағы экстралингвистикалық ахуал мен талас-тартыстар туралы мол ақпарат бере алады. Қ. Сәтбаевтың оқулығында у, й дыбыстары дауыссыз дыбыстар ретінде таңбаланып, алдына дауысты дыбыстар жазылып отырған.

основные свойства	негізгі қасыйеттер
извлечение корня	түбір табуы
сложение	қосыу
вычитание	алыу

умножение	өсіріу
деление	бөліу
непрерывная функция	үздіксіз өзгеріу
прерывная функция	үздікті өзгеріу
прямая функция	түзу өзгеріу
обратная функция	кері өзгеріу
способ сравнения	салыстырыу тәсілі
способ сложения	қосыу тәсілі
способ вычитания	алыу тәсілі
действия над радикалами	радийкалдардың амалдары
соединения	құрастырыу
размещения	орналастырыу
перестановка	алмастырыу
сочетание	теріу

6-кесте

XX ғасырдың басында жазылған еңбектер сол кезеңдегі ғалымдардың ұстанымдарынан мол ақпарат бере алады. Сол себепті ол еңбектерді дереккөз ретінде санауға да болады. Қаныш Сәтбаевтың еңбектерін зерттеу арқылы ғалымның терминжасамға қатысты ұстанымдарын, Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е. Омаров сынды алаш зиялыларының ұстанымдарымен қалай сабақтастырғанын анықтауға, термин сөздердің қалыптасуына, тұрақтануына, қалыптануына (кодификациялануына) қосқан үлесін пайымдауға, сол арқылы XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілінің, функционалды стильдерінің дамуына, ғылыми стильдің дамуына қосқан үлесін салмақтауға болады.

Қаныш Сәтбаев терминжасамда ғана емес, білім мен ғылымды ұйымдастыруда да алаш зиялыларының ұстанымын жалғастырушы болды. А.Байтұрсынұлы 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы болды [8]. Қ. Сәтбаев КСРО Ғылым академиясының базалармен филиалдар кеңесінде, КОКПОК ғылым бөлімінде, КСРО Ғылым академиясында ҚазКСР Ғылым академиясын ұйымдастыру қажет екенін дәлелдеді. 1944-1946 жылдар аралығында 11 жаңа ғылыми-зерттеу институты құрылып, болашақ академияның бас ғимаратының жобасы әзірленді. 1946 жылдың 3 маусымында ҚазКСР Жоғарғы кеңес Президиумының мәжіліс залында өткен Академияның бірінші жалпы жина-

лысында Қаныш Сәтбаев оның академигі әрі президенті болып сайланды. Қ.Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән берді. Ғалым Ұлттық ғылым академиясын 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, ядролық физиканың дамуына ерекше көңіл бөлді. Ғалымның бастамасымен ядролық физика институтының кешенді құрылысы қолға алынды. Қазақ КСР Ғылым академиясында биология, медицина ғылымдарының бірнеше саласы, зоология, паразитология, адам физиологиясы, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларында ғылыми-зерттеулердің дамуына мұрындық болып, ғылыми институттар ашты. Ғылым мен өндірісті байланыстыру мақсатында Өскемен, Қарағанды, Атырау және басқа да қалаларда Қазақстан Ғылым академиясының институттарын ашты. 1946 жылы Алматыда химия ғылымдары институты, 1958 жылы Орталық Қазақстанда Қарағанды химия-металлургия институты, 1959 жылы Батыс Қазақстанда Гурьев мұнай және табиғи тұз химиясы институты ашылды, сол жылы Оңтүстік Қазақстанда Химия ғылымдары институтының Шымкент бөлімшесі және Орталық Қазақстанда Қарағанды институтының Теміртау бөлімшесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Ғылым академиясына Мәскеу, Ленинград, Киевтен ғалымдарды шақырып, жұмысқа алды. Әрқайсысына қазақ жастарынан аспирант бекітіп, ұлт мамандарын даярлауды көздеді. Ө. Байқоңыров, Ш. Шокин, Ш. Есенов, А. Машани, С. Зиманов, Е. Бөкетов, т.с.с. ғалымдар легін қалыптастырды. Маңғыстауда мұнай мен газдың мол қорлары бар екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Атырауда мұнай мен табиғи тұз ғылыми-зерттеу институтын ашты [2].

Қ. Сәтбаевтың қазақ ғылымына, мәдениеті мен өнеріне де қосқан үлесі ұшан теңіз: 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» жырын жариялап, алғы сөзін жазады; қазақ әндерін жинақтаған А. Затаевичке «Бүркітбай», «Гауһартас», «Алтыбасар», т.с.с. 25 әнді орындап, түсініктерін берген; 82 жастағы Мұрын жырау Сеңгірбайұлынан «Қырымның 40 батыры» дастанын жазып алуға түрткі болады; А. Машани мен Н. Ахметованың Фараби мұрасын жинақтап, аударуға қатысты бастамаларын қолдап, Қазақстанда фарабитану ғылымының қалыптасып, дамуына үлес қосады. Бір мақаланың көлемінде Қаныш Сәтбаевтың қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесін талдап, сараптап шығу мүмкін емес.

Ұлт жанашыры, ұлттық ғылымның қолдаушысы болған ғалым алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған академиктің дарын-қабылетін, сұңғылалығын

бүкіл әлем мойындаған. Қаныш Имантайұлы Лондонның геологиялық мұражайын аралап жүргенде гид бір тасты нұсқап: «Бұл – Ұлыбританияда сирек кездесетін тас», – дейді. Қ. Сәтбаев тасты әрлі-берлі қарап ол тастың Қазақстанның, оның ішінде Орталық Қазақстан, Қарсақбай деген жердің тасы екенін айтады. Шындығында, ол тасты тексерген кезде ХІХ ғасырдың аяғында бір ағылшын капиталисі Қазақстаннан алып барған тас болып шығады. Ол туралы естіген кезде У. Черчилль қайран қалып: «Туған жерінің тасын кез келген геолог тани бермейді. Бұл – Кеңес одағындағы №1 геолог қой!» – деп тамсанады. Кейін Кеңес одағына келген кезде Н. Хрущевтен: «Сіздің елдегі аз ұлттардың ішінде бір ұлы ғалым бар. Білесіз бе?» – деп сұрайды. Н. Хрущев армян, грузин, т.с.с. ұлттарды атайды. Сонда У. Черчилль: «Жоқ, таппадыңыз. Сіздер өздеріңіздің ұлы ғалымдарыңызды танымайды екенсіздер! Ол – Қаныш Сәтбаев деген қазақ!» – дейді [2]. Н. Хрущев У. Черчилльді шығарып салысымен Алматыға келіп, Ғылым академиясында, Геология институтында болып, Қаныш Сәтбаевтың еңбектерімен танысады.

Қаныш Сәтбаевтың сұңғақтығына сүйсінген Уинстон Черчилль: «Қазақтардың бәрі сіз сияқты ірі ме?» – деп сұрағанында Қаныш Имантайұлы: «Мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Менің халқым менен де биік!» – деп жауап берген екен. Осы сөзінің өзі ғалымның абыройын асқақтатып, мерейін үстем етті.

Елінің ертеңін ойлаған, ұлт мүддесін көздеген Қаныш Сәтбаевтың мұрасын ұлттық құндылық, мәңгілік мұра ретінде бағалау мақсатымен бірнеше істі қолға алу керек: 1) ғалымның еңбектерін бүгінгі таңдағы инновациялық парадигмаларға сәйкес жаңа қырынан, жаңа аспектіде зерттеу қажет; ғалымның ұстаным-тұжырымын кейінгі ұрпаққа үлгі қылу мақсатында жыл сайын «Сәтбаев оқулары» атты дәрістер кешенін өткізіп тұру қажет. 2) Қ. Сәтбаев Атырау қаласында ҚазКСР ҒА көшпелі сессиясын жүргізді. Батыс Қазақстанның жер қойнауын кешенді зерттеуге мұрындық болды. 1946 жылы 6 шілдеде Гурьевте (қазіргі Атырау қаласы) академик Сәтбаевтың бастамасымен өлкенің табиғи ресурстарын зерттеу үшін мұнай мен газ бойынша маманданған ғылыми-зерттеу мекемесі – Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық барлау мұнай институты құрылды. Ғалым Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуға мұрындық болды. Қ. Сәтбаев Дендерге де барған. Сондықтан батыс өңірдегі мұрағат (архив) қорларындағы материалдарды жинақтап, ғалымның өмірімен байланыстыра отырып, кітап етіп құрастыру керек. Ол кітаптың сәтбаевтанушыларға да, өлкетанушыларға да, тарихшыларға да берері мол болмақ; 3) «Алгебра» атты оқулығын арнайы зерттеп, терминдерді сараптау қажет, бүгінгі таңда ғылыми

айналымға енгізуге болатын терминдердің тізімін жасап, терминология орталықтарына ұсыныс жасау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. - Алматы, 2008. - 568 б.
2. Қаныш аға. Естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1989. 400 б.
3. Нұрпейісов К. Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері // Ұлттық рухтың ұлы тіні. - Алматы: Ғылым, 1999. - 144-б.
4. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -11-12 б.
5. Сәтбаев Қ. Алгебра. Оқу құралы. - Астана, 2009. - 442 б.
6. Қыр баласы Пийзійкелік жағырапыйа // Еңбекші қазақ. - 1925. - №320
7. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
8. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы // Труды Общества изучения Киргизского края. - Вып. 3. - Оренбург, 1922

СӨЗДІК ҚҰРАМДЫ СӨЙЛЕТУ

Серікқали БАЙМЕНШЕ*

Аңдатпа

Мақалада жалпы аударма шығармашылығында, термин тудыру ісінде белгілі бір өңірге таралған, шектеулі қолданылатын, жергілікті және кәсіби сөздерді, бұрынғы аударма әдебиеттегі қолданыстарды балама ретінде қолдану практикасын кеңейту жайы айтылады.

Түйін сөздер: *жергілікті және кәсіби сөздер, аударма әдебиеттегі қолданыстар.*

Abstract

The article examines the expansion of the practice of general translation creativity and the terminology of using a limited number of common, local and professional words as alternatives, as well as some word usages in early translation literature.

Keywords: *local and professional words, word usages in early translation literature.*

Тілстанның түйінді мәселелерін шешу міндеті бүгінгі ұрпақтың ғана таңдауы емес, кешегі өткен көзі ашық, көкірегі ояу аға буынның да барынша қызмет еткен саласы. Осы өршіл ұрпақтың қаламгерлік қайраткерлігі арқылы туған ауқымды аударма әдебиет, қазақша жазылған әртүрлі саладағы һәм әртүрлі сападағы кітаптар (оқулықтар, сөздіктер, т.б.) қазақ тілінің қолданыс аясының барынша кеңеюіне, жаңа терминдердің пайда болуына, сөзжасам практикасының орнығуына өлшеусіз әсер еткені белгілі.

Дамудың бұл бағытын өз еншісіне ала отырып, әрі өз еншісін қоса отырып, әр уақыт алуан ахуалда жалғастырды. Өйткені ел басынан өткен әртүрлі қоғамдық-саяси жағдай тұсында тарихи терминдерге ұдайы қайырылудың мүмкіндігі болмағаны да мәлім.

Тәуелсіздік табалдырығындағы тоқсаныншы жылдар үрдісі, сол кезден басталатын үздіксіз үдеріс қана тіл майданының бақ-талайын бағыттап берді. Соның бірі - өткен ғасырда шыққан ескі басылымдарда, аударма еңбектерде кездесетін сөзжасам үлгілерін, сирек қолданыстарды зерделеп, саралап, қажеттілігіне қарай кәдеге жарату, жалпы сөздік құрамды пайдалану болса керек.

* Республикалық терминология комиссиясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы

Айталық, тілімізде ежелден «молния-найзағай», «гром-күн күркіреу», ал «гроза» ол да «найзағай» болып жазылып келеді. Егер кері аударсақ, «найзағай» деп қайсысын таңдар едік? Өйткені «молния» десек те, «гроза» десек те, бәрібір қазақша «найзағай» болып шығады.

Сонау 1923 жылы Ташкентте қазақша шыққан «Күн күркіреу мен найзағай» (Гром и молния) деген кітапша бар; аударушысы Жүсіпбек Басығараұлы, редакторы Халел Досмұхамбетұлы. Сол сияқты Мағжан Жұмабаев та «гром»-ды күркіреу деп қазақшалаған. Демек, «гром» мен «молния»-ның күн күркіреу және найзағай болуына талас жоқ. Бұдан басқа, «найзағайдың» жай, жасыл, жасын, жалт ойнау, нажағай, т.б. сияқты жергілікті қолданыстары және кездеседі.

Осы орайда, белгілі бір өңірге таралған, шектеулі қолданылатын, жергілікті, тіпті кәсіби сөздерді де іріктеп балама ретінде қолдану практикасын кеңейтсек деген ой келеді. Мұның мысалы ретінде «гроза» сөзінің аудармасын бұдан былай «нажағай» деп бекітуді ұсынар едік. Сонда, бір жағынан, параллель («найзағай» – нажағай») сөздер пайда болса, екінші жағынан, тұрақты балама орнықтырудың жаңа тәжірибесі туады. Нәтижесінде «молния – найзағай», «гром – күн күркіреу», «гроза» – «нажағай» болып орнығады. Кері аударғанда да жаңылыспауға болады.

Ал «нажағай» – сырттан келген кірме сөз емес, сөздік құрамда бар, әдеби тілдің қолданысында кездесетін ұғым. Әрі баламаны мүмкіндігінше ана тілінің өз қойнауынан шығару керек деген аталы сөзбен (Ахмет Байтұрсынұлы) де үндеседі.

Сондай-ақ өткен ғасырдың отызыншы жылдары шыққан бір кітапта «жоңышқа» (люцерна) сөзі «жоңырышқа» деп алыныпты. Бұдан әрі «Жоңырышқаның пайдасы» деген мақалада: «Бір десе жоңырышқадан 25 пұт пішен түседі» деп жазылыпты.

Егер «люцерна»-дан таратып көрсек, бүгінде оның түрі көп, бірақ бәрі де жоңышқа деп қазақшалаанады. Осыдан келіп, «жоңышқа» мен «жоңырышқа» «екі түрлі өсімдіктің атауы ма, әлде қатарлас сөздер ме, бұл «люцернаның» сол кездегі баламасы ма екен, әлде басқа нәрсе ме?» - деген сұрақ туады. Түсіндірме сөздіктерде «жоңырышқа» кездеспейді; бірақ кейбір көркем шығармадан оның «жоңышқа» сөзінің жергілікті қолданыстағы атауы екені байқалып қалады. Сол замандағы тағы бір ескі кітапта «жабайы жоңышқа» орысша «вика» деп көрсетіліпті; «вика» – бүгінгі қолданыста «сиыржоңышқа» болып жүргені белгілі. Осы ретте «жоңышқа» мен «жоңырышқа» да ұқсас ұғымдағы қатарлас екі балама болуға сұранып тұрғандай сезіледі.

Белгілі жазушы Жиенғали Тілепбергенұлының өткен ғасырдың 30-ыншы

жылы «Жаршы» журналына шыққан «Көкшетау» деген сатиралық суреттемесі бар. Ол «Түркістанда шығатын «Қызыл Түркістан» газетінің редакторы, Созақта шығатын «Жаңа шаруа» газетінің редакторы намалнай, жаңа аяқтанып келе жатқан ақындарын ортаға алып, өлең жазу туралы қызу кеңесіпті» деп басталады. Осындағы «намалнай» деген сөздің қазақша емес екені анық. Бірақ жинақтан жинаққа көшсе де, жазушының бұл сөзіне ешкім мән беріп жатқан жоқ. Қазақша сияқты қабылданып кетті, бірақ оның мағынасын ешкім білмейді.

Орыс тілін, басқа да түркі тілдерін жақсы білген педагог, журналист, драматург, прозашы Жиенғали Тілепбергенұлы басқа тілдегі «намалеваться» (қиқа-шиқа етіп шимайлау) сөзінен тілімізге ыңғайлап «намалнай»-ды жасаған сияқты деп болжаймыз. Шынында да, сатиралық суреттемеде өлең өлкесіне қол созып, ақ қағазды шимайлап жүрген талапкерлер жайында сөз болады. Жиенғали енгізген «намалнай» осы қалпында-ақ «графоман»-мен тетелесіп, сол мағынасында тіл үйіріміне еніп кеткелі тұрғандай.

Жазушы Жиенғали туған өңірде «намалнай»-ға ұқсас «пәгөрнай» деген айтылым кездеседі. Бұл да орыстың қазақыланған сөзі. Адамның түр-келбетін сипаттау кезінде ауызекі тілде көбірек қолданылады. Бұрынғы өткен адамдар әлде бір бейтаныс жан туралы сұрағанда, «пәгорнайы қалай екен?» деп екеуара әзіл аралас тіл қатысатын. Шамалауымызша, бұл «фигурный» сөзінің бет-пішінді, түр-тұлғаны бейнелейтін мағынасына таяу келеді. Тілде осындай сөздердің де тізбесі болуы керек деп ойлаймыз.

Сондай-ақ көп қолданылмайтын, ұмытыла бастаған «шартнама» деген сөз бар. Оның мағынасы нақты көрсетілмеген. Бұл сөзді көбіне «шариғаттың шартнамасы» деп ұғыну арқылы қабылдаймыз. Мұсылмандық түсінікте мұның мәні қағидалар жиынтығы түрінде ашылады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында осы «шартнама» сөзі баршаға белгілі «договордың» қазақшасы ретінде қолданылды. 1929 жылы шыққан «Коллективтік шартнама және оны жасау реті» деген кітап бар.

Кейін «договор» «шарт» болып бекітіліп, әрі қарай сол тұрғыда іске қосылған шақта, «шартнама» «ойыннан тыс» қалып қойды. Беріректе «контракт» сөзіне балама табу қиындау соққан кезде, ресми аударушылар үйреншікті қазақы әдетпен оны «келісім-шарт» деп қос сөзбен қазақшалай салды. Ал «шартнама» тап осы «контрактіге» сұранып-ақ тұр еді. Сөйтіп, өткен мұраға көз салмау, ұрпақтар арасындағы рухани байланыстың үзілуі тіл қойнауындағы кәдеге асатын бір жәдігерлікті жол шетіне шығарып тастады. Екі сөзден құралған жасанды «келісім-шарт»-ты қайта бекітіп, бұдан былай «шартнама» үлгісін кеңінен пайдалануға болар еді деп

ойлаймыз. Сонда «шарт» пен «шартнама» «ағайынды қоңыр қаздай» бір қорада тұрар-ды.

Өткен кезеңдердің тасқа басылған дүниелеріне көз жүгіртіп отырғанда, кейбір сөздердің дәл баламасын табу әудемде бола қалмағанын аңғаруға болар еді. Соның бірі «қант қызылшасына» (сахарная свекла) байланысты. Аударушыларға «свекла»-ның қазақшасын табу біраз қиындық тудырған тәрізді. 1932 жылы оны «леблеме» деп аударыпты, сөйтіп, «Қант леблемесі (свекла) егісін күтіп өсіру жөнінде нұсқау» деп аталатын қазақша кітапша шығыпты. (Бүгінгі қолданыста «леблеме» - асқа қосатын жемісті өсімдік екені белгілі). «Леблеме»-нің «қызылша» емес екендігі белгілі болған соң, қайтадан «свекла» қолданыла бастаған сияқты. Сөйтіп, 1933 жылы «Жемдік сибөкла ұрығын егу мәселесі» деген кітапша жарық көріпті.

Бұл мысал лайықты балама табудың оңай еместігін, термин сөздің аяқ астынан тумайтынын көрсетсе керек. Техникалық дақыл болып саналатын, негізінен мал азығындық мақсатта пайдаланылатын «қант қызылшасының» осы аудармасы, бір жағынан, аталмыш өнімнің бұрын қазақ егіншілігінде дәстүрлі болмағанын, соған сәйкес ұлттық атауы сақталмағанын аңғартатын тәрізді. Демек, балама жасау кезінде тарихи негіздерге жүгінудің орындылығы осыдан көрінеді.

Терминнің мәнін табиғат құбылыстары айқындап беретін сәт те болады. Таяуда болған бұйқой табиғат апаты – жайылған көп судың жайы осы орайдағы қолданыстарымызды ширата түсті. Бірақ баспасөзде болсын, ауызекі әңгімеде болсын, «наводнение», «затопление», «паводок» сияқты сөздер қазақша бір ғана «су тасқыны» деген атаумен беріліп тұрды. Орыс тілінде жоғарыда ұсынылған әр сөздің өз мағынасы бар; соған сәйкес қазақ тілінде де лайықты баламасы болуға тиіс.

Бұл орайда жұртшылыққа жариялысы – топан су. Тілімізде «топан су қаптап...» деген тіркес бар. Ол орысша «потоп» сөзіне сәйкес келеді. Қарапайым ұғымға салып көрсек, су тасиды, су жайылады, су басады, сел болып ағады, бұл өзен-көл суы деңгейінің кенеттен көтерілуінен, арнасынан шығып жайылуынан, қардың, мұздың күрт еруінен, қатты нөсер жаңбырдың салдарынан, т.б. осындай табиғи құбылыстардан пайда болады. Бұлардан басқа, «полая вода» бар, «нагон воды» деген бар, өзіміздің «қызыл су», «жойқын су» бар.

Терминологиялық комиссия әр жылдары әр сала бойынша бекіткенде «наводнение», «паводок», «половодье» терминдерін «су тасқыны» деп тұжырымдапты. «Затопление» ғана «су басу» деп нақты мағынасына сай бекітіліпті (БАҚ қолданысында ол бәрібір «су тасқынына» айналып кете

береді). Ал «паводок» сөзінің әр сала бойынша «су тасқыны», «су тасу», «тасқынсу», «сутасу», «сутасқын» сияқты бекітілген нұсқалары бар екен.

Жергілікті қолданыста судың арнасынан шығып жайылуын «Судың тәпісі шығып жатыр» деп бейнелеу де кездеседі. Бұдан «әпі-тәпі» деген қос сөздің жасалатыны бар. Зат есім тұлғасында «тәпі» суға байланысты емес, тышқан, ақтиін тектес аңдарды аулауға арналған құрал осылай аталады. Соған қарамастан, «судың тәпісі шығып жатыр» деген жағдай суға қатысты және бір құбылысты бейнелеп тұрғаны сөзсіз. Демек, біздің әр жағдайға лайық баламамыз су қозғалысының ерекшеліктері мен қоршаған орта құбылыстарын ескере отырып жасалуға тиіс.

Жалпы осы секілді мәндес терминдерді тиянақтағанда, оларды жинақтап, шоғырландыра қарай отырып, бірін-бірі қайталамайтындай етіп, әрқайсысын (бекітілгендері мен бекітілмегендерін қоса) біріктіре бекіткен жөн.

Аударма арқылы термин туғызу ісінде сөздік құрамды барынша сөйлетіп, жергілікті, кәсіби, т.б. сөздерді, өткен кезеңдегі аударма әдебиеттердің кейбір ізденістері мен қолданыстарын кеңірек пайдаланған жөн. Келтірінді мысалдар соның бір парасы. Сол кезде ұлт тілінде лайықты, тайлас термин табудың жаңа мүмкіндігі ашылады деп пайымдаймыз. Тектес терминдерді қандай салаға тиесілі екендігіне қарамастан, жинақтап, топтап, бірге бекіту практикасы көбірек үстемдік алуы керек.

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕРГЕ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕСІ

Қарлығаш АЙДАРБЕК*
Бауыржан ЖОНКЕШОВ*

Аңдатпа

Мақалада 1971-2017 жылдар аралығында бекітілген терминдерге жүргізілген сараптама нәтижесі беріліп отыр. Бекітілген терминдер үлкен екі ғылым саласына (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-техникалық ғылымдар саласы) бөлініп, олардың саны анықталды және де шығу тегі бойынша пайыздық қатынастары көрсетіледі. Алдағы уақытта термин бекіту жұмыстарында ескерілуі тиіс ұсыныстары айтылады.

Түйін сөздер: бекітілген термин, мониторинг, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдары терминдері, техникалық, жаратылыстану ғылымдары терминдері, дефиниция, кірме терминдер, ұлт тілінде жасалған терминдер, будан териндер.

Abstract

The article presents the results of a linguistic analysis of terms approved from 1971 to 2017. The approved terms were divided into two main groups based on scientific fields (social and humanities, technical, and natural sciences) with statistical data identified for each. The article provides percentage distributions of terms by origin and suggests adjustments to be considered in future term approvals.


Keywords: approved term, monitoring, terms in social and humanities sciences, technical and natural science terms, definition, borrowed terms, terms formed based on the national language, hybrid terms.

2022 жылдан бастап, ұлттық терминдері жүйелеу және біріздендіру, электрондық терминологиялық қорды қалыптастыру мақсатында Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу» жобасы аясында жұмыс тобын құрып, бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу жұмыстарын бастаған болатын. Осыған сәйкес, 1971-2020 жылдар аралығында бекітілген терминдер қоры қоғамдық-гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану ғылымдары

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының докторы


* Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті Жалпы білім беру кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

терминдері деп үш блокқа бөлінді. 2022 жылы 1971-2014 жылдар аралығында бекітілген 6039, 2023 жылы 2014-2019 жылдар аралығында бекітілген 8001 қоғамдық-гуманитарлық ғылым терминдеріне мониторинг жасалды. Жұмыс көлемі ескеріле отырып, 2019 жылы бекітілген тек 245 термин ғана қамтылды. 2019 жылы бекітілген аталмыш ғылым саласына жататын терминдер саны әлдеқайда көп екендігін ескертіп қойғымыз келеді. 2024 жылы 1971-2017 жылдар аралығында бекітілген 8023 техникалық және жаратылыстану ғылымдары терминдеріне мониторинг жасалды. Бұл жерде де жұмыс көлемі ескеріле отырып, 2017 жылы техникалық және жаратылыстану ғылымдарына жататын 495 термин ғана қамтылған. Мониторинг жасау жұмысы әлі жалғасады. Біз бүгінгі таңдағы нақты нәтижелерді ескере отырып, 1971-2016 жылға дейінгі аралықта бекітілген қоғамдық-гуманитарлық және техникалық, жаратылыстану ғылымдары терминдерін салыстыра көрсетпекпіз. 1971-2016 жылдар аралығында бекітілгені 17888 термин. Оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық саласы терминдерінің саны – 10360 болса, техникалық және жаратылыстану терминдерінің саны – 7528.




1-сурет. 1971-2016 жылдар аралығында бекітілген терминдердің пайыздық көрсеткіші

1971-2019 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық-гуманитарлық сала терминдерінің үлес салмағы төмендегідей: 1971-81 – 2047; 1990 – 79; 1992 – 0; 1993 – 41; 1995 – 10; 1997 – 2; 1998 – 191; 1999 – 293; 2000 – 96; 2002 – 94; 2003 – 996; 2004 – 22; 2005 – 303; 2006 – 1225; 2007 – 0; 2008 – 59; 2009 – 18; 2010 – 108; 2011 – 27; 2013 – 316; 2014 – 112, 2015 – 396; 2016 – 3925; 2017 – 1705; 2018 – 1730; 2019 – 245.



2-сурет. 1971-2019 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық-гумманитарлық сала терминдерінің жылдық көрсеткіштері

1971-2019 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық-гумманитарлық сала терминдерінің үлес салмағы төмендегідей: 1971-81 – 758; 1992 – 6; 1995 – 456; 1998 – 184; 1999 – 88; 2000 – 17; 2002 – 9; 2003 – 10; 2004 – 480; 2005 – 511; 2006 – 865; 2007 – 275; 2008 – 2; 2009 – 5; 2010 – 5; 2011 – 22; 2013 – 25; 2014 – 51, 2015 – 2643; 2016 – 1116; 2017 – 495



3-сурет. 1971-2017 жылдар аралығында бекітілген техникалық және жаратылыстану сала терминдерінің жылдық көрсеткіштері

Келтірілген суреттерден байқағандарыңыздай 2015, 2016 жылдары бекітілген терминдердің саны күрт өскен. 2015 жылы техникалық және жаратылыстану ғылымдарының терминдері шекті деңгейге көтерілсе, 2016 жылы керісінше қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының терминдері көптеп бекітілген.

Жоба аясында 1971-2019 жылдар аралығында бекітілген 22063 терминнің барлығына төмендегідей үлгіде дефиниция берілді. Сонымен бірге терминнің қай тілден шыққандығы анықталып, салалық белгілері қойылды және де бекітілген жылдары көрсетіліп, тілде қолданылып жүрген нұсқалары келтірілді.


1	Орысша	абонентская задолженность	абонентская плата	абонентский отдел
2	Этимологиясы	франц. abonner – «жазылу»	франц. abonner – «жазылу»	франц. abonner – «жазылу»
3	Қазақша	абоненттік берешек	абоненттік төлем	абоненттік бөлім
4	Бекітілген жылы	2015	2015	2015
5	Термин саласы	экон. (инновация, индустрия)	экон. (инновация, индустрия)	ісжүрг. (инновация, индустрия)
6	Термин құрылымы	тіркесті термин	тіркесті термин	тіркесті термин
7	Терминнің қолданыстағы нұсқалары	тіркесті термин	абоненттік төлем; абоненттік төлемақы	абоненттік бөлім
8	Термин дефинициясы	Абоненттің төлеу мерзімі өткен өзіне ұсынылған қызметтерге ақы төлеу міндеті.	Қызметтердің кейбір жиынтығын талап етуге құқық беретін бекітілген төлем.	Клиент болу туралы шешім қабылдауға көмектесу үшін әлеуетті клиентке ұсынылатын сервис.

Кесте – 1. 1971-2019 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық-гуманитарлық сала терминдеріне жасалған мониторинг жұмыстарының үлгісі

Жалпы тіліміздегі терминдерді ұлт тілінде және шеттен енген терминдер деп екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Мұның аралығында ұлт тіліне икемделіп алынған терминдер, бұдан терминдер, қосымшасы ғана ұлт тілінде жасалған терминдер деген де топтарға бөліп көрсетуге болады. Осыған сәйкес, 1971-2016 жылдар аралығындағы бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу барысында олардың үлес салмағы төмендегідей болды:

Кірме терминдердің үлес салмағы: 1633;

Ұлт тілінде жасалған терминдердің үлес салмағы: 10904;
 Ұлт тіліне икемделіп алынған терминдердің үлес салмағы: 240;
 Бұдан терминдер: 4413;
 Қосымшалары ғана ұлттық терминдер: 698.



4-сурет. 1971-2016 жылдар аралығында бекітілген терминдердің шығу тегі бойынша көрсеткіштері

Кірме терминдер деп кез келген шеттен енген терминдердің көбінесе, орыс тілінің заңдылықтарына бағындырыла отырып, орыс тілімен бірдей айтылып, бірдей таңбаланған терминдерді танымыз. Мысалға: *абберация – абберация, абдикация – абдикация, аболиционизм – аболиционизм, абонемент – абонемент, абсолюция – абсолюция, аваль – аваль және т.б.*

Ұлт тілінде жасалған терминдер қатарына терминжасамның өнімді тәсілдерінің бірі калька тәсілі арқылы жасалған терминдерді жатқызамыз: *автобиография – өмірбаян, автономное учреждение – дербес мекеме, авторитет – бедел, агитация – үгіт, адаптационные услуги – бейімдеу қызметтері, административная дееспособность граждан – азаматтардың әкімшілік әрекет қабілеттілігі, административная опека – әкімшілік қамқорлық, административная процедура – әкімшілік рәсімдер және т.б.*

Жұмысымызда ұлт тіліне икемделіп алынған терминдер деп шеттен

енген терминдердің қазақ тілінің фоно-морфологиялық заңдылығына сәйкес қабылданған терминдерді танимыз: *досудебное производство* – **сотқа дейінгі іс жүргізу**; *знак товарный* – **тауар таңбасы**; *национальный реестр идентификационных номеров* – сәйкестендіру **нөмірлерінің ұлттық тізілімі**; *отправление почтовое* – **пошталық жөнелтілім, пошта жөнелтілімі**; *международные счетно-денежные единицы* – халықаралық **шот-ақша өлшемдері**; *основная сумма долга* – **борыштың негізгі сомасы** және т.б.

Будан терминдер дегеніміз бір немесе бірнеше сыңары өзге тілден қабылданған, келесі сыңарлары төл терминдерден тұратын бірліктер. Мысалға: *абсолютная ответственность* – **абсолюттік жауапкершілік**, *абстракция данных* – **деректер абстракциясы**, *аванпроект* – **аванжоба**, *авиационная безопасность* – **авиация қауіпсіздігі**, *автороведческая экспертиза* – **автортанушылық сараптама**, *агентский договор* – **агенттік шарт**, *адвокатская тайна* – **адвокат құпиясы** және т.б.

Қосымшалары ғана ана тілімізден алынған терминдерді будан терминдер қатарына жатқызуға болады. Бұлардың жасалу табиғаты: түбірі өзге тілден өзгеріссіз қабылданған, тек қосымшалары ғана қазақ тілінде кездесетін терминдер. Мысалға: *абсолютное вето* – **абсолюттік вето**, *авторитаризм* – **авторитарлық**, *агентство* – **агенттік**, *аккредитация* – **аккредиттеу**, *актирование* – **актілеу**, *амбициозность* – **амбициялылық**, *архивист* – **архивші** және т.б.

Мониторингте будан өзге бекітілген терминдерге құрылымдық талдау да жасалған. Терминдер түбір, туынды, күрделі, тіркесті, сипаттамалы, қысқарған деп топтарға бөлініп, саны анықталды.

Сонымен, бекітілген терминдерге мониторинг жасау барысында мынадай қорытынды жасадық:

- терминнің терминологиялық жүйе саласына қатысы көп жағдайда ескерілмейді;
- термин білдіретін ұғымның бірмағыналылығы мен дәлдігі терминологияға ғана тән, оларды бекіту барысында аталған талап қатаң сақталуы қажет;
- жүйелілік: кез келген термин белгілі бір терминологиялық жүйеге жатады, термин өз мағынасында онда қолданылатын параметрлерге негізделеді;
- тілдік дұрыстық: аталымдардың кез келген түрлері мен категорияларының белгілі бір үлгілеріне сілтеме жасау заңдылығына негізделген сөзжасамдық құралдардың дұрыс қолданылуына мән беріліп, ол терминдерді бекіту барысында ескерілуі қажет;
- қолданылуы немесе жұмсалымдық критерийі: қолданыс жиілігі тек заңдастырылған түрде (ресми құжаттарда) ғана реттеледі, алайда кей ғылыми

дискурстардағы қолданылу басымдылығы ұлттық дәстүрмен, ауызша кәсіби тілдесіммен тікелей байланысты ерекшеліктер де ескерілуі керек;

- тілдік бағдар: кірме термин мен ана тілінің негізінде жасалған терминнің арасында орын алатын түрлі жағдайларда ұғымды таңдау маңызды. Жүйелі тәсілдің қолданылуы ерекше мәнге ие, өйткені онсыз терминологияның ұғымдардан ажырауы көбейе береді. Сол себепті де лингвистикалық стандарт – терминдердің құрылымы мен семантикасының арақатынасын, лексикалық бірліктің мазмұн межесі мен тұрпат межесінің байланысын қамтамасыз ететін құрал.

Х. ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ТЕРМИНДЕРІ

Еркінгүл СОЛТАНАЕВА*

Аңдатпа

Мақала дәрігер, тарихшы, тілші, әдебиеттанушы, ғылым Х. Досмұхамедұлының профессор Ю. Вагнерден аударған «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер» атты кітаптабының аударылу ерекшелігін талдауға арналған. Ол Алаш қайраткерлерінің пән сөздерін аудару туралы ұстанымдарын қолдағаны мысалдар арқылы дәйектелді. Аударманың жақсы шығуының себебі полиглоттық қабілеті бар Х. Досмұхамедұлы ана тілімен қатар латын, түрік, парсы, неміс, француз, орыс тілін терең білуімен және медицина саласындағы аялық білімінің болуымен түсіндіріледі. Аудармашы қолданған әдіс тәсілдер сараланып көрсетіледі. Аудармашы ХХ ғасыр басындағы аудиторияның өзгешелігін ескеріп, сол қоғам үшін икемдеп адаптациялық тәржіма стратегиясын пайдаланғаны мысалдармен көрсетілді. Бұл аударма кітаптар қазақ ғылымының салаларын арнайы лексикамен байытып, шәкірттердің көзін ашуға септігін тигізген.

Түйін сөздер: түпнұсқа, аударма, адаптациялық тәржіма, эквивалент, Алаш қайраткерлері.

Abstract

The article is devoted to the analysis of the specifics of the translation of book by Professor Yu. Wagner “Stories about how plants live and work” translated into Kazakh by a doctor, historian, literary critic, scientist Kh. Dosmukhamedov. In the translations of these books, Kh. Dosmukhamedov defended the positions of Alash figures regarding the translation of terms. Adequate translations by Kh. Dosmukhamedov are conditioned not only by mastery of his native and Russian languages, but also by his mastery of background medical knowledge. The methods and techniques used by the translator when translating terms are analyzed. Kh. Dosmukhamedov, taking into account the specifics of the audience of the early twentieth century, used an adaptive translation strategy. These translated books enriched the branches of Kazakh science with special vocabulary and helped educate students.

Keywords: original, translation, adaptive translation, equivalent, Alash.

* Орду университеті Ғылым және әдебиет факультеті Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің доценті, филология ғылымдарының докторы, Орду / Түркия, turk bilimci@gmail.com, huseyinildiz@odu.edu.tr, ORCID: 0000-0002-8055-7946

XX ғасыр басында қазақ қоғамы ғылыми негізді ағартушылық еңбектерге зәру еді. Сол себепті Алаш қайраткерлері бізді қоршаған құбылыстар туралы, олардың физикалық және биологиялық қасиеттерін түсіндіретін жаратылыстану бойынша еңбектерді басып шығаруға ден қойды. Мәселен, зоолог, ғалым Ю. Вагнердің «Госиздаттың» Берлин баспасынан шыққан «Начатки знания» кітаптары қазақ тіліне аударылып, 1924 жылы Ташкенттің «Түркістан мемлекет» баспасынан «Денелеріміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер», «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер», «Ауа туралы әңгімелер», «Су хақында әңгімелер», «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», «Жануарлар туралы әңгімелер» деген атпен жеке бірнеше кітап түрінде араб графикасымен жарияланды. Бұл кітаптар ең әуелі танымдық мақсаттарды көздеді. Осы кітаптар арқылы Алаш зиялылары оқырман санасында әлемнің ғылыми-жаратылыстанушылық картинасын құрып, табиғаттың заңдылықтарын түсіндіруге тырысты. Аудармашылар М.Әуезұлы, М. Есболұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Байтасұлы болды.

Профессор Ю. Вагнердің екі кітабын «Денелеріміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер» және «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелерді» қазақ тілінде сөйлеткен – аудармашы Х. Досмұхамедұлы. Екі еңбектің кирилл қаріпіндегі үзінділері 2003 және 2008 жылдардағы «Таңдамалы» жинағында, ал толық нұсқасы 2017 жылы Х. Досмұхамедұлының «Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы» кітабында берілген [1].

Ю. Вагнер кітабының ерекшелігі – мұнда негізінен ғылыми салалық, танымдық мәтіндер топтастырылған, ал ғылыми салалық мәтіндерде тұжырым нақты, баяндау анық, арнайы салалық терминдер мол болады, дегенмен автор оларды барынша қарапайым, жеңіл тілмен балаларға арналған әңгімелер түрінде берген. Сол себепті мәтінде кейде көркем-әдеби стильге тән экспрессивті лексика, тыңдаушыға қайырыла сөйлеу, кей жерінде жеке өмірінен алынған әсерлер мен тәжірибелер, кей жерінде балаларға мысалдап айтылатын тағылымдық ойлар да кездеседі.

Мәселен, адам ағзаларының жұмысы туралы айтылатын бөлімінде: *«Чем дружнее их работа тем лучше живется всем им, совершенно так, как и среди людей: чем дружнее работа людей, тем быстрее и лучше спорится дело. Там где нет дружбы – дело не спорится, а порой и вовсе останавливается. Тяжело смотреть на семью где нет согласия, где один другого не слушает, один другому не помогает. Все идет кривь и вкось. А придет беда – никто друг-друга не поддержит, никто друг-другу не подаст совета. Не так в доброй, согласной семье. Наши органы можно сказать составляют одну тесную согласную семью»* [2, 60], - деп айтылады. Бұл мәтінді аудармашы: *«Бұлар да*

адам секілді, «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақалды осы орында келтіруге лайық-ақ. Біздің мүшелеріміз тату тұрған бір үйдің адамдары секілді» [1, 348], - деп аударады. Түпнұсқада бұл мақал жоқ, әрине. Аудармашы төрт сөйлемге мақалды мазмұндық балама ретінде қолданады. Мұнда Алаш қайраткерлерінің аударылатын кітаптың танымдық мазмұнымен қоса, тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл бөлгенін көруімізге болады.

«Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер» кітабында да жалпыадамзатық құндылықтарды насихаттайтын тұстары көп. Мәселен, тұқым шашуға жарамайтын өсімдіктерді автор адамдармен салыстырып: «*Это «пустоцветы» которые не приносят семян. Бесплезного много болтающего и ничего не делающего человека тоже зовут «пустоцветом». Он похож на махровый цветок без тычинок и пестиков. Пользы от него как от махрового цветка – никакой. Впрочем, махровый цветок приносит хоть ту небольшую пользу, что украшает наш сад»* [3, 218] дейді. Қазақша: «*Бұндай шешекті кербез (сал) шешек деп атайды. Бұлар дән бермейтін бос шешектер. Пайдасы жоқ, дым істемейтін, мылжың кісінің көбі де кербез, сал болады. Бұларда қамшысы, тұқымдығы жоқ шешекке ұқсас кербез шешектен де, сал адамнан да келетін пайда шамалы. Кербез шешектің пайдасы аз болса да, бауымызды көркейтеді*», - деп береді аудармашы. Аудармашы «тычинка, пестик» терминдерін «қамшысы, тұқымдығы» түрінде берген. Қазір жаратылыстану пәндерінде «аналығы мен аталығы» терминдерін қолдану қалыптасқан [4, 161].

Салалық мәтіндерде маңызды нәрсе – терминология. Бұл туралы К. Аханов: «*Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын, ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын жете түсіну қажет*», - дейді [5, 161]. Сондықтан салалық мәтіндерді аударудағы аудармашы күзiреттiлiгi алдымен оның өз тiлiн жетiк бiлуiмен, содан кейiн шет тiлдiк кодтарды, яғни өзге тiлдiң грамматикасын, лексикасын, идеоматикасын, мәдениетiн бiлуiмен қатар, сол сала бойынша аялық бiлiмiнiң болуымен де анықталады. Бұл жағынан келгенде аудармашы Х. Досмұхамедұлының тек аудармашы ғана емес, Санкт-Петербург Императорлық әскери медицина академиясының түлегi ретiндегi дәрiгерлiк бiлiмi, саяси-қайраткерлiк iстерi, лингвист, әдебиеттанушы, тарихшы ретiндегi еңбектерiнiң болуы, яғни жан-жақты бiлiмi аударма сапасына едәуiр әсер еткен.

Х. Досмұхамедұлының еңбектерiнiң толық жинағын жинақтап шығарушы ф. ғ. д., профессор Ғ. Әнес: «... *Х. Досмұхамедұлы – бiлгiр түрктiтанушы, тiлшi галым. Сондықтан да оның терминтүзушiлiк, қызметiн жай сала маманының*

ділгірлігінен ғана туған құбылыс деп емес, ерекше жауапкершілік жүктеген, тіл қамы мен қамытын қоса сүйреген лингвист еңбегі деп бағалаған орынды», - дейді [5, 5].

Оның үстіне Алаш қайраткерлері 1922 жылы қазақ-қырғыз мәдениетін көркейту үшін «Талап» қауымын құрып, сол қауымның алдына қойған мақсаттарының бірі ретінде «Қазақ қырғыз халқының тілін, ғылым атауларын (терминология) һәм басқа мәселелерді тексеру» деп белгілеген еді. Басқарманың төбе ағасы – Х. Досмұхамедұлы. Бұл аудармашының термин мәселесіне кәсіби түрде келіп отырғанын аңғартады. Баспасөз беттерінде жарияланған көптеген мақалаларынан ғалымның аудармадағы ұстанымын айқын көруге болады. Мәселен, «Ақжол» газетінде жарияланған «Терминология хақында» деген мақалада Х. Досмұхамедұлының съезге дайындаған баяндамасының 27 тезисі жарияланған. Соның 8-тезисінде былай делінген: *«Елден Еуропа мәдениетімен, Еуропа білімдерімен таныстыру үшін қолданған терминдерінің халыққа түсінікті, елдің ішіне жылдам сіңімді келуі керек»* [7, 156]. Мұнда аудармашы ең әуелі аударма адресатын, яғни аударма тұтынушысын ескеріп, кім үшін жасалып жатқанын көзден таса қылмайды. Түпкі мақсат – ел ішіне жаңа білімді жеткізу. Екінші мәселе – қалай жасалуы керек деген мәселе.

Қалай жасалуы керек деген сауалға жоғарыда аталған баяндаманың 11-тезисінде: *«Терминдер үшін арнайы халық қолданған сөздерден туынды сөздер шығаруға болады», -* деп жеткізеді. Бұл тұжырымды өз аудармаларында сәтті қолданып, ана тілінің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдалану керегін топшылайды. Сондықтан кей терминдерді жасауда лексика-семантикалық тәсілдің көмегіне жүгінеді. Бір немесе әртүрлі сөз таптарына жататын бірнеше морфемалардан құрап, бір ұғымды беретін жаңа термин сөздерді жасайды. Мәселен, корневые волоски – көрсабақ, углевод – көмірсу, устье – тән-тесік деп береді. Өсімдіктердің газ алмасу мүшесі, көзге көрінбейтін кішкентай тесіктер орысша «устье» деп аталады, егер тура аударсақ, «ауыз» немесе «ауызша» деген мағынаны береді, аудармашы бұған да «тән-тесік» деген әдемі, айтуға жеңіл балама ойлап табады [4]. Қазір ботаника, биология, химияда «устье» термині «тыныс саңылауы» деп алынған, ал көмірсу термині белсенді қолданылып жүр.

Х. Досмұхамедұлы қазақ тілінде атауы жоқ, бірақ соған ұқсас ұғымның баламасын сәтті табу арқылы халық тіліне жаңа мағынасымен жаңа терминдерді көптеп енгізді, олар осы кезде тілімізге сіңісіп кетті. Соның бірі – үлдір немесе үлдірік сөзі. Өз аудармасында үлдірік сөзін пленка сөзіне балама ретінде қолданады. *«Талдан салбыраған «үлдіріктерді» байқағаныңыз*

бар ма? Арпаның масағындағыдай үлдірегінде уақ шешектердің жиынтығы. Осындай салбырап тұрған шешектер жиынтығын «сырға» деп атайды» [1, 398]. Ертеде үлдірік деп қойдың керіп, кептірілген қарынын атаған екен. Сонда ол қарын пленка секілді күн көзін өткізетіндей жұқа болады. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде «үлдіреу» сөзі бар. Үлдіреу (етістік) – қолдың, т.б. терісі жұқарып, ісіп күлдіреуі [7, 436]. Қазіргі кезде пленканы немесе полиэтилен целофандарын үлдір деп дұрыс аударып жүр.

Кей жағдайда аудармашы эквиваленті жоқ лексиканы аударып әуре болмайды, ол өзге тілден алынған кірме сөздерді тіліміздің фонетикалық заңдылықтарына сәйкестендіріп қолданады. Мәселен, микроскоп – мекрескеп, зонтик – зэнтүг, крахмал – крақмал, эмаль – емел, гемоглобин – гемегілебен, лейкоцит – лейкесит, бактерия – бактер секілді бірқатар терминдерді осы тәсілмен берген. Бұл туралы ғалым «Шолпан» журналында жариялаған «Қазақ тілінің сингармонизм заңы» атты мақаласында: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек», - дейді. Яғни ғалым ретіндегі ұсыныстарын аудармашылық тәжірибесінде ұстанғанын көреміз [8, 115].

Бақша өсімдіктерін: свекловица – ләблеме, фасоль – лобия, горох – бұршақ (нокат), картофель – картоп, репа – шалған, ячмень – арпа деп аударады. Мұнда фасоль сөзінің қазақша атауы берілмеген. Бұл да Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарынан туындаған. «Жоғары жолдармен іздегенде терминдер үшін қолайлы сөздер табылмаса, Еуропа білім әдебиетіндегі латын терминдерін қолдануы керек. Бұл заманда артық мәдениет, артық білім Еуропада. Еуропадағы халықтардың қолданған терминдері көбіне латын сөздері. Латын тілі бүтін Еуропаға атақ ғылым тілі болып саналады. Ілгері басып, мәдениетті боламын деген халық бұл заманда латын тілінен қаша алмайды», - дейді 13-тезисінде. Сол үшін фасоль сөзін алмастыруға *Lablab purpureus* дегеннен алынған латын түбірлі лобия сөзін пайдаланады. Ю. Вагнер «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер» кітабы негізінен балаларға арнағандықтан деминутив сөздерді, яғни кішірейту, еркелету мағынасындағы сөздерді өте көп қолданады. Аудармашы да оны сәйкесінше қазақ тілінде кішірейту мағынасындағы аффикстерді қосып пайдаланады. Мысалы, стебелек – сабақшық, листочек – жапырақшық, червячок – құртшық, хвостик – құйыршық, корешок – тамыршық, почечка – бүршікшік, пластинка – тақташық, кубик – текшешік деп келтірген [4].

Тағы бір жерінде «Вот какие вещества нужны для растений: азотнокислая известь, селитра, фосфорнокислый калий, горькая английская соль и фосфорнокислое железо» [3, 229] деген сөйлемді қазақ тіліне «Өсімдікке

керек нәрселер мыналар: азотқышқыл әк, хлорлау калий, фосфорқышқыл калий, күкіртқышқыл магnez, фосфорқышқыл темір» түрінде аударарды [4, 274]. Түпнұсқадағы ағылшын тұзы сөзін күкіртқышқыл магnez сөзімен алмастырғанын көреміз. Көмірқышқыл магnez бұл – ағылшын тұзының құрамы. Аудармашының өз жанынан қосқан тіркесі жалпы мәтіннің құрылымына сәтті сіңісіп тұр.

Кейде аударма барысында лексикалық трансформациялар сөз қосып айқындауды қажет ететін тұстары болады. Аудармашы мәтіннің оқырманға барынша түсінікті болсын деген мақсатпен кейде осындай тәсілдерге де жүгінеді. Мәселен, *«Одни клеточки имеют вид крошечных кирпичиков, как клеточки кончика стебля, другие вытянуты в виде тончайших трубочек, как например клеточки в жилках листьев, третьи, наконец, сплющены в виде лепешек или пластинок»* [3, 38] дегенді *«... кейбір хұжайралар тақташық секілді болып қақталынған не сарт наны секілді болып жұмыранған болады»* түрінде аударарды [4, 216]. Мұнда құжайраның формасын көрсетуге алынған лепешка сөзін жай нан емес, түпнұсқада жоқ сарт сөзін қосып айқындап беріп отыр. Аудармашы мәтінді жолма-жол, сөзбе-сөз қайталамаған, бірақ түпнұсқаның рухын айнытпай берген тұстары көп. Мәселен, мына үзінділерге назар аударсақ: *«Вы знакомы, конечно с одувандиком. Кто не знает его желтых цветов, кто не видел тех пушистых шариков, в которых превращаются его цветы, когда она отцвела? Все мы знаем что, если дунуть на такой шарик, то весь он рассыплется, разлетится в разные стороны мелким пухом. Посмотрите на одну из таких пушинок, и вы увидите что она сидит на кончике маленького семечка»* [3, 266].

Аудармасы: *«Бақбақты кім білмейді? Сан шешектен түзілген бақбақтың сары басын кім танымайды? Түбіттей болған бақбақтың ақ сәлдесін кім білмейді? Сәлде – піскен шешектер. Ұрып жіберсеңдер, сәлде бұзылады да құстың мамығындай болып жан-жаққа ұшып кетеді. Мамықтың біреуін қолға алып тексерсеңіз, ұшында жүні бар дән екенін көресіз»* [4, 299].

Егер сөйлемдердің айтылуы бойынша қарастырсақ, түпнұсқадағы бірінші хабарлы сөйлем, аудармада сұраулы болып берілген, бірақ ол екінші сұраулы сөйлемді толықтырып тұр. Түпнұсқадағы екінші күрделі сөйлемдегі ой аудармада қысқа-қысқа екі сұраулы жай сөйлеммен бөлініп берілген. Бақбақтың басын автор «пушистый шарик» деп берсе, аудармашы «ақ сәлде» деп аударған. Американ аудармашысы Р. Лурье мұндай тәсілді «мәдениеттер эквиваленті» деп атаған. Қазіргі ХХІ ғасырдағы қазақ балаларына сәлде сөзіне қарағанда «пушистый шарик» түсініктірек. Бірақ ХХ ғасыр басындағы оқырман үшін сәлде сөзі аударылып отырған құбылысқа әлдеқайда жақындау,

оны әлдеқайда түсініктірек беруге қабілетті еді. Себебі балалар сәлде тағып жүрген адамдарды күнделікті өмірде жиі кезіктіретін.

Яғни Х. Досмұхамедұлы да, жалпы Алаш қайраткерлерінің аудармаға қойған талаптары да, сол талапқа сай жасалған аудармалар да сол заман аудиториясының өзгешелігін ескере отырып, сол қоғам үшін икемделіп аударылған еді. Олар мәтінде берілген ақпаратты оқырман жеңіл қабылдайтындай, дұрыс түсінетіндей етіп адаптациялық тәржіма стратегиясын пайдаланғанын көреміз. В.Н. Комиссаров, Л.Л. Нелюбин, Г.Т. Хухутуни секілді аударматанушы ғалымдар адаптациялық тәржімені аудармашының мәтінді субъективті бұрмалауы емес, тәржіме сапасын объективті түрде жақсартуы деп есептейді [9].

1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Тәшкенттен шыққан 9 аударма кітаптың жайын айтқан рецензия жарияланды. Онда қазақ баласына өте керек осы кітаптардың әрқайсысына жеке тоқталып, қайсысы оқуға жеңіл, қайсысы қазақшаға нашар аударылған, қайсысында жақсы аударылған жерлері «таздың шашындай» екенін, кімдердің «орыс кітабын қазақшалауға шебер» екенін көрсетеді. Мақалада Х. Досмұхамедұлының аудармалары туралы: «Бұл кітаптың қазақшасы артықша түсінікті. Бұл түрлі кітаптың алдыңғысы десек, күнәлі болмаспыз. Жаңылыс басылғандары бар. Кітаптың кінәсі – осы-ақ», - деп баға берілген екен [10].

Х. Досмұхамедұлы Ю. Вагнерден аударған «Денелеріміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер» кітабы бойынша барлығы биология және химия саласы бойынша 91 жаратылыстану терминін қолданған екен. Оның артерия – артерия, вена – вена, нерв – нерв, плазма крови или сукровица – қан плазмасы, эмаль – емел деген 5 терминді ғана сол күйінде қалдырып, оның өзін қазақ тілінің заңдылығына икемдеп алып қолданады да, өзге 86 терминді аударып қолданады.

Бүгінде жаратылыстану оқулықтарында (белок) ақ заттар – ақуыз, (желчный пузырь) өт дорба – өт қабы, (кислород) қышқылтуым – оттегі, (клапаны) жүрек қақпашығы – жүрек клапандары, (моча) сідік – зәр секілді кейбір терминдер өзгертілген.

Түпнұсқа мәтін мен Х. Досмұхамедұлы аударған мәтіндерді салыстыра отырып, аударма барысында қолданған әдіс-тәсілдері мен пән сөздерін аудару туралы баспасөз бетінде жариялаған мақалаларындағы аудармаға қойған талаптарын өзі де берік ұстанғанын көрдік. Х. Досмұхамедұлы аударған кітаптар қазақ ғылымының салаларын арнайы лексикамен байытып, шәкірттердің көзін ашуға септігін тигізді. Ал аударма және төлтума еңбектерінің ішіндегі көптеген терминдер химия, биология, медицина секілді

жаратылыстану ғылымдарының терминдерінің қалыптасуына ықпал етіп, біразы осы күнге дейін оқулықтарда қолданыста жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Досмұхамедұлы Х. Жан саулығы. – А.: Арыс, 2017. – 432 б.
2. Вагнер Ю.Н. Рассказы о томъ какъ устроено и работает наше тѣло. – М.: Типография «Крестнаго Календаря», 1911. – 88 с.
3. Вагнер Ю. Рассказы о томъ какъ устроены и какъ живутъ растенія. – М.: Типография Товарищества И.Д. Сытина, 1901. – 278 с.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – А.: Өлке, 2003. – 240 с.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – А.: Санат, 1993. – 496 б.
6. Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі / Құраст. проф. Ғ. Әнес. – А.: Қазақ тілі, 2019. – 320 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. басқ. І. Кеңесбаев – А.: Ғылым, 1961. – 537 б.
8. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 400 б.
9. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. М.: ЭТС, 2002. Нелюбин Л.Л., Хухуни Г.Т. Наука о переводе (история и теория с древнейших времен до наших дней): учеб. пособие. М.: Флинта; МПСИ, 2006.
10. Мырзағали А. Тәшкенде басылған қазақтың 9 кітабы туралы <https://www.abai.kz/post/101876>.

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГИБРИД ТЕРМИНДЕРДІҢ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ (ҚҰРЫЛЫМДЫҚ) СИПАТЫ

Сәрсенбай ҚҰЛМАНОВ*
Бақыт ҚОРДАБАЙ*
Жарас ЕСКЕНДІР*

Аңдатпа

Мақалада он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» гибрид терминдердің тектанымдық (генеалогиялық) жіктелімі жасалып, статистикалық көрсеткіші анықталды.

Зерттеу нәтижесінде гибрид терминдер төмендегіше жіктелді: а) шет тілі мен қазақ тілі сөздерінен құралған гибрид терминдер; ә) шет тілі сөздерінен құралған гибрид терминдер; қазақ тіліне араб және парсы тілінен ертеде енген терминдер мен сөздерден құралған гибрид терминдер.

Қазақ тіліндегі гибрид терминдер морфологиялық құрамы бойынша төмендегіше топтастырылды: бірігу арқылы жасалған гибрид терминдер; қосарлану арқылы жасалған гибрид терминдер.

Зерттеуде ғылыми әдебиеттерге шолу, компоненттік талдау, жүйелеу, бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеуден алынған нәтижелерді салалық терминология мен терминографиядан дәріс курстары мен практикалық сабақтарда қолдану мүмкіндігі зерттеудің практикалық маңыздылығын арттырады.

Түйін сөздер: гибрид терминдер, ұлттық және аралас терминдер, лексиканың гибридтенуі, терминбөлшектер, терминжасам.

Abstract

The article develops a genealogical classification and defines statistical data of hybrid terms in the 15-volume Dictionary of the Kazakh Literary Language.

As a result of the study, hybrid terms were classified as follows: a) hybrid terms consisting of words of a foreign language and words of the Kazakh language; b) hybrid terms consisting only of words of a foreign language; c) hybrid terms consisting of terms and words that have long been included in the Kazakh language from Arabic and Persian languages.

* А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының доценті, Терминология орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

Hybrid terms in the Kazakh language are grouped according to morphological composition as follows: hybrid terms formed by merging words; hybrid terms formed by adding words.

The research used methods of scientific literature review, component analysis, systematization and observation.

The possibility of using the research results in lecture courses and practical classes on industry terminology and terminography increases the practical significance of the research.

Keywords: hybrid terms, national and mixed terms, hybridization of vocabulary, term elements, term formation.

Жалпы лексиканың гибридтенуі – әлем тілдеріне тән тілдік құбылыс. Ғалым Я. Кортас лингвистикалық зерттеулерде «гибрид» термині алғаш рет К. Вожланың еңбегінде аталатынын айта келе, француз тіліндегі гибрид терминдер туралы мынадай тұжырым жасайды: ([...] олар [гибрид терминдер] жартылай латын және жартылай французша, дегенмен барлық тілдерде гибридтер немесе аралас сөздер көп» [1, 535-536]. Ғалым гибрид терминдерді алғашқылардың бірі болып жіктеген Дарместетер мен Хацфельдтің (1964) жіктемесін келтіре отырып (грек-латын гибридтері (*автоклавты, хлорлы*); грек-француз гибридтері (*бюрократия, антинапа*); франко-латын гибридтері (*несеп-жыныс – génito-urinaire*), осы жіктелімге қатысты «негізінен этимологиялық өлшемдерге негізделген авторлардың жіктелуі (грек, латын және француз элементтері) синхронды/диахронды дихотомиядан туындайтын құрылымдық айырмашылықтарды да, морфологиялық типологияны да ескермейді» дей келіп, өз жіктелімін ұстанады:

- грек элементі + латын элементі (*аэродинамикалық*);
- латын элементі + грек элементі (*спектроскоп*)
- грек элементі + автономды лексикасы бар француз зат есімі (тәуелсіз қозғалыс (*auto-mouvoir – гидронеф*);
- грек немесе латын элементі + құрама элемент (*аэро-биплан*) [1, 536].

Ал неміс ғалымы Э. Хауген гибридті құрылымдарға өз ішінде төл және кірме бірліктер қатысқан сөздерді жатқызса [2, 70], тағы бір неміс лингвистері гибридтену процесін қазіргі сөзжасам модельдеріне сәйкес автохтонды және кірме элементтерді біріктірумен түсіндіреді [3, 102].

Зерттеуші И.М. Сазанец ағылшын тіліндегі гибридтену ұғымы алғаш рет В. Скит, Р. Моррис, О. Есперсен, Б. Грум, О. Эмерсон, Дж. Маккнайт, Дж. Несфилд, А. Кеннеди еңбектерінде аталып, гибридтену мәселесін зерттеу екі бағытта жүргендігін айтады: ағылшын тілінің кірме лексиканы

ассимиляциялауын зерттеу (ағылшын аффикстерін қолдана отырып, туынды сөздердің кірме негіздерден пайда болуы) және сөзжасамдағы кірме аффикстерді қолдануды сипаттау. Сонымен қатар ғалым «гибридтену» құбылысы жайында мынадай тұжырымдар жасайды:

1) гибридтенудің тілдік деңгейі гибридтенуді тек сөзжасам деңгейінде ғана емес, сонымен қатар форма қалыптастыру деңгейінде де қарастыруға болады;

2) гибридтің этимологиялық құрамы:

а) гибридтер ағылшын және роман сөзжасамдық элементтердің тіркесімі ретінде түсініледі;

ә) гибридтер ағылшын және кез келген (тек роман ғана емес) шет тіліндегі сөзжасамдық элементтердің тіркесімі ретінде анықталады;

б) гибридтер әртүрлі топтардың тілдерінен шыққан сөзжасамдық элементтерден тұратын сөздер ретінде қарастырылады, бұл ретте гибридтерге сөзжасамдық элементтері бір топтың әртүрлі тілдеріне жататын сөздерді жатқызуға болмайды (мысалы, ағылшын және скандинавиялық элементтердің тіркесімдері);

в) гибридтер екі немесе одан да көп тілдерден шыққан сөзжасамдық элементтердің комбинациясы ретінде анықталады;

3) гибридтің құрылымы:

а) гибридтер жұрнақ немесе префикс арқылы жасалған сөздер ретінде сипатталады;

ә) гибридтер аффиксация деңгейінде де, сөзжасам деңгейінде де қарастырылады [4, 7].

Ал германистикада гибридтену процесі кірме элементтермен туындайтын (Fremdwortbildung\Lehnwortbildung) сөзжасам аясында қарастырылады да, соған орай «эндогендік» (ішкі шығу тегі) және «экзогендік» (сыртқы шығу тегі) терминдері таралған. Осы ережелерге сүйене отырып, гибридті номинацияның мынадай анықтамасы ұсынылады: гибридті номинация – экзогендік және эндогендік элементтерден құралған номинация [5, 144-145].

Орыс ғалымы Д.С. Лотте өзге тілдік элементтерді қолдана отырып жасалатын терминдерді *гибрид терминдер* деп атайды. Ол кірме терминдерді түпнұсқа және аударма терминдер деп екіге бөліп, олардың таза құрамда да, аралас құрамда да келетіндігін жазады. Ғалымның пікірінше, кірме аралас терминдер – «гибрид терминдер» мынадай: *танк-паровоз, метацентрлік биіктік, күштік функция, аккумуляторлық қоректендіру* және т.б. [6, 14].

Қазақ тіл білімінде гибрид терминдер «гибрид», «будан», «қоспа» деп аталып жүр. Терминтанушы ғалым Ш. Құрманбайұлы «гибрид термин» деп бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдерді көрсетеді [7, 492]. Ал ғалым құрастырған «Терминтану терминдерінің орысша-қазақша сөздігінен» «гибрид» терминінің аудармасы әр нұсқада кездесетінін көруге болады: «Гибридная интернационализация – жартылай халықаралықтандыру, Гибридный термин – будан термин, Гибридо-термин – см. Гибридный термин, Псевдозаимствованный термин – см. Гибридный термин, Смешанное заимствование – см. Гибридный термин, Термин-гибрид – см. Гибридный термин» [7, 592-607]. Бұл мысалдар «гибрид» терминінің қазақ тіліндегі қолданысын біріздендіру қажеттігін көрсетеді.

Ғалым Ш. Құрманбайұлының байқауынша, кейінгі 15-20 жыл аралығында жасалған жаңа терминдерді жинап саралау барысында орыс тілі арқылы енген терминдердің латын және грек терминбөлшектері немесе сыңары сақталып, басқа сыңары қазақ тіліне аударылып жасалған будан (гибрид) терминдер көп пайда бола бастаған. Мысалы, *автоұшықшы*, *авиатасымал*, *биоотын*, *бейнекамера*, *бейнефильм*, *дендробақ*, *геосаясат*, *киноұлдір*, *киберқылмыскер*, *микроағза*, *метатіл*, *мотоатқыштар*, *субқоржын*, *радиожиілік*, *фотоайғақ*, *ультрадыбысты*, *этносаясат*, *экожүйе* және т.б. терминдер [7, 910].

Профессор Б. Момынова қазақ тіліндегі гибрид терминдердің төмендегідей моделін ұсынады:

1. Құрылымы бойынша жай сөздер: кірме түбір/негіз + төлтілдік аффикс: *американдану* (американизация), *жаһандану* (түбірі – араб сөзі).

2. Құрылымы бойынша күрделі сөздер: а) кірме түбір/негіз + төлтілдік негіз: *vacuum chamber* – *вакуум-камера* – *вакуум-бөлмеше*; ә) төлтілдік түбір/негіз + кірме түбір/негіз: *ұлттық валюта*, *жабық есік форматы*; б) кірме негіз + кірме түбір/негіз: *инженерлік-әлеуметтік (инфрақұрылым)* [8].

Біз мақаламызда жоғарыда келтірілген жіктелімдерді ескере отырып, қазақ тіліндегі гибрид терминдерге негіз болған тілдерге сүйене отырып, олардың тектанымдық (генеалогиялық) жіктелімін жасап, статистикалық көрсеткішін анықтадық (1-диаграмма).




Диаграмма 1. Гибрид терминдердің статистикасы

Қазақ терминологиясында гибрид терминдер шет тілі мен қазақ тілі және шет тілдері терминдерінің бірігуі арқылы жасалған. Мақаламыздың дереккөзі ретінде алынған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» гибрид терминдердің құрамы мен санын анықтадық. Көп томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» шет тілінен енген терминдер өте көп. Солардың ішінде грек, латын, француз, неміс, италиян, ағылшын және т.б. тілдерден енген терминдер жиі ұшырасады. Бұл тілдердің терминдері қазақ және өзге тілдің терминдерімен бірігіп, гибрид терминдерге айналған. Онда тік жақша «[1-тіл + 2-тіл]» белгісі арқылы көрсетілген әртүрлі тілдің терминдерінен құралған гибрид терминдер бар.

Зерттеу нәтижесінде алынған материалдар негізінде гибрид терминдер екіге жіктелді:

- шет тілі мен қазақ тілі сөзінен құралған гибрид терминдер;
- шет тілі сөздерінен құралған гибрид терминдер.

Шет тілі мен қазақ тілі сөздерінен құралған гибрид терминдерге мыналар жатады:

1) грек тілінің терминдерімен біріккен қазақ тілінің терминдері: баросыналық, морфомүсін, макротүтікшелер, микротүтікшелер, биокөкәжсиек, биосаясат, геосаясат;

2) латын тілінің терминдерімен біріккен қазақ тілінің терминдері: *гидроайырғыш, фагоцителлотәрізділер;*

3) ағылшын тілінің терминдерімен біріккен қазақ тілінің терминдері: *сервжетек, сервсызықжол, метатапсырма, микробағдарлама.*

Шет тілдері сөздерінен құралған гибрид терминдер құрамындағы тілдерге қарай былай топтастырылды:

1) грек тілі мен латын тілінің терминдерінің бірігуі: *апофермент, авитаминоз, агрохимия, антивирус, аплацентал, аэроплан, биоиндикатор, биокомбинат, гетеродуплекс, ихтиофауна, моноцентризм, полеовулканизм, эоцид;*

2) латын тілі мен грек тілінің терминдерінің бірігуі: *альтиметр, бальнеология, биатлон, велодром, венерология, glanduloцит, гонобласт, дефектология, диктофон, колориметр, контратип, лингафон, маммогенез, мотодром, мутагенез, осциллограф, пиктограмма, потенциометр, радиоастрономия, радиогеология, синантроп, таксометр, хемосинтез, целлофан, флюорография, фибролит;*

3) грек тілі мен француз тілінің терминдерінің бірігуі: *автопилот, антикоммунизм, аэронавтика, биодеградация, генофонд, магнитометр, мегафон, паралингвистика, проторенессанс, этнолингвистика;*

4) француз тілі мен грек тілінің терминдерінің бірігуі: *газконденсат, газометр, кюритепия, моноплан, патефон, трасология.;*

5) грек тілі мен неміс тілінің терминдерінің бірігуі: *автокран, биостатистика, гидромурфта, геостатистика, хормейстер, электростатика;*

6) неміс тілі мен грек тілінің терминдерінің бірігуі: *бортмеханик, картограмма, картограф, картография, картометрия, кристаллография, курортология, фельдипатоидтар, цинкография;*

7) грек тілі мен голланд тілінің терминдерінің бірігуі: *автоштурман;*

8) грек тілі мен ағылшын тілінің терминдерінің бірігуі: *гидромонитор, монорельс, макромаркетинг, тиристор, электрокар;*

9) ағылшын тілі мен грек тілінің терминдерінің бірігуі: *джеспилит, фильмоскоп, фильмотека;*

10) итальян тілі мен грек тілінің терминдерінің бірігуі: *гальванокаустика, гальванопластика, гальваноскоп, гальваностегия;*

11) латын тілі мен француз тілінің терминдерінің бірігуі: *авиадесант, аудиокассета, мотоэстафета, постмодерн, радиозонд, радиокомитет радиометр, ревальвация;*

12) француз тілі мен латын тілінің терминдерінің бірігуі: *дезактивация, акциз, дезинтегратор, дезинсекция, дезинформация, газолин, детенатор, панно;*

13) латын тілі мен ағылшын тілінің терминдерінің бірігуі: *авиаклуб, демаркетинг*;

14) ағылшын тілі мен латын тілінің терминдерінің бірігуі: *макроэволюция, макроэкономика*;

15) латын тілі мен итальян тілінің терминдерінің бірігуі: *авиакасса, радиогазет, радиокомпас*;

16) француз тілі мен неміс тілінің терминдерінің бірігуі: *терренкур*;

17) француз тілі мен ағылшын тілінің терминдерінің бірігуі: *газойл*;

18) француз тілі мен орыс тілінің терминдерінің бірігуі: *бефстроганов*;

19) ағылшын тілі мен неміс тілінің терминдерінің бірігуі: *тралмейтер*.

Шет тілдері терминдері қосарланып жасалған терминдер төмендегіше топтастырылды:

1) латын тілімен грек тілінің терминдерінің қосарлануы: *радикал-иондар*;

2) ағылшын тілі мен латын тілінің терминдерінің қосарлануы: *медиа-форум*;

3) неміс тілі мен француз тілінің терминдерінің қосарлануы: *обер-лейтенант, штрих-код*;

4) ағылшын тілі мен голланд тілінің терминдерінің қосарлануы: *кают-компания*.

Бір тілден енген кірме терминдердің өзара қосарлану арқылы жасалып енген терминдерге мыналар жатады:

1) латын тілінен: *баланс-нетто, дебет-нота, де-юре*;

2) француз тілінен: *ва-банк, карт-бланш, форс-мажор*;

3) неміс тілінен: *камер-юнкер, лейб-гвардия, унтер-офицер*;

4) ағылшын тілінен: *веб-сайт, кока-кола, клиент-сервер, интернет-провайдер, интернет-сервер, интернет-террор, контент-талдау, кросс-ассемблер, контакт-схема, скэн-код, тайм-чартер, шлем-дисплей, шоп-тур, ноу-хау, поп-арт, поп-музыка, пинг-понг, шоу-бизнес*;

5) сингал тілінен: *бери-бери*;

6) жапон тілінен: *каратэ-до*.

Осылайша, тіліміздегі гибрид терминдерге он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша жасалған талдау бойынша анықталған гибрид терминдердің морфологиялық құрамы төмендегіше:

– бірігу арқылы жасалған гибрид терминдер;

– қосарлану арқылы жасалған гибрид терминдер.

Сондай-ақ, тілімізге ертеден енген араб және парсы тілінен енген терминдер мен сөздерден құралған гибрид терминдер де ұшырасады. Мұндай гибрид терминдерді жоғарыдағыдай жіктесек, былай болады:

1) парсы тілінің терминдерімен біріккен қазақ тілінің терминдері: *бейәдеп, бейбақ, бейбақыт, бейберекет, бейтарап, бейтәртіп, бейуақыт, бейхабар, бәдбақыт, бәдпизғыл, бәдпарасаттылық;*

2) араб тілі мен парсы терминдерінің бірігуі: *айыппұл, кірекеш, қадірмен, қаһарман, мәмілегер, медеткер, мұсылман, мұбада, қадідан, парыздар;*

3) парсы тілі мен араб терминдерінің бірігуі: *әрдайым, бағзар, әбікәусар, бәддұға.* Соның ішінде:

а) парсының «нама» сөзімен біріккен араб сөздері: *азанама, ғұмырнама, гибратнама, ғарызнама, ғаріпхана, ғасырнама, құбылнама, мағлұматнама, мадақнама, өсиетнама, тарихнама;*

б) парсының «хана» сөзімен біріккен араб сөздері: *ажайыпхана, әжетхана, ғибадатхана, ғаріпхана, қабылхана, қабірхана, кітапхана, қасапхана, мәйітхана.*

Қазақ тіліндегі бірігу арқылы жасалған гибрид, кірме сөздердің алғашқы «префиксі» көбінесе грек тілінен енген болып келеді. Оларға мынадай мысалдарды келтіруге болады:

1. авто-: *автограф, автокран, автопилот, автореферат, автофургон;*
2. апо-: *апомиксис, апоневроз, апофермент;*
3. анти-: *антивирус, антиклин, антилогизм, антиморфон;*
4. антропо-: *антропология, антропогенез, антропология;*
5. актино-: *актинограф, актиноидтер, актинолит, актинометрия;*
6. ана-: *анафаза, анафилаксия, анафора, анахронизм, анаэроб;*
7. астро-: *астробиология, астроботаника, астрология;*
8. аэро-: *аэробтар, аэродром, аэрозоль, аэронромия, аэроплан;*
9. био-: *биоакустика, биоген, биогенез, биография, биогеография, биогеоценоз, биогидросфера, биодеградация;*
10. гидро-: *гидропульт, гидростатика, гидросфера, гидротерма, гидротехника;*
11. гипо-: *гипогликемия, гиподинамия, гипоксия, гипология, гипотермия, гипотония;*
12. гетеро-: *гетерогамия, гетерогенді, гетерография, гетерозигота;*
13. гео-: *геодемография, геодинамика, геология, геомагнетизм, геометрия, геостатистика;*
14. гемо-: *гемоглобин, гемолиз, гемолимфа, гемостаз, гемофилия;*
15. ген-: *генетика, генезис, генотип, геноцид, генофонд;*
16. зоо-: *зообента, зоогеография, зоология, зоотехника, зоопсихология;*
17. изо-: *изобаза, изогамия, изоглосс, изография, изоклиналь;*
18. кардио-: *кардиограмма, кардиография, кардиология;*

19. крио-: *криобиология, криобионттар, криогенез, криогенттік, криогендік, криолитогенез, криолитозона;*
20. микро-: *микрофон, микробиология, микроклимат, микропсия;*
21. мио-: *миоластер, миовирустар, миоглобин, миография, миокард, миология, миоцен;*
22. мета-: *метатеория, метафизика, метаморфоза;*
23. макро-: *макрокосмос, макромаркетинг, макромолекула;*
24. мезо-: *мезозой, мезолит, мезонефрос;*
25. палео-: *палеоантропология, палеоантроптар, палеоботаника, палеовулканизм, палеоген, палеография;*
26. поли-: *полиандрия, полиартрит, поливитамин, полигамды, полигамия, полиглот, полигон;*
27. псих-: *психиатрия, психолінгвистика, психология, психотерапевт;*
28. теле-: *телевизор, телеграмма, телеграф, телеметрия, телемеханика, телеология, телефон;*
29. этно-: *этногенез, этнография, этнолінгвистика, этнология, этнонимика, этноцентризм;*
30. эпи-: *эпибентос, эпидермис, эпизоотия, эпицентр, эпимизий;*
31. эндо-: *эндогамия, эндогенді, эндокринді, эндокринология, эндомизий, эндоосмос, эндопаразит;*
32. электро-: *электролиз, электрометр, электромобиль, электролиттер, электрокар, электроскоп;*
33. экзо-: *экзобиология, экзогамия, экзоподит, экзоцитоз;*
34. фото-: *фотография, фотолиз, фотометр, фоторецепторлар, фотосинтез, фототелеграф, фотосфера, фототерапия;*
35. фит(о)-: *фитоалексиндер, фитобентос, фитогеография, фитогормондар, фитоклимат, фитомасса.*

Қазіргі ұлттық тілдердің терминологиясын халықаралық терминологияның дамуынан бөлек қарастыру мүмкін емес. Қандай да бір ұлттық тілде жоқ жаңа ұғымдарды білдіретін терминдер көбінесе халықаралық терминология құрамынан терминологиялық бірліктерді алу арқылы толықтырылады. Осылайша шығу тегі әртүрлі тілдерден морфо-синтаксистік сөзжасам тәсілдерімен (префикс, жұрнақ, сөздердің бірігуі) жасалған туынды, күрделі туынды немесе күрделі сөз деп анықталатын гибрид терминдерді қарастыру тілдің даму процесін, тілге әсер етуші экстралингвистикалық, интралингвистикалық факторларды бағамдауға ғылыми негіз бола алады. Осы ретте терминологиядағы гибридтену процесі терминжасамдағы өнімді әдістердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kortas, Jan. (2009). Les hybrides lexicaux en français contemporain: délimitation du Concept, dans Meta. Volume 54, Numéro 3, septembre, 2009, p. 533–550.
2. Хауген Э. Языковой контакт. – Новое в лингвистике. - Вып. 6. – М., 1972. – С. 61-80.
3. Fleischer W., Barz I. Wortbildung der deutschen Gegenwartssprache. 4. Auflage; völlig neu bearbeitet von Irmhild Barz unter Mitarbeit von Marianne Schröder. Walter de Gruyter GmbH & Co. KG, Berlin/Boston, 2012. – 484 б.
4. Сазанец И.М. Английский гибризм: производные гибриды : диссертация ... кандидата филологических наук. – Тула, 2008. – 166 с. <http://www.dslib.net/germanskie-jazyki/anglijskij-gibridizm-proizvodnye-gibridy.html>.
5. Озолина М.Н. Термины-гибриды с англо-американскими элементами в современном немецком языке экономики / Преподаватель XXI век, 2 /2007. – С.144-148.
6. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и термиоэлементов. – М: Наука,1982. – 152 с.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 952 б.
8. Момынова Б. Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері. <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>.

ЭНДОГЕНДІ ЖӘНЕ ЭКЗОГЕНДІ БУДАН ТЕРМИНДЕР

Ақжібек АХМЕТ*

Аңдатпа

Мақалада қазақ тіліндегі будан терминдерді екі негізгі топқа бөлу ұсынылады: эндогенді будан терминдер – құрамында төл элементі бар, ал экзогенді будан терминдер – тек кірме элементтерден тұратын терминдер.

Түйін сөздер: терминология, терминжасам, будан терминдер, эндогенді будан терминдер, экзогенді будан терминдер.

Abstract

In this article, hybrid terms in the Kazakh language are divided into two main categories: endogenous hybrid terms, which contain native elements, and exogenous hybrid terms, which consist solely of borrowed elements.

Keywords: terminology, term formation, hybrid terms, endogenous hybrid terms, exogenous hybrid terms.

Будан терминдер – тілдегі бар кірме элементтердің қатысуымен пайда болатын жаңа ұғымның атауы. Бұл құбылыс сөзжасам мен этимологияның түйіскен орнында пайда болған. Сондықтан будан терминдердің анықтамасы этимологиялық әртүрлі бөлшектердің немесе төл және кірме бөлшектердің бірігуі деп екі түрлі келтіріліп жүр.

«Будан» түсінігінің анықтамаларын қарастыру бұл терминнің бір мағыналы еместігін көрсетеді. Мәселен, О. Есперсен буданды әртүрлі этимологиядағы элементтерден тұратын туынды сөз ретінде қарастырады және бұл ағылшын тілінің сөзжасамдық жалғауы (қосымшасы) француз сөзіне қосылған сәтте пайда болады деп атап өтеді [1; 39]. Мысалы, the Duke's children тіркесіндегі тәуелдік септіктегі зат есім немесе noblest сөзіндегі сын есімнің күшейтпелі шырайы. Осылайша, О. Есперсен грамматикалық ассимиляция нәтижесінде пайда болатын будандардың морфология саласына қатысты мәселелерін қозғайды. Дегенмен, бұл комбинациялар біздің зерттеуіміздің нысанына жатпайды, өйткені олар жаңа лексикалық бірлікті емес, сөздің грамматикалық формаларын жасайды. Ал кірме түбір морфемалардың ассимиляциясында

* Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторант

мысал ретінде әртүрлі тектегі элементтер (түбір және аффикстік морфемалар) жаңа сөз жасау үшін біріктірілген жағдайлар маңыздырақ.

О. Эмерсонның анықтамасы бойынша, бұдан — екі түрлі тілден алынған элементтерден тұратын туынды сөздер. Ол француз және ағылшын тілдерінен алынған элементтерден ең көп бұдан жасалатынын атап өтеді, себебі француз тілі басқалармен салыстырғанда ағылшын тілінің сөздік қорын дамытуға ең үлкен үлес қосқан [2; 137]. Көптеген зерттеушілер бұл фактіні ескере отырып, роман тілдерінің түбірлерінің және ағылшынның төл аффикстерінің немесе ағылшын түбірлерінің роман аффикстерімен қосылуы арқылы пайда болған бұдандарды сипаттаумен шектеледі. А. Бо мен Т. Кейбл, мысалы, француз түбірі мен ағылшын префиксінен немесе жұрнағынан тұратын бұдандар туралы сөз қозғаған [3; 215].

Р. Моррис те бұдандарды ағылшын және роман тілдерінің сөзжасамдық элементтерінің бірігуі деп қана шектейді [4; 65]. Ал Дж. МакНайт бұдан деп түбірі мен аффиксі әртүрлі тілдерден алынған кез келген сөзді атайды [5; 171]. Г. Марчанд бұдандарды екі топқа бөледі: біріншісі, кірме түбірлер мен ағылшын аффикстері қосылған сөздер; екіншісі, ағылшын түбірі мен кірме аффикстерден тұратын сөздер [6; 158-159].

Дж. Несфилд бұданды аралас этимологиялы сөз ретінде анықтайды, бірақ ол тілдік топтарға қатысты қатаң талаптар қояды. Ол, мысалы, герман және роман тілдерінің элементтерінен тұратын сөздерді бұдан деп атайды, бірақ герман тілдерінен шыққан түбірлер мен басқа германдық тілдерден алынған аффикстердің комбинациясын бұдан ретінде қарастырмайды. Мысалы, *fellowship* сөзін бұдан деп есептемейді, өйткені *fellow* түбірі скандинавиялық, ал *-ship* жұрнағы англосаксондық [7; 185].

Көптеген зерттеушілер бұданның этимологиялық құрамына осындай шектеулер қоймайды. Мәселен, Т. Пайлз бұдан деп кез келген екі түрлі тілдің элементтерінен құралған сөзді атайды. Ол мысал ретінде грек және француз элементтерінен құралған *autocade* бұданын келтіреді. И.В. Арнольд пен Л.А. Манерко да бұданды әртүрлі тілдерден алынған элементтерден құралған сөз деп анықтайды [8; 106-107; 9; 53-55]. Э.М. Дубенец бұдандарды түрлі этимологиялық морфемалары бар сөздер ретінде сипаттайды [10; 103].

А. Кеннеди бұдандарды екі немесе одан да көп тілдердің элементтерінің комбинациясы ретінде түсіндіреді және бұл элементтер белсенді қолданылып, тілде ұзақ уақыт бойы болған кезде пайда болатынын айтады [11; 386]. В. Скит бұдандарды әртүрлі тілдерден алынған элементтерден тұратын сөздер ретінде анықтайды. Бұл сөздер префикс немесе суффикс арқылы жасалады,

бірақ күрделі будандар да бар. Оның мысалдары: outcry, unable, lifeguard, beef-eater [12; 430-431].

Қазақ тіл білімінде де будан терминдерге байланысты зерттеулерде будан терминдерінің екі түрін атап өтеді.

«Қазақ тіліндегі будан терминдердің генеалогиялық және грамматикалық (құрылымдық) сипаты» мақаласында зерттеу нәтижесінде алынған материалдарға негізделіп отырып, ғалымдар будан терминдерді екі түрге бөледі:

- Шетел және қазақ тілдерінің будан терминдері;
- Екі шетел тілінен тұратын будан терминдер [13].

Біздің ойымызша екі көзқарастың өзіндік орны бар. Қазіргі неміс лингвистикасында будандастыру құбылысын кірме элементтермен байланысатын сөзжасам аясында қарастырады. Соған «эндогенді» және «экзогенді» будан түрлері қалыптасқан. «Эндогенді» будандар неміс тілінде жасалатын будан атаулар болса, «экзогенді» будандар – өзге тілде будандасып, неміс тіліне енетін сөздер. Сондықтан қазақ тіл білімінде будан терминдерді құрамында төл элементтің болуына байланысты бөліп қарастыруды ұсынамыз.

Эндогенді будан терминдер және экзогенді будан терминдер ұғымдары будан терминологияның әртүрлі этимологиялық негіздерінен туындайтын жаңа жіктемелік жүйе болып табылады. Бұл екі түрдің ерекшеліктерін анықтау үшін олардың құрамындағы тілдік элементтердің шығу тегі басты назарда болады.

Эндогенді будан терминдер

Эндогенді будан терминдер – құрамында кем дегенде бір төл элементі бар, яғни қазақ тілінен алынған сөздермен біріктірілген будан терминдер. Бұл терминдер қазақ тілінің ішкі сөзжасам элементтері мен морфологиялық құрылымдарына негізделеді және шет тілдік компоненттермен бірігіп, жаңа ұғымды білдіреді.

Анықтама: эндогенді будан терминдер – құрамында қазақ тілінің төл түбірі бар, шет тілдік немесе кірме элементтермен қосылған терминдер.

Мысалдар:

1. **Әуебилет** (қазақша "әуе" + орысша "билет") – ұшу билеті.
2. **Бейнекамера** (қазақша "бейне" + ағылшынша "camera") – видео түсіретін құрылғы.
3. **Ішалгебра** (қазақша "іш" + орысша "алгебра") – алгебралық құрылым ішіндегі математикалық жүйе.

Эндогенді будан терминдер көбінесе күнделікті өмірде, ғылымда, техникалық салаларда немесе жаңа технологиялық терминдерді бейімдеу үшін қолданылады.

Эндогенді будан терминдердің қайнар көзі – халықаралық термин-бөлшектер арқылы жасалған будан терминдер. Терминдердің жасалу үлгілері тіліміздің дамуы мен терминологиялық жүйенің кеңеюіне ықпал етіп, жаңа терминологиялық қабаттардың пайда болуына себепші болуда. Осылайша соңғы уақытта төл терминбөлшектердің пайда болып жатқанын көре аламыз. Мысалдар 1-кестеде көрсетілген.

әуе	Әуебилет (ЖАМҚС, 440) Әуевокзал (ЖАМҚС, 440) Әуекеросині (ЖАМҚС, 440) Әуекомпания (ЖАМҚС, 440)
бейне	Бейнеклип (ЖАМҚС, 440) Бейнеконференция (ЖАМҚС, 440 б.) Бейнемагнитофон (ЖАМҚС, 440) Бейнесюжет (ЖАМҚС, 440)
жаңа	Жаңаакадемизм (ЖАМҚС, 442 б.) Жаңаготика (ЖАМҚС, 442 б.) Жаңаидеализм (ЖАМҚС, 442 б.) Жаңаромантизм (ЖАМҚС, 442 б.)
іш	Ішалгебра (ЖАМҚС, 448 б.) Ішбазис (ЖАМҚС, 448 б.) Ішграф (ЖАМҚС, 448 б.) Ішгруппа (ЖАМҚС, 448 б.) Ішмодель (ЖАМҚС, 448 б.)

1-кесте. Төл терминбөлшектер арқылы жасалған будан терминдер

Төл терминбөлшектің пайда болу феномені – бұл тілдің дамуындағы маңызды аспект, оның барысында жаңа терминдер мен ұғымдар қалыптасады. Төл терминбөлшектің пайда болуы – бұл күрделі, көпфакторлы процесс, ол тілдің өміршеңдігі мен мәдени дамуының белгісі.

Экзогенді будан терминдер

Экзогенді будан терминдер – құрамында тек кірме, яғни шет тілдерінен енген элементтерден тұратын терминдер. Мұнда терминдерді жасауда қазақ тілінің төл элементтері қолданылмайды, бірақ бұл терминдер де қазақ тілінің сөздік қорына еніп, тілдің құрамдас бөлігіне айналады. Экзогенді будан терминдер бірнеше шет тілдік элементтердің бірігуі нәтижесінде жасалады.

Анықтама: экзогенді будан терминдер – тек кірме тілдік элементтерден, яғни екі немесе одан да көп шет тілдік бөлшектерден құралған терминдер.

Мысалдар:

1. **Аэрофлот** (грекше "аэро" + латынша "флот") – әуе флотын білдіретін термин.

2. **Психоанализ** (грекше "психо" + латынша "анализ") – психикалық процестерді зерттейтін психологиялық әдіс.

Экзогенді будан терминдер көбінесе халықаралық ғылыми, техникалық, және мәдени ұғымдарды білдіру үшін қолданылады. Олар жаһандық терминологиялық жүйемен байланысып, біртұтас жаһандық лексикамен қатарласып дамиды. Бұл терминдер халықаралық ортада біркелкі қабылданып, бір тілден екінші тілге оңай еруге бейім.

Қорыта айтқанда, эндогенді және экзогенді будан терминдер – қазақ тіліндегі будан терминологияны жіктеудің екі түрлі тәсілі. Эндогенді будандар қазақ тілінің ішкі құрылымымен байланысты болса, экзогенді будандар тек кірме элементтерден құралады. Бұл терминологиялық жүйе қазақ тілінің жаһандану мен терминологиялық дамуға қалай жауап беретінін көрсетеді және әртүрлі салада жаңа ұғымдарды нақты әрі түсінікті жеткізу үшін маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Jespersen O. Growth and Structure of the English Language [Text] / O. Jespersen. - Chicago: The University of Chicago Press, 1982. - 244 p.

2. Emerson O.F. The History of the English Language [Text] / O.F. Emerson. - New York, London: Macmillan, 1935. - 415 p

3. Baugh A.C., Cable Th. A History of the English Language [Text] / A.C Baugh, Thomas Cable. - 3 ed., reprint. - London: New York: Routledge, 1990.-438 p.

4. Morris R. Historical Outlines of English Accidence [Text] / R. Morris. - London: Macmillan, 1899. - 464 p.

5. McKnight G.H. English words and their background [Text] / George H. McKnight. - New York: London: Appleton - Century co., 1923. - 456 p.

6. Marchand H. The Categories and Types of Present-day English Wordformation [Text] / Hans Marchand. - University of Alabama Press, 1966. - 379 P

7. Nesfield J.C. English Grammar. Past and Present [Text] / J.C Nesfield. - London: Macmillan, 1924. - 470 p

8. Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка [Текст] / И.В. Арнольд. -М.: Высш. шк., 1986. - 295 с.

9. Манерко Л.А. Этимология английского языка через историю народа Великобритании [Текст]: Учебное пособие / Л.А. Манерко. - Рязань: ИздвоРГПУ, 1998. -272с.

10. Дубенец Э.М. Лексикология современного английского языка:

лекции и семинары [Текст]: Пособие для студентов гуманитарных вузов / Э.М. Дубенец. - М.: «Глосса-Пресс», 2002. - 192 с

11. Kennedy A.G. Current English [Text] / A.G. Kennedy. - Boston: New York: Chicago: London: Ginn, 1935. - 738 p.

12. Skeat, Walter W. Principles of English Etymology [Text] / Walter W. Skeat. - Oxford: Oxford At the Clarendon Press, 1892. - 547 p.

13. Kulmanov S., Kordabay B., Yesskendir Zh., Ashimbayeva N., Bissengali A. GENEALOGIC AND GRAMMATICAL (STRUCTURAL) CHARACTER OF HYBRID TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE/ The scientific heritage No 87 (2022). P. 32-38.

14. Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі. / Құраст. Шерубай Құрманбайұлы. - Алматы: ЖК «Тарпанбаева А.Ш.», 2023. - 496 бет.

15. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «», 2014.б. - 952 бет.

ХИМИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

Күлзада БАЖЫҚОВА*
Жеңіс СЫДЫҚБАЕВ*

Аңдатпа

Мақалада химия ғылымындағы негізгі терминдерді қазақшаға аудару мәселелері және осы саладағы жетістіктер мен ұсыныстар қарастырылады. Химия терминдерін қазақ тіліне аудару барысында туындайтын қиындықтар ашып көрсетіледі.

Тікелей аударма жасау немесе шеттілдік терминдерді калькалау арқылы енгізу қазақ тіліндегі ұғымды толық бермейтіндігі, бұл терминологияны қиындатып, ғылыми тілдің құндылығын жоғалту қаупін төндіретіндігі белгілі. Термин мәселесі тек химия ғылымының ғана емес, барлық пәндердің сапалы, түсінікті және ғылыми құндылығын жоғалтпай аударылуы тұрғысынан маңызды болмақ.

Болашақта химия саласындағы ғылыми терминдерді қазақ тіліне аудару – ғылымды қазақша түсіну мен тарату үшін өте маңызды қадам. Сондықтан бұл саладағы жұмысты жүйелі түрде жүзеге асырып, қазақ тіліндегі ғылыми терминологияны тұрақтандыру арқылы еліміздегі ғылымның дамуына үлес қосуға болады деген тұжырым мақалада көрсетілген.

Түйін сөздер: ароматтылық, транслитерация, гетероатом, ғылым, калька, терминология, тотықсыздану, реакция, тілдік сәйкестік, химия.

Abstract

The article discusses the issues, challenges, achievements, and recommendations related to translating fundamental chemistry terms into the Kazakh language. It highlights the importance of careful consideration in translating chemistry terms into Kazakh to avoid misunderstandings caused by some translation difficulties.

It is noted that literal translations or calques of foreign terms do not fully convey the Kazakh concepts, complicating terminology and potentially undermining the significance of scientific language. The issue of terminology is emphasized as crucial not only for chemistry but for all disciplines, as a high-quality, clear, and scientific translation is required.

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, м.а. химия ғылымдарының кандидаты

* Алматы Технологиялық университетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты

It is stated that translating scientific terms in chemistry into Kazakh is an important step for understanding and disseminating science in the Kazakh language. Systematic work in this area and the stabilization of scientific terminology in Kazakh will contribute to the development of science in the country.

Keywords: aromaticity, reduction, heteroatom, science, calaca, terminology, transliteration, reaction, language identity, chemistry.

Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан Республикасы ана тілінің жай-күйі мен болашағына ерекше көңіл бөлуде. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қоғамдық қызметін жандандыру мен қалыптастыру басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда.

Қазақ терминологиясын түпкілікті қалыптастыру, оған тілдік тұрғыдан түсінік беру және нәтижелерін түрлі салаларға баянды етіп енгізу мәселесі де өзекті болып отыр. Осыған орай, терминология, әсіресе ғылыми терминдер мәселесі, қазіргі таңда үлкен қажеттілікке айналуда және терең зерттеуді талап етеді (Қоқанбаев Ә.Қ., 2014; Аятжан А., 2022; Құрманбайұлы Ш., 1998).

Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық білімнің қарқынды дамуы заманауи тілдерде жана сөздердің басым бөлігін (шамамен 90%-ын) арнаулы лексика құрайтынын айқын көрсетуде. Адам қызметінің түрлі салаларына қатысты терминдердің көбеюі жалпықолданыстық сөздер қабатынан әлдеқайда қарқынды жүруде. Осыған байланысты қазіргі таңда жеке ғылым салаларының, атап айтқанда, химия, биология, медицина салаларының терминдерінің саны жалпықолданыстық сөздер санынан едәуір асып түсіп отыр.

Сондықтан химия саласындағы ғылыми терминдерді қазақ тіліне аудару – өзекті әрі маңызды тақырыптардың бірі. Ғылым мен технология саласында қазақ тілінде сапалы терминологияны қалыптастыру ғылыми жетістіктерді кеңінен түсіндіру және оқырманға жақындату үшін қажет (Қайдар Ә., 1993; Айтбайұлы Ө., 1988; Нұғыманов И.Н., 1965).

Қазақ тілінде ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстар, оқулықтар жазуда терминдердің қазақша дұрыс аудармасын қолдану қажеттілігі де бар.

Химия саласы бойынша аударылған, химия және химиялық технология саласында көмекші құрал ретінде қолданылатын сөздіктер де бар. Бұл сөздіктер негізінен химия ғылымының жеке салаларына арналған (Қазақша-орысша терминологиялық сөздік, 2000; Б.А. Бірімжанов, С.Т. Омаров, 1969; Н. Нұрахметов, Ш. Шаяхметов, 1992; А. Нұхин, Г. Шәбікова, Х. Оспанов, Б. Сәтбаев, 1993; Л.С. Ибраева, А.К. Сапакова, 2010).

Күнделікті өмірде барлық салада жалпылама қолданылатын сөздер ыңғайына қарай түрлі мағынада жұмсалса, терминдердің басым көпшілігі нақты бір мағынада ғана қолданылады. Сонымен қатар, кейбір терминдер әртүрлі ғылым салаларында мағынасына қарай түрліше қолданылуы мүмкін (ҚазССР Ғылым академиясының хабаршысы, филология және искусство-ведение сериясы, 1961; Қазақстан Республикасының жаңа заңдары, 1992). Атап айтсақ, химия саласында «реакция» термині химиялық заттардың өзара әрекеттесіп, жаңа заттар түзу процесін білдіреді. Қарапайым мысал натрий мен хлор қосылып, ас тұзының түзілуі – бұл химиялық реакция.

Ал психологияда «реакция» термині адамның сыртқы немесе ішкі тітіркендіргішке жауап беруін білдіреді. Мысалы, таңқалу, қуану, қорқу сияқты эмоциялар реакция түрлеріне жатады. Әлеуметтану саласында бұл термин қоғамның немесе әлеуметтік топтың белгілі бір оқиғаға, саясатқа немесе жағдайға деген көзқарасы мен әрекетін сипаттайды. Демек, бір термин әр салада әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Осыған байланысты терминдерді аударуда үлкен жауапкершілік талап етіледі.

«Термин» ұғымын екі түрлі бағытта қарастырған жөн. Біріншіден, ол – ғылымның нақты ұғымын білдіретін құрал. Сәтті жасалған термин ғылымның мәнін ашады және оның түсініктілігін арттырады, нәтижесінде ғылыми түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді. Екіншіден, термин – тілдің даму кеңістігін айқындайтын маңызды элемент. Бұл – белгілі бір тілдің ғылыми тіл ретінде қалыптасуына негіз болатын басты ұғым. Терминнің дұрыс қалыптасуы сол тілдің дамуына ықпал етіп, оның қолданылу аймағын кеңейтеді. Егер дұрыс аударылмаған терминдер бұрмалаушылыққа ұшырап, соңында қолданысқа енбесе, тілдің жойылуына әкеледі.

Қазіргі кезде халықаралық терминдерді аударуда көптеген түсініксіз аудармалар кездесіп жатады. Мұндай жағдайда, халықаралық терминдерді тым қазақшаламай, олардың ғылыми сипатында мағынасы түсінікті болатындай етіп қолданған жөн. Бұл тәсіл терминдердің дұрыс түсінілуіне және ғылыми тілдің бірізділігіне қолайлы жағдай жасайды. Егер терминнің аудармасы мағына жағынан нақты әрі анық болмаса, оны түпнұсқадағы түрінде қалдыру арқылы ұғымның дәлдігін сақтауға болады.

Мысал ретінде 2006 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен кейбір химия терминдеріне тоқталып өтейік.

Гетероатом – ала атом, донорлы-акцепторлық байланыс – алашақ-берешек байланыс және басқа да химия терминдері ғылыми термин ретінде бекітіліп, қабылданған. Алайда аталған терминдердің бұл аудармалары оқулықтарда

және оқу үдерісінде қолданылмайды. Себебі, гетероатом сөзі молекула құрамындағы әртүрлі атомдар деген мағына береді. Ал «ала топ» ғылыми термин ретінде қолдануға келмейді, өйткені мағынасы өзгеріп, түсініксіздікке әкелуі мүмкін. Сондықтан орыс тіліндегі «гетероатом» термині қазақ тілінде де «гетероатом» болып қолданылады. Өкінішке қарай осындай аударылған терминдер көп кездеседі.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамыған кезінде адамдар Google Translate, Yandex Translate сияқты интернет-аудармашыларын жиі қолданады. Мысалы, онда «ароматические углеводороды» сөзін «хош иісті көмірсутектер» деп аударады. «Ароматты» сөзі алғашында бензол және оның туындыларының иісті заттар құрамында кездесетініне байланысты аталған. Бірақ бензол қатарындағы қосылыстардың иістерінің барлығы да жағымды, хош иісті емес. Бұл атау сол алғашқы шығу тегіне байланысты сақталып қалған.

Алайда бүгінгі күні ароматты қосылыстар иісіне қарай сипатталмайды. Себебі бензол сақинасы жоқ кейбір қосылыстар да бензолға тән қасиетке ие. Олардың ароматтылық қасиеттері белгілі бір ережеге сай сипатталады. Сондықтан «ароматты көмірсутек» терминін аудармай, бастапқы түрінде қалдырған жөн.

Сондай-ақ «реакция восстановления» термині «қалпына келтіру реакциясы» деп аударылады. Шындығында, ол – тотықсыздандыру реакциясы.

Химия терминдерін қазақ тіліне аудару барысында туындайтын негізгі қиындықтар мыналар:

1) тілдік сәйкестік; химияда көптеген халықаралық терминдер бар. Мысалы: «ацетон», «сульфат», «нитрат» және т.б. Осыған ұқсас терминдерді қазақшаға аудару қиынға соғады, себебі олардың түпнұсқадағы мағынасы көптеген тілдерде бірдей қолданылады.

2) техникалық дәлдік; әр терминнің мағынасы нақты және өзгеріссіз қалуы керек. Қате аударылған терминдер ғылымның мәнін бұрмалайды;

3) танымалдылық пен қабылдау; қазақ тіліне жаңадан енген аударма терминдерге халықтың және ғалымдардың бейімделуі ұзақ уақытты талап етеді. Кейбір терминдер ендігі қалыптасқан орысша және ағылшынша қолданыстармен тығыз байланысты, сондықтан оларды жаңа қазақша баламаларына ауыстыру қиынға түседі.

Жоғары оқу орындарында алғашында қазақ тілінде оқулықтар болмаған. Тек 1950-1964 жылдары қазақ тілінде тұрақты түрде химия оқу құралдары жазыла бастаған кезде химия терминдері сан жағынан көбейіп, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім беру сапасы арта бастады.

Біз бұл үрдісті қазақ химия терминологиясының қалыптасуының алғашқы

қадамдарымен байланыстырсақ, оның тамыры халық ауыз әдебиетіне және дәстүрлі дүниетанымға тереңдеп енгенін байқаймыз. Мысалы: «алтын», «күміс», «темір» сияқты қазіргі химияда кеңінен қолданылатын терминдер қазақ тұрмысында ертеден белгілі болған. Осы ұғымдар ұлттық дүниетанымда мыңдаған жылдар бойы сақталып, тұрмыстық қолданыс арқылы қазіргі ғылымға дейін жетті. «Қышқыл» ұғымын алатын болсақ, ол бұрынғы көшпенді өмірде ашытылған сусындарға байланысты қолданылып, дәміне байланысты аталған.

Қазіргі кезде химия терминдерін қазақ тіліне аудару үшін қолданылатын бірнеше тәсіл бар:

1. *қазақ тіліне калькалау*; көптеген терминдерді қазақшаға калькалау арқылы аудару аламыз. «*Hydrochloric acid*» - «*тұз қышқылы*».

2. *транслитерация*; кейбір халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеп жазу қажет. «*Атом*» және «*молекула*» терминдері біршама бейімделіп, қазақ тілінде кеңінен қолданылып жүр.

3. *жаңа сөздер жасау*; кей терминдерге мүлдем басқа балама сөздер ойлап табу керек. Ағылшын тіліндегі «*solution*» сөзін «*ерімінді*» деп аударғанымыздай, қазақ тілінің мүмкіндіктерін пайдаланып, ғылыми жаңа терминдер енгізуіміз керек.

Жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып химияны қазақ тілінде қиын әрі түсініксіз ғылымға айналдырмай, оны жатық түрде жеткізу үшін терминжасамға ерекше назар аудару қажет.

Тікелей сөзбе-сөз аудармалар немесе шетелдік терминдерді калька жасау арқылы енгізу қазақша ұғымды толық бере алмайды, бұл терминологияны қиындатып, ғылыми тілдің маңызын жоғалтып жібереді. Сондықтан термин мәселесі тек химия ғылымында ғана емес, барлық пәндерде сапалы, түсінікті және ғылыми тұрғыдан аударылғаны жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоқанбаев Ә.Қ. *Қазақша химиялық терминологияның даму кезеңдері*. // Сборник докладов VIII Международного Биримжановского съезда химии и химической технологии. - 2014.-С.63-65.

2. Ахметжанұлы А. *Қазақ тіліндегі химия пәні терминдерінің қалыптасуы және оның қазақ тілі заңдылықтарымен байланысы*. 2022.

3. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ лексикасының терминденуі*. Алматы -1998. -205 б.

4. Қайдар Ә. *Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас*. Алматы. //Рауан. -1993. -43 б.

5. Айтбайұлы Ө. *Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы*. Алматы. -1988.
6. Нұғыманов И.Н. *Проблемы терминологии в преподавании химии в казахской средней школе*. Диссертация кандидата педагогических наук. Алма-Ата. -1965.
7. *Қазақша-орысша терминологиялық сөздік «Химия»*. Алматы. //Рауан. -2000.
8. Бірімжанов Б.А., Омаров С.Т. *Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі*. - Алматы. //Ана тілі. -1969. - 396 б.
9. Нұрахметов Н., Шаяхметов Ш. *Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі*. Алматы. //Ана тілі. -1992. - 192 б.
10. Нухин А., Шәбікова Г., Оспанов Х., Сәтбаев Б. *Физикалық химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі*. Алматы. //Рауан. -1993. – 60 б.
11. Ибраева Л.С., А. Сапакова К. *Химия терминдерінің орысша-ағылшын-қазақша және ағылшын-орысша қазақша сөздігі*. Семей. -2010. -148 б.
12. *Қазақстан республикасының жаңа заңдары*. //Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің редакциялар баспа бөлімі. Алматы. -1992. -48 б.
13. *termincom.kz*.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Асел ПСИБАЕВА*

Аңдатпа

Мақалада қазақ терминологиясын дамытудың жолдары мен бағыттары сөз болады. Қазақ терминология жүйесін дамыту негізінде шеттілдік терминдердің игерілу жайы жан-жақты сараланады. Термин қалыптастыру тарихынан бастап, терминжасам және оның түрлері, құрылымы, лексикалық қабаттар және жеке салалық терминдердің зерттелуі қарастырылады.

Түйін сөздер: термин, ғылым, терминология, терминжасам, тәсіл, әдеби тіл.

Abstract

The article will consider the ways and directions of development of Kazakh terminology. Based on the development of the Kazakh terminological system, the development of foreign language terms is comprehensively analyzed. Since the history of the formation of the term, term formation and its types, structure, lexical layers and the study of terms of a separate sphere have been touched upon.

Keywords: term, science, terminology, term formation, approach, literary language.

Тіл білімінің басқа салалары сияқты, терминология да қазіргі кезде қарқынды даму үстінде. Алғашында лексикологияның бір саласы ретінде қарастырылып келген терминология қазіргі уақытта өзінше үлкен бағытқа айналып, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасып, өзіндік талаптар мен бай тілдік қорға ие сала болды.

Терминология – сана мен ақыл-ойдың астасып, ғылыми ойлау жүйесінің дамуының нәтижесі. Қазіргі таңда ұлт тілінде терминдер жүйесін қалыптастыру белсенді жүріп жатқанын байқаймыз. Көптеген терминдер қазақ тіліне тәржімаланып, қолданысқа еніп жатыр. Бұл – қазақ тілінің ғылым салаларындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Егер қандай да бір ұлттың немесе халықтың тілі қоғамдық өмірдің белгілі бір ғылым саласында қызмет атқара алмаса, бұл үшін тілді жазғыру үлкен қателік болады. Сондықтан мемлекеттік мәртебеге ие ана тілін терминологияда ұтымды пайдаланып, бәсекеге қабілетті жаһандану дәуірінде ғылым мен техниканың сөйлеу тілі бола білу – біздің міндетіміз.

* Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тіл білімінде терминология саласының ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ә.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Қазақ терминологиясы ғылымының тұтас тарихы, терминдік жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелері академик Ә. Айтбайұлының ғылыми еңбектерінде жан-жақты сараланған.

Қазақ терминологиясы бойынша зерттеу жұмыстарын шартты түрде төрт топқа бөлуге болады: дәстүрлі зерттеулер, қолданбалы сипаттағы зерттеу жұмыстары, танымдық терминология және терминография мәселелері. Бұл топтардың барлығы дәстүрлі терминологиялық зерттеулерге негізделіп, олардан бастау алады. Дәстүрлі көзқарастардың негізінде басқалары туындап, қазіргі кезде терминология саласының ауқымын кеңейте түсті. Оған термин қалыптастыру тарихы, терминжасам және оның түрлері, құрылымы, лексикалық қабаттар және жеке сала терминдерінің зерттелуі жатады.

Термин жасаудың негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа да Алаш зиялыларының көзқарастары Тәуелсіздік жылдарында жаңаша сараланып, қазіргі терминологияға қосқан үлесі қайта жүйеленді. Отызыншы жылдардың орта шенінде Қ. Жұбанов негіз еткен термин қалыптастыру қағидалары бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарастырылды. Қазақ сөзінің термин ретіндегі қолданысы күшейген сайын зерттеулер де қарқын алып, жандана түсті.

Ә. Қайдар, Ә. Айтбаев, А. Абдрахманов, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Ш. Біләл, С. Ақаев, Қ. Айдархан және басқа да көптеген зерттеушілер қазақ терминологиясын әр қырынан сипаттады. Бұл авторлардың жұмыстарын қазақ терминологиясын ғылыми сала ретінде алға жылжитқан, ілгері дамытқан және өзіндік бет-бейнесін айқындаған зерттеулер қатарына қосуға болады. Бұрынғы кеңестік кезеңде терминология бойынша орыс тіліндегі теорияны пайдаланып келгеніміз шындық. Алайда осы жұмыстардан кейін төл ұстанымдар пайда бола бастады және бүгінгі күні олар ерекше қарқынмен жанданып отыр.

Терминдердің дамуына БАҚ-тың рөлі ерекше. БАҚ – жаңа терминдердің ең басты насихаттаушысы. Терминдердің баспасөз бетінде жарияланып тұруы, әсіресе, өзгерістер көп болып жатқан қазіргі кезеңде аса қажет. Баспасөз жаңа терминдерді көпшілікке таныстырады және таныстырып қана қоймай, олардың пайда болуындағы, қалыптасуындағы, жасалуындағы ерекшеліктерді де көрсетеді. Бұл жұмыстардың барлығы жұртшылықтың термин жайындағы танымын, ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Ал

мұндай жұмыстардың қажеттілігі сөзсіз, өйткені көпшілік арасындағы әртүрлі мазмұндағы сауалдарға жауап бере алатындай болуымыз қажет.

Терминологиялық сөздіктер де өз кезегінде аса қажет және олар терминография саласының құрамында маңызды орын алады. Бүгінгі күні қазақ тілінде отыз бір томдық терминологиялық сөздіктің жарыққа шыққаны және оларды өңдеп, толықтырып қайта шығару ісі де қолға алынып жатқаны белгілі. Жеке авторлардың бастамасымен жарық көрген сала сөздіктері аз емес. Қазіргі кезде осы тәріздес сөздіктерге теориялық тұрғыдан бағыт болатын, өлшемдері мен қағидаларын белгілеп беретін, сондай-ақ сөздік түзудің қырсырын зерттейтін еңбектер өте қажет. Сондықтан бұл бағыттың болашақтағы бағдары жоғары деп санаймыз.

Терминологияны танымдық тұрғыдан зерттеу жаңа басталған бағыт болып табылады және бұл, біздің ойымызша, қазақ терминологиясының ең өзекті әрі болашағы зор ғылыми саласы болып табылады. Осы орайда «танымдық» деген сөзді терминнің табиғатын терең түсіну үшін, оның таным нәтижесі екендігін айқындау үшін қолдану қажет. Ғылымның өзі – таным, яғни қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды ғылыми тұрғыдан тану болып табылатыны белгілі. Осы орайда терминнің рөлі қандай екендігін түсіну маңызды. Термин – адамның ғылымдағы іс-әрекеті мен ойының көпірі іспеттес. Терминнің қызметі мен теориялық жай-жапсарын терең танып-білу – қазіргі терминологиядағы басты міндеттердің бірі.

Қазақ терминологиясын дамыту үшін төмендегі басты қағидаларға баса назар аударған жөн:

- термин деген – жалпыға ортақ тұтынымдық сипатқа ие ғылыми нысан;
- дамыту жолы ретінде мемлекеттік тілді дамыту салаларына қойылатын жоғары талап;
- қазақ терминология жүйесі нормасына сай нормативтік акт;
- әртүрлі ғылым салаларына сай неологемдік сұраныс пен технологиялық мүддесі бір алгоритмдік ұжымды қалыптастыру қажет.

Ө. Айтбайұлы «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясында ана тіліміздің терминология жүйесіне тоқталып, былай дейді: *«Қазақ терминологиясының жасалуына ең басты екі арна, екі көз себеп болды. Оның бірі – ұлттық тіліміздің өз сөз байлығы, ал екіншісі – әрқилы тілдік амалдар қолдану нәтижесінде қабылданған кірме сөздер...»* [2, 200].

Жаңадан сөз түзу, термин жасау барысында терминжасамның барлық тәсілдерінің бірдей өнімді болмайтындығы белгілі. Бұрыннан қалыптасқан ұғымдар мен атаулардың жасалу жолдарынан, әдіс-тәсілдерінен үлгі алып, терминді мейлінше табиғи түрде қалыптастыруға назар аудару керек.

А. Байтұрсынұлы мен Ә. Қайдардың ұсынған қағидаттарының бірі – термин шығармаушылығында туысқан түркі тілдес халықтардың озық тәжірибелерін пайдалану. Бұл жөнінде Ш. Құрманбайұлының: «Түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын көрсететін негіз жеткілікті», – деген тұжырымы орынды деп санаймыз [3, 78]. Түркі тілдес және басқа тілдердегі терминологиялық сөздіктердің құрылымына сүйене отырып, қазақ тілінің өзіндік терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байытып, тәжірибелік тұрғыдан дамуын айтуымыз қажет.

Қазіргі қазақ тілінде терминдер жасауда әдіс-тәсілдер өте маңызды рөл атқарады. Терминжасам жүйесінде негізгі амал-тәсілдердің барлығы қамтылған. Салалық терминжасам қалыптасқан қағиданы дәлелдейді: әдеби тілдегі сөзжасамының әдіс-тәсілдерінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ, яғни ерекше бір қалыптасқан әдіс-тәсілдер байқалмайды. Салалық терминжасамның негізгі әдіс-тәсілдерін мыналар құрайды:

1. морфологиялық тәсіл;

а) жұрнақ арқылы: маңдайша, сөреше, суреттеме, қорықша, жолшық т.б.;

ә) біріккен сөздер: қазмойын, сұрбейне, желбау, желкөз, жертөле, кеметұрақ және т.б.

2. семантикалық тәсіл;

а) уәжділікті (терминологиялық жүйедегі жалпықолданыстық сөздің термин ретінде қолданылуы);

ә) метафора мен метонимия: тарақ, бүйір, құн, бәйге, т.б.

3. синтаксистік тәсіл; бұл тәсіл әртүрлі сөз таптарының тіркесімділігі арқылы жасалады: *белсенді қорлар, белсенді күштер, белсенді тұнба* т.б. [4, 98].

Шерубай Құрманбайұлы: «Біз кейінгі 15-20 жылда жасалған жүздеген жаңа терминді жинақтап, саралау барысында байқағанымыз, бұрын орыс тіліндегі қалпында қолданылатын көптеген кірме терминдердің бір сыңары, яғни жартылай аударылған, негізінен латын-грек терминбөліктерінен тұратын будан (гибрид) терминдердің көптеп пайда болып жатқандығы. Мысалы: *авиатасымал, автоұшқыш, бейнекамера, бейнефильм, биоотын, геосаясат, дендробақ, киберқылмыскер, киноүлдір, қалтафон, метатіл, микроағза, мотоатқыштар, радиожиілік, субқоржын, ультрадыбысты, фотоайғақ, экожүйе, этносаясат* т.б. терминдер осы қатарға жатады» [5, 901], - дейді. Қазақ терминологиясының түзілуі мен қалыптасуына себеп болған факторлардың бірі жазу мәселесі болса, қоғамдық өмірдегі өзгерістер терминологиялық жүйенің дамуына тікелей байланысты болғаны жұмыста бағамдалады. Н. Сауранбаевтың «Қазақ әдеби тілі және оның терминологиясын

жасау туралы» мақаласында терминология мәселелері кеңінен қарастырылды. Жаңа терминдер жасап, тіл байлығын арттыра беру жөнінде, оларды бір ізге түсірудегі және қолдану жайындағы ұсынылған принциптер орнықты.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңдерінде – еліміз егемендік алып, бүкіл халқымызды мәдениетті, білімді ету мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұрынғыдан гөрі түпкілікті ету, әрі халық арасында батыл түрде баянды етіп сіңіру мәселесінің өте зор маңызы бар. Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де арта түсетіні белгілі. Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдері құрамында да көптеген өзгерістер болды: бұрынғы терминдер құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, қолданыстан шығып қалды, оның орнына жаңа замандағы жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болды (болыс, би, қазы, ұлық т.б.). Осы сияқты көне атаулар архаизмге айналып, кеңес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды.

Қазақ терминология жүйесін дамыту негізінде шетелдік терминдердің игерілу жайы да маңызды рөл атқаратыны анық. Өзге тілдер ішінде француз, ағылшын немесе орыс тілінен сөз қабылдағанда, шетелдік сөздер осы тілдердің фонетикалық және грамматикалық заңдылықтарына бағындырылып енгізіледі. Ал қазақ терминология жүйесіне шетелдік сөздер түпнұсқадан емес, орыс тілі арқылы қабылданады да, енді оларды қазақ тілінің табиғатына орай таңбаласақ немесе айтсақ, құлағымызға түрпідей естілетіні жасырын емес. Тіліміздің артикуляциясы шетелдік сөздерді түпнұсқа тілінде айтуға әбден бейімделіп, жетілген, оны қайта қазақшаға икемдеп айту мен жазудың қажеттігі жоқ деген пікірлер де бар. Енді бірі барлық шетелдік терминдерге балама таба алмайтынымызды айтады, қазіргі жаңа технологиялар тасқынымен келіп жатқан жаңа терминдер көбейген сайын, тіліміздің сол тасқынға жұтылып кету қаупі бар деген пікірді ұстанады. Екіұдайлы пікірлер сайысында қазақ терминологиясының болашағы мен даму жолында дұрыс пікірді қалыптастыру және соған сай әрекет ету маңызды болып саналады. Ендеше ана тіліміздің шетелдік терминдер жүйесіне бейімділігін алға тартпай, шетелдік терминдердің ана тіліміздегі лексика-грамматикалық игерілуі мен аудару тәсілдері, заманауи технологиялар саласындағы семантикалық мағынасы мен ерекшеліктері, кірме лексиканың қалыптасуы мен қоғамдағы қолданысы мәселелеріне аса мән берген дұрыс. Терминдердің негізгі басым бөлігі белгілі бір ұлт негізінде жасалған сөздер екенін ескерсек, бүкіл терминологияны жасанды таңбалар жиынтығы деп, оны тілден мүлде бөліп қарастырудың реті

жоқ. Ал алдыңғы екі көзқарасты жақтаушылардың да өзіндік деректері мен дәлелдері бар. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдарға дейін тек «терминология — әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі» деген пікір ғана орын алып келген болатын. Екінші көзқарасқа назар аударушы зерттеушілер бізде соңғы кездері ғана пайда болды. Жалпы, терминологияның әдеби тілге қатысы туралы мәселе әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ұлттық терминология саласында қол жеткен нәтижелер мен орын алған кемшіліктерді талдай отырып, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының қазіргі кезеңіндегі негізгі мақсаттар мен міндеттерін басшылыққа ала отырып, оны дамытудың қағидаттары мен бағыттарын белгілеу қажет. Осыған байланысты еліміздегі демократиялық өзгерістерге сәйкес келетін терминология саласындағы жұмыстарды одан әрі дамыту, жүйелеу және үйлестіру мақсатында еліміздегі терминологиялық жұмыстың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту арқылы әлемдік ғылымның жетістіктерін бейнелейтін терминдерімізді тіліміздің заңдылықтарына сай қалыптастырып, ғылым мен арнаулы салалардағы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін ұлттық терминқорды қалыптастыруға ұмтылу — бұл жасампаз ұлт болуға апарар дұрыс бағыт деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988;
2. Құрманбайұлы Ш. Салалық терминологияны қалыптастыруда орын алып жүрген кемшіліктер // Салалық терминология: бүгіні мен болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. – Астана, 2003. – 140 б.
3. Мамаева Г.Б. Сөзжасам, терминжасам тәсілдері, олардың байланысы. – Астана, 2017. – 5 с.
4. Қайдар Ә. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» Алматы «Рауан» 1993 ж.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018. – 240 бет.

МАЗМҰНЫ

РЕСМИЕТ

Республикалық терминология комиссиясының жаратылыстану-математика бағыты бойынша 2024 жылғы 27 маусымдағы отырысында бекітілген терминдер.....	3
Республикалық терминология комиссиясының 2024 жылғы 13 қыркүйектегі отырысында бекітілген терминдер.....	13
Республикалық терминология комиссиясының 2024 жылғы 23 қазандағы отырысында бекітілген терминдер.....	20
Республикалық терминология комиссиясының 2024 жылғы 2-3 желтоқсандағы отырысында бекітілген терминдер.....	46

ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

<i>Қабай Қ.</i> «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.....	85
<i>Галимова О.</i> ХХІ ғасырдағы татар тілі терминологиясының дамуы.....	87
<i>Йылдыз Х.</i> Көне түркі терминологиясындағы кірме терминдерге қатысты ұстаным және қазіргі түркі жазба тілдеріндегі жағдай.....	102
<i>Өзтүрк А.</i> Тарихи қыпшақ мәтіндерінен қазақ тіліне терминдік ұсыныстар.....	114

ҒЫЛЫМ ТІЛІ

<i>Жұбай О., Жылысбаева М. Қ.</i> Сәтбаевтың термин жасаудағы ұстанымдары.....	129
<i>Байменше С.</i> Сөздік құрамды сөйлету.....	144

ТАЛДАУ

<i>Айдарбек Қ., Жонкешов Б.</i> Бекітілген терминдерге сараптама жүргізу нәтжиесі.....	149
<i>Солтанаева Е. Х.</i> Досмұхамедұлының аудармаларындағы жаратылыстану терминдері.....	156

ЗЕРТТЕУ

<i>Құлманов С., Қордабай Б., Ескендір Ж.</i> Қазақ тіліндегі гибрид терминдердің генеалогиялық және грамматикалық (құрылымдық) сипаты.....	164
--	-----

<i>Ахмет А.</i> Эндогенді және экзогенді будан терминдер.....	174
Бажықова К., Сыдықбаев Ж. Химия саласындағы ғылыми терминдерді аудару мәселесі.....	180
<i>Псибаева А.</i> Қазақ терминология жүйесін дамыту жолдары.....	186

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі сақталады.
Мақаланың мазмұндық жауапкершілігі
мақала авторларына жүктеледі.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә. Қаб**
Жауапты редактор **Қ. Қабай**
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған
С. Баубек

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 10.12.2024 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 17.12.2023 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 15.76